

● ПРЕЗИДЕНТ

БІРҚАТАР КЕЗДЕСУЛЕР ӨТКІЗДІ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Вьетнам Премьер-министрі Нгуен Тан Зунгпен кездесті.

Кездесу барысында сауда-экономика, инвестиция, отын-энергетика салаларын қоса қамтитын бірқатар бағытта екі ел ынтымақтастығын нығайту мәселелері талқыланды.

Вьетнам Премьер-министрі ел үкіметі мен халқының атынан Нұрсұлтан Назарбаевты Қазақстан халқының Президенттік сайлауда көрсеткен сенімімен құттықтады.

Нұрсұлтан Назарбаев Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы Дмитрий Медведевпен кездесті.

Кездесуде Қазақстан-Ресей қарым-қатынастарының негізгі бағыттары кең ауқымды ынтымақтастық аясында қарастырылды. Сондай-ақ халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер де қозғалды.

Қазақстан Президенті Еуразиялық экономикалық одақтың жұмыс істей бастағанына, оған зор үміт артылып отырғанына назар аударды.

– Тауар айналымы төмендеуінің өзіндік себептері бар. Бұл ретте еркін сауданы дамыту, капиталдар мен еңбек ресурстарының кедергісіз қозғалысын қамтамасыз ету, өзара инвестициялар, бірлескен кәсіпорындар құру сияқты негізгі бағыттар бойынша жұмыстар жалғасуда. Осының бәрі уақытында жемісін беретініне сенімдімін. Мемлекетаралық және үкіметаралық сипаттағы қалған мәселелердің бәрі тұрақты байланыстар аясында шешімін табады, – деді Мемлекет басшысы.

Ресей Үкіметінің төрағасы екі елдің мақсаттары Еуразиялық экономикалық одақты дамытумен байланысты екеніне тоқталды. Қазақстанда қолға алынған бес институционалдық реформа мақсатының өршілдігі мен үйлесімділігіне назар аударып, оны жүзеге асыру ісіне табыс тіледі.

Елбасы ТМД-ға мүше мемлекеттер делегацияларының басшыларымен кездесті.

Делегациялар басшылары Қазақстанға ТМД Үкімет басшылары кеңесі мен Еуразиялық үкіметаралық кеңестің отырыстарына қатысу үшін келді. Кездесу барысында елдердің қаржы-экономика, көлік-транзит, отын-энергетика салаларындағы өзара ықпалдастығының негізгі аспектілері талқыланды.

Мемлекет басшысы қазіргі жағдайда Қазақстан орнықты дамуды сақтау үшін әсіресе инфрақұрылымды жаңғырту саласында қажетті шараның бәрін қабылдап жатқанын атап өтті.

● СҮЙІНШІ!

ҚЫЗЫЛОРДАДАН МӘСКЕУГЕ ТІКЕЛЕЙ ҰШАМЫЗ



Қызылорда мен Мәскеу арасы жақындады. Бейсенбі күні «Қорқыт Ата» халықаралық әуежайында «Қызылорда – Мәскеу» бағытындағы жана тұрақты әуе рейсі ашылды. Осыған орай ұйымдастырылған шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен «Трансаэро» әуе компаниясының бас өкілі Владимир Кушниренко қатысты. Алғашқы жолаушыларды күтіп алу салтанатында аймақ басшысы әуе тасымалындағы ақжолтай жаңалыққа орай лебізін білдірді.

– Бүгінде өңірімізде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық тас жолының және «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының құрылысы аяқталды. Сонымен қатар Сыр елінің әуе қақпасында жаңа жолаушылар терминалының құрылысы қарқынды түрде жүруде. Жаңадан бой көтеретін терминал бүгінгіден 3,5 есеге көлемді. Бұл – өңіріміздің инвестициялық жағдайын арттыруға үлкен септігін тигізетін жоба болып саналады. Қазіргі кезде облыста 70-ке жуық Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорындары бар. Сонымен қатар, мектеп бітірген түлектеріміз Ресейдің белгілі оқу орындарында білім алуға. Сол себепті, бүгінгі Мәскеу бағытындағы ашылған рейс тұрғындар үшін қуанышты жайт болып

отыр, – деді Қырымбек Елеуұлы.

Қызылорда мен Мәскеу арасындағы әуе рейсі аптасына 3 рет қатынайды. Мухаббат Бакирова Мәскеуден Қызылордаға алғашқылардың бірі болып ұшып келгенін жеткізді.

– Бұл біз үшін тиімді. Қаншама уақытымыз үнемделеді. Жолақасы да қалта көтереді. Пойызбен шықсақ бірнеше күн жүруге тура келеді. Сондықтан бұл жаңалықты естіп қатты қуандым. Алдағы уақытта осындай шет елдермен әуе қатынасы орнаса құба-құп болар еді, – деді. Ал «Трансаэро» әуе компаниясының бас өкілі В.Кушниренко екі ел арасындағы жолаушылар үшін барлық жағдайды жасайтындықтарын жеткізді.

Қызылорда қаласындағы «Қорқыт

Ата» әуежайы халықаралық мәртебе алғаннан кейін біршама сырт елдермен әуе қатынасын орнатуды қолға алды. Қазіргі таңда әуежайда апта сайын Астана, Алматы және Қарағанды қалаларына сағатына 150 жолаушыны тасымалдайтын 24 рейс орындалып жатыр.

Сондай-ақ, осы жылдың аяғына дейін Стамбул, Бейжің қалаларына тұрақты рейстер ашу жоспарланып отыр. Бұдан бөлек Үрімжі, Дубай бағыттары бойынша әуе кемесін ұшыруға қызығушылық танытқан турагенттіктер бар. Бір айта кетерлігі, келер жылы әуежай аумағында сағатына 250 жолаушыны өткізу мүмкіндігіне ие жана терминал құрылысы аяқталатын болады.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

● ӨҢІР ӨНДІРІСІ

ЕКІ БІРДЕЙ ЗАУЫТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Бейсенбі күні Қызылордада тәулігіне 80 тонна құрама жем өндіретін және 150 тонна күріш салысын өндейтін өндіріс орны ашылды. Осыған орай ұйымдастырылған шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен Ауыл шаруашылығы министрлігінің жауапты хатшысы Арман Евниев қатысып, зауытты салтанатты түрде іске қосты.

Жаңа кәсіпорында шикізат және дайын өнімдер сақтайтын қоймалар, автотаразы мен зертхана, қалталау цехы, ұн тарту диірмені мен макарон шығару өндірістері бар. Аталған өндірістерден шығатын дәмді дақыл қалдықтарын құрама жем шығаруға пайдаланады. Зауыт Германиядан әкелінген заманауи қондырғылармен жабдықталған.



Аймақ басшысы жаңа зауыттың ашылуымен құттықтап, ауыл шаруашылығы саласындағы жетістіктерге тоқталды.

– Соңғы екі жылда Сыр елінің ауыл шаруашылығына тартылған қаражат мөлшері 7,7 есеге өсті. Біздің диқандар екі жыл қатарынан бұрын-соңды болмаған рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізіп, күріштің мол өнімін жинады. Бүгінде Сыр маржанының экспорттық әлеуетін арттыруға барлық жағдай жасалуда. Егін шаруашылығын әртараптандыру үшін өзге де өнімдерді субсидия-

лауды қолға алдық. 15 мың гектар жерге тамшылатып суару тәсілімен жүгері мен қызанақ егіп, оларды өңдеп экспортқа шығару үшін крахмал, томат сығындысы мен шырын өндіру зауыттарын салуға кірістік. Мал шаруашылығына келетін болсақ, биыл біз буферлік аймақтан шығып, өзімізді де етпен қамтамасыз етіп, оны сыртқа да шығаруға жол аштық. Осыған орай Жаңақорғанда 7 мың тонна ет өнімдерін өндейтін кәсіпорын құрылысын бастап жатырмыз. Осының бәрі өңдеу өнеркәсібінің өсуіне зор мүмкіндік береді, – деді облыс әкімі.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің жауапты хатшысы А.Евниев Қызылорда облысында мемлекеттік бағдарламалар аясында ауқымды жобалар жүзеге асырылып жатқанын айта келіп, жаңа зауыттың іске қосылуымен құттықтады.



– Бүгін Қызылордада “Агробизнес-2020” бағдарламасы аясында екі бірдей зауыттың іске қосылуына куә болдық. Бір зауытта – 60, екінші зауытта 50 жана жұмыс орны ашылып отыр. Бұл өнеркәсіп орындары аймақтың экономикалық дамуына өз үлесін қосады деп сенемін. Жобаның мақсаты – төрт түлік малды сапалы жеммен қамтамасыз ету және баға тұрақтылығын сақтау. Алда ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыру керек, – деді ол.

Айта кету керек, қазіргі таңда облыстың ауыл шаруашылығы саласында құрама жем өндіретін бірде-бір кәсіпорын жоқ. Жыл сайын облыс көлемінде мал басының көбеюі өз кезегінде құрама жем зауытының қажеттілігін арттыруда. Жем шығаруға қажетті шикізаттар қатарында күріш, бидай, жүгері, сафлор, күнбағыс дақылдары бар. Демек, алдағы уақытта ірі қара мал өсіруші шаруашылықтар сапалы және құнарлы жемді алыстан тасымалдап, әуреленбейтін болады. Зауыт өнімі аймақта тек қана мал шаруашылығы емес, сонымен қатар құс, балық өсіретін шаруашылықтардың дамуына да ықпал етеді. Кәсіпорын басшысы Бақдәулет Мақашев бұл жұмыстардың әрі қарай жалғасатынын айта келе, келешекте ұн шығару зауытын және макарон фабрикасын іске қосуды жоспарлап отырғанын жеткізді. Қазіргі таңда олардың барлық ғимараттары салынулы тұр. Алдағы уақытта мемлекеттік-жеке меншік серіктестік негізінде ашылып жатқан зауыттарда 250-ге жуық адам жұмыс жасайтын болады.

Дәурен ОМАРОВ.

● КЕҢЕС

ӨНДІРІСТІК АЛАҢДАР БОС ТҰРМАУЫ ТИІС

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы кәсіпкерлер кеңесінің кезекті отырысы өтті. Кеңестің күн тәртібінде Арал, Қазалы, Жалағаш және Шиелі аудандарында құрылған индустриалдық аймақтарда инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселесі қаралды. Жиынға барлық аудан және тиісті басқарма басшылары қатысты.

Басқосуды ашқан аймақ басшысы Қ.Көшербаев кәсіпкерлікті қолдау мемлекетіміздің экономикалық саясатының басым бағыты екендігін, Елбасының Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында кәсіпкерлік саласы ұлттық экономикамыздың қозғаушы күші ретінде анықталғанын айтып өтті. Мұнан соң кезек хабарламашыларға берілді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша алдымен облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов хабарлама жасады. Нақты кезеңде Қызылорда қаласы мен жоғарыда аталған 4 аудан-да осыдан бірнеше жыл бұрын басталған индустриалдық аймақтың құрылысы аяқталып, қолданысқа берілді. Алай-да, аудандарда олар толыққанды жұмыс бастап кете алмай отыр. Мұндай жағдайда ішкі жалпы өнімдегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесін 40-45 пайызға жеткізу күрделене түседі. Хабарламашы «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде аймақтарға қажетті инфрақұрылым жүйелері жеткізіліп берілгенін, дегенмен, осы өндірістік аймақтардан жер телімін алған кәсіпкерлер жұмыстарын жүргізе алмай отырғанын атап өтті. Мұнан соң Арал, Қазалы, Жалағаш және Шиелі аудандарының әкімдері хабарлама жа-сап, индустриалдық аймақтарда атқарылып жатқан жұмыс жай-лы айтып берді. Мәселен, Арал қаласында өндірістік алаңның 63 пайызы бос тұр. Құс фабрикасы жобасы үшін жер телімін алған компания бір жылдан бері жұмысын бастамаған. Облыс әкімі Қ.Көшербаев аудан басшысы А.Мұхимовқа шұғыл арада жер телімін қайтарып алуды тапсырды. Ал, Қазалы ауданының әкімі Бақыт Жаханов 12 жобаның 3-і жүзеге асқанын, тағы 6 жобаға жер телімі берілгенін, олардың бірқатары биыл іске қосылатынын жеткізді. Жобаларды жүзеге асыруда Жалағаш ауданы алда тұр. Мұндағы өндірістік аймақта 651 млн теңгенің жо-балары жүзеге асырылмақшы. Қазір ауданда 4-і іске қосылған, тағы 6 жоба жыл соңына дейін қосылып, 60 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Ал Шиелі ауданындағы өндірістік аймақтың 78 пайызы игерілмей тұр.

Басқосуды қорытқан аймақ басшысы Қ.Көшербаев аудан әкімдеріне аймақтан жер алып, жобасын бастамағандардан жер телімін қайтарып алуды және барлық мүмкіндік жасалған өндірістік аймақтарға өзге аймақтардан, тіпті шет елдерден ин-весторлар тартуды жүктеді.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

● АУЫЛ-АЙМАҚ


ӘРЕКЕТ ЕТКЕНГЕ БЕРЕКЕ КІРЕР

Сыр елі тіршілігінің тірегі – ауыл шаруашылығы саласы. Көктемнің бір күнін жылға азық еткен Жалағаш ауданы Аққұм елді мекенінің дикандары бүгінде дақыл егу жұмыстарын аяқтады.

Тірлігі толайым, шаруасы мығым «Бақдәулет» шаруа қожалығының құрылғанына көп бола қойған жоқ. Айналасы үш жылдың ішінде барлық құрылымдау саласын жолға қойған қожалық төрағасы Серік Шуақбаев үлесіндегі жер телімдерін түгелдей игеріп, жалпы 750 гектар жерге күріш пен бидай және жоңышқа егеді. Қожалық бүгінде асыл тұқымды жылқы басын көбейтуге де назар аударып отыр. Егін салып әрі мал шаруашылығын дөңгелентіп отырған ұжымда 70-ке жуық жергілікті тұрғын жұмыс істейді.

Әлбетте мемлекет те істің көзін, заманның лебін білетіндерге үнемі қолдау танытып келеді. Үкімет тарапынан жасалып жатқан түрлі қолдауларды тиімді пайдалана білген төраға былтыр «Сыбаға» бағдарламасы арқылы Батыс Қазақстан облысынан 62 бас қазақтың ақбас тұқымды сиырын сатып алған. Енді оны көбейтіп, мал шаруашылығын да өркендетпек ойы бар. Сондай-ақ өз қаражатына жаңа техникалар мен асыл тұқымды онға жуық жылқы сатып алған, ағылшын-араб қанды сөйгүліктерді баптап, жаратып дүбірлі додалардың көрігін қыздыруды көздеп отыр.

Қазақтың жаны әлбетте ауыл екені мәлім.



● ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

БАҚ ӨКІЛДЕРІ БАС ҚОСТЫ

Қорқыт Ата атындағы Студенттер сарайында облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен «дөңгелек үстел» болып өтті. Өңірдегі басылымдардың бас редакторла-ры мен аталмыш саланың ардагерлері, жас тілшілер мен жур-налистика мамандығын алып жатқан студенттер қатысқан ша-рада саладағы өзекті деп танылған мәселелер талқыға салын-ды. Шараны облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Айдын Қайруллаев жүргізіп, аймақтағы БАҚ жайында бірқатар мәліметтерге тоқталды.

Оның айтуынша, бүгінде өңірімізде 90 бұқаралық ақпарат құралы тіркелген. Оның 50 пайызы қазақ тілінде болса, 10 пайызы орыс тілінде жарыққа шығады. Ал, 40 пайызы аралас болып келеді. Сондай-ақ, тақырыптық бағыттарына жасалған талдау бойынша 26,7 пайызы қоғамдық-саяси, 25,6 пайызы ақпараттық және ақпараттық-танымдық, 47,7 пайызы өзге де тақырыптарды жазатындардың қатарында көрінеді.

Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүзеге асыру-да аймақтық және республикалық басылымдарға жыл сай-ын бөлінетін қаржының көбейтілуі облыстың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіші бойынша оң имиджін қалыптастыруға үлкен септігін тигізіп отыр. Оның бірден-бір дәлелі ретінде мемлекеттік тапсырыс аясын кеңейту мақсатында биыл 638 млн теңге қаржы бөлінуде. БАҚ-қа бөлінетін қаржы жағынан облысымыз Астана мен Алматы-дан кейінгі үштікке еніп отыр,-деді А.Қайруллаев.

● БРИФИНГ

БОЛАШАҚҚА ШЫНАЙЫ ҚАМҚОРЛЫҚ

Кеше “Сыр медиа” ЖШС жанындағы Қызылорда облыс-тық телекоммуникациялар орталығында өткен брифингте облыстық білім басқармасының балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік қорғау бөлімінің бас маманы Шолпан Жүнісова БАҚ өкілдеріне Халықаралық ба-лаларды қорғау күніне орай жүргізілген жұмыстар мен алдағы атқарылатын істер жай-ында кеңінен әңгімеледі.

– Елімізде биылғы жылдың 20 мамыры мен 20 маусымына дейін “Қазақстан балалары – Нұрлы жол-мен!” акциясы ұйымдастырылады, – деді ол. – Мәселен, Сыр өңірінің да-рынды және шығармашыл бала-ларын қолдау мақсатында “Табысты болу құқығы” тақырыптық бөлімі бой-

ынша 1 маусым күні халықаралық, республикалық, Президенттік олимпиа-далар мен ғылыми жоба байқауларының 93 жүлдегері мен қатысушысы об-лыс әкімінің қабылдауында болады. Ал “Бала мен отбасы” бөлімі бойын-ша сол күні жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған отбасылық үлгідегі “Бала-лар ауылын” ашу жоспарлануда. Соны-мен қатар осы акция шеңберінде Білім министрлігінің тапсырмасымен 1-12 ма-усым аралығында “Бала еңбегін қанауға қарсы күрес” ұлттық ақпараттық науқаны ұйымдастырылады.

Брифингте сөз алған Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Жандос Базартай Халықаралық балалар күнінде қала бойынша атқарылатын мерекелік шараларға, балдырғандарға жасалатын қамқорлық, көрсетілер көмек түрлеріне тоқталды. Атап өтерлігі, қала әкімдігіне

қарасты 28 мектеп пен барлық үй ау-лаларында балалар арасында түрлі спорт сайыстары өткізіліп, күндізгі ла-герлер өз жұмысын бастайды. Ал облыстық еңбек қатынастарын бақылау бөлімінің бас маманы Абылайхан Сар-жанов бала еңбегін пайдалану, олардың құқықтарын қорғау жолдары жайында әңгімеледі.

Бар жақсыны балаға ұсынатын салттымыз биыл да жарасымды жалғасатыны хақ. Балалардың жазғы де-малысын қызықты әрі мазмұнды өткізу мақсатында аймақта түрлі шаралар жо-спарлануда. Бір ғана жоғарыда аталған акцияға облыс бойынша 150 мыңнан астам бала қатыстырылады. Оларға көрсетілетін қызметтер жергілікті бюд-жеттен және демеушілердің есебінен бөлінген қаржы есебінен жүзеге асыры-лады.

Жұмагүл БАЛАБАЙҚЫЗЫ.

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ 1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІНЕ ОРАЙ ӨТКІЗІЛЕТІН ІС-ШАРАЛАР

«Қазақстан балалары – нұрлы жолмен!» тақырыбында мерекелік бағдарлама – 2015 жылғы 1 маусымдағы сағат 10.00, қалалық демалыс және мәдениет паркі.

Отбасылық үлгідегі «Балалар ауылының» ашылу рәсімі – 2015 жылғы 1 маусымдағы сағат 11.00.

«Білімділер теңізі» атты техникалық бағыттағы жаңа үйірмелер жұмыстарының тұсаукесері – 2015 жылғы 1 маусымдағы сағат 12.00, қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының паркі.

«Бала – өмірдің көктемі» атты мерекелік шара – 2015 жылғы 1 маусым сағат 11.00, қалалық мәдени-демалыс паркі.

«7-ой Гном», «Принцесса лягушка» және «Алдар көсе» мультжинақтарының көрсетілімі – 2015 жылғы 1 маусым сағат 11.00, сағат 15.00. Облыстық халық шығармашылығын дамыту орталығының Кинобейне қызметін көрсету бөлімінің залы, Қорқыт ата 78.

«Алдар көсе, Қарадәу+Супер тасбақа» бала-лар қойылымы – 2015 жылғы 1 маусым, сағат 11.00. Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры.

«Алтын нұқта» балалар қойылымы – 2015 жылғы 1 маусым сағат 10.00. Қызылорда қаласы, «Аңсар-қаусар» балабақшасы.

«Алтын шөжек» балаларға арналған спектакль – 2015 жылғы 1 маусым сағат 10.00 сағат 16.00, Махам-бет ауылы. Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық дра-ма театры.

«Бала – өмірдің сәні» атты балалар ертеңгілігі – 2015 жылғы 1 маусым сағат 11.00. Облыстық тарихи-өлкетану музейі.

Сыр өңірінің тарихымен, жануарлар мен өсімдіктер әлемімен таныстыру мақсатында музей залдары бойын-ша тақырыптық экскурсиялар жүргізу – 2015 жылғы 1-3 маусым. Облыстық тарихи-өлкетану музейі.

Облыстық музей және Көркемсурет галереясында ашық есік күнін ұйымдастыру – 2015 жылғы 1 маусым Сағат 9.00-19.00. Облыстық тарихи-өлкетану музейі.

«Балақай, қоршаған ортаның тазалығына өз үлесінді қос» экоақпарат – 2015 жылғы 2 маусым. Облыстық Ә.Тәжібаев атындағы әмбебап ғылыми кітапханасы.

Балауса ТӨРЕБАЙ,
дағы КМУ студенті.

● АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ

Әбу Құдабаев. Бұл есім бізге тарихтан таныс болғанмен, арыс азаматтың өмір жолы жайында білетінімізден білмейтініміз көп екен. Ата жолын ардақтаған келіннің естелігі тәрбие алған тегінің тектілігін танытты. Дәуірінде дүниенің озбырлығынан жапа шеккен тұлғаның артында қалған тұяғы Темір Құдабаевтың зайыбы Жібек апай бізді біраз сырға қанықтырды.

ЕКІ ЕЛГЕ ОРТАҚ ЕР

...1899 жылы Қызылорда қаласының іргесіндегі Киров атындағы колхозда (қазір Маханбет ауылы) туып-өскен Ә.Құдабаев ауылдық мектепте сауат ашқан. Зейінді жас мектеп бітірген соң бастауыш училищесіне түсіп, оны үлгілі аяқтайды. 1918 жылы күз айында коммунистік партия қатарына кірген азамат 19 жасында болыстық атқару комитетінің хатшысы, онан кейін Перовск уезінің Айнакөл болыстығында атқару комитетінің хатшысы қызметін атқарады. 1919-1920 жылдары төтенше комитет отрядының құрамында болған ол жас республиканың ішкі жауларына қарсы күрес жүргізеді. Партия әркез коммунист Ә.Құдабаевты жұмыстың ауыр әрі қауіпті нысандарына жіберіп тұрған екен.

1921-1922 жылдарда уком секретары болған Әбу сол бір қиын кезеңдерде көрсеткен жігерлі еңбегі үшін Сырдария (Шымкент) губерниясы партия комитетінің секретары болып сайланады. Сыр, Жетісу ол кезде екі губерния болып Түркістанға қарайтын шақ. Сырдария губерниясына Қазалы, Ақмешіт, Түркістан, Шымкент, Ұлиаеата уездері қараған. Сол жылдарда Ә.Құдабаев Ташкентке барған сайын Ғ.Мұратбаев, Т.Рысқұлов, С.Ескараев, Т.Жүргенов секілді тұлғалармен жиі жолығып, Ленин атындағы партия мектебі мен қазақтың Ташкендегі халық ағарту институты комсомолдарына баяндама жасағаны жөнінде деректерде айтылады.

Арадағы аз уақытта бойындағы біліктілікті көрсете білген Ә.Құдабаевты 1923 жылы партия Ақмешіт (Қызылорда) уезінің атқару комитетінің төрағасы қызметіне жібереді. Бұл, әрине, үлкен сенім еді. Төл мекенінің өркендеуіне, экономика, мәдениет, өндіріс салаларының дамуына елеулі үлес қосқан азамат жүктелген істі адалдықпен атқарып, сеніммен шығады.

Деректерге дендесек, РКП (б) Орталық комитеті мен Бүкілодастық орталық атқару комитетінің қаулысы бойынша 1924 жылы күз айында Қазақ АКСР-ның құрамында Қарақалпақстан автономиялық облысы құрылды. Жас автономиялық облысты өркендету үшін облыстық ревком құрамы бекітіліп, оған төрағалық етудің Ә.Құдабаевқа тапсырылуы үлкен жауапкершілік болатын. Орыс, қазақ, қарақалпақ тілдерінде еркін сөйлейтін, іскерлік қабілеті толысқан азамат бұл жауапкершілікті де ойдағыдай атқаруға тырысты. РКП (б) Қарақалпақстан облыстық ұйымдастыру бюросы 1924 жылдың 18-де баспасөз туралы арнайы мәселе қарап, онда: “Ревком төрағасы Ә.Құдабаев өз жұмысына қоса “Еркін Қарақалпақ” газетінің жауапты редакторы болып қызмет атқарсын...” делінген. “Және бір деректерде Ә.Құдабаев “Совет Қарақалпақстан” газетінің бірінші редакторы болғаны жөнінде айтылады.

1925 жылы 15-19 сәуір аралығында Қызылорда қаласында өткен Қазақстан кеңестерінің V съезіне Қарақалпақстан автономиялық облысының 40 адамнан құралған делегациясын Ә.Құдабаев басқарып келген. 1928 жылы белгілі себептермен және өз білімін тереңдету мақсатымен ол Я.М.Свердлов атындағы Шығыс еңбекшілері коммунистік университетіне оқуға түседі. Мұнан соң ВКП Орта Азия бюросында жауапты қызметкер, кейіннен төменгі Шыршық (Өзбекстан) ауданында хатшы болып істейді. Сондай-ақ, ол еңбек жолында ВКП қазақ өлкелік комитетінің, Қаз ССР-нің халық ағарту комиссариаты коллегиясының мүшесі (1928 жылы), ІІІ Бүкілодастық кеңестер съезінің делегаты болып, онда ұлттық палатаның мүшелігіне сайланады. 1937 жылы екінші отаны болған Қарақалпақстанға қайта барған Ә.Құдабаев, Хожелі ауданында хатшы, онан кейін қамауға алынғанша Қарақалпақ жер істері халық комиссары болып қызмет етеді.

Тағдырдың осындай келте ғұмырында еңбегімен танылған

есіл ер 1937 жылы қыркүйектің 15-де “халық жауы” ретінде жазықсыздан тұтқындалып, хабарсыз кеткен.

Осы бір деректерді қағазға түсіріп болғанда Жібек апай күйеуі Темірдің жазған хатын ұсынды. Сол бір заманның әділетсіздігі, әке туралы жазылған дерек сөзімізді әрі сабақтауға түрткі болады. Сонымен хатқа сөз берелік.

... Отыз жетінші жылдың қара бұлтты



қазақ, қарақалпақ аспанын тұмшалай бастады. Сол кездері мен бейбақ бес жасар, айналаға енді ғана байыппен қарай бастаған ойын баласы ем. Әйтсе де, бәрі көз алдымда, сол дәуір оқиғалары көкірегімде мықтап ұялаған. Біз Төрткүлде қара көлеңке көшеде, темір шатырлы үйде тұрушы едік. Ауламыз көршімізбен ортақ. Үйімізге қарсы баспахана жайласқан. Әкем үйде сирек болатын. Үнемі іссапардан қолы босамайтын. Аз ғана уақыт тапса кітап оқиды, кітапты өте сүйетін. Үйдің бар байлығы да кітап еді.

1937 жылы қыркүйектің 15-інде, таң алдында НКВД-дан 4-5 адам сау етіп кіріп келді. Үй ішін аударып-төңкеріп бірдеме іздегендей болды. Әкеміздің тұтқындалғаны туралы санкцияны көрсетіп, оны бірге ала кетті. Кетерінде олар бізді анамызбен бір бөлмеге тықпалап, өзге бөлмелерді мөрлеп тастады. Сөйтіп, біз әкеміздің артында анырап қала бердік. Көп ұзамай белгісіз біреулер бұл бөлмені де босатуды талап етті. Сонан біз әлдекімнен босап қалған жертелге орналастық. Анам Ажар әдепкідей емес, жылауды қойып, белді бекем буа тіршілік қамына кірісті. “Халық жауының” әйеліне ешкім жұмыс тауып бере қоймады. Байғұс шешем түнімен үш нәрестесін бауырына басып біртүрлі зарлы ән айтып, ұйықтатуға тырысатын. Әкем сары алтындай сақтаған кітаптарды анам базарға апарып, бізге жүрек жалғар бірденелер әкелетін. Сонда анамыз құлқын қамымен жүріп, шарқ ұрып әкеміздің дерегін де іздеумен болған екен.

Бір күні танертен анамыз бізді киіндіре бастады, “Болындар, әкелеріңе барамыз!” Біз қуана ұшып тұрдық. Оған жетсек, бар қиындықтан құтылардаймыз. Асыға-аптыға Төрткүл түрмесіне де жеттік. Әкеміз жыл бойы Төрткүлде, қасымызда екенін біз бейбақ білмеген едік.

...Қаптаған зіл басқан есіктер. Бір кезде кішкене терезе ашылды. Әкемізбен осы тесік арқылы хабарласуымыз керек екен. Қара көлеңке бөлме төрінде жалғыз орындықта әкеміз отыр. Өні сап-сары, жүдеу. Үш перзенті – біздің қолымыздан тап сындырып алатындай абайлап ұстап тұрып, сүйіп шықты. Өңгіме тым қысқа болды. Қошсағарда ешкімге байқатпай анамызға тілдей қағаз ұстатты.

Анам бұл жерде мұнан әрі тұрақтау мүмкін еместігін түсінсе керек. Тұрмысымыз нашарлап, сатып ішер басы артық дәнене де қалмады. Таң сызы біліне бізді асыға киіндіре бастады. Біз “әкемізге барамыз” деп қуандық. Анам салмақты кейіппен: “әкең ұзақ сапарға кетеді, біз енді елге қайтамыз” – деді. Бұл 1938 жыл еді. Сол ұзақ сапардан әкем оралған жоқ. Қайтпас сапар деуге анамың тілі бармады білем. Өзекті өртейтіні – ең болмаса қабірін тауып, перзенті ретінде бір уыс топырақ сала алмағаным.

Анам Ажар үш перзенті – мені, Мария, Рүстемді ертіп, Қызылорданы бет-

ке алып, тәуекелмен жолға шықты. Әмудария арқылы Шаржауға, онан пойызбен Ташкентке келдік. Әйтеуір осылайша әупірімдеп жүріп Қызылордаға жеттік. Мұндағы ел бізді жатынбады, бірақ арагідік “халық жауының әйелі, баласы” деген сөздер айтылып қалатын. Анам жүйке ауруларын емдейтін емханаға қатардағы қызметкер ретінде жұмысқа орналасты. Өмірінің ақырына дейін сонда абыроймен жұмыс істеді. Әкеміз туралы жиырма жыл бойына еш хабар біле алмадық. Ол кезде бұл туралы әңгіме қозғау мүмкін емес еді.

1956 жылы Алматы ауыл шаруашылығы институтында оқып жүргенімде, бір күні бейтаныс біреу келіп, онаша шақырды да: “Сізді бүгін кешке Әбдірахман Мұнайтбасов әйелі екеуі үйінде күтеді. Жерлесің, Қызылорданың Сырдария ауданынан”, – деп мекен-жайын берді. Аң-таң күйде көрсетілген үйге келдім. Олар мені жылы қабылдады. Германияда оқыған, сауатты, мәдениетті кісілер екен. Олар: әкеңнің дерегін сұрайтын уақыт жетті” – деп сұрау хат жолдауға жол-жоба көрсетті. “Қорықпа, ол жазықсыз сотталған” – деді олар. Сонан не керек екі айдан соң жауап келді: “Дело изучается”. Ал, 1957 жылы КСРО Жоғары сотынан көптен күткен хат та жетті-ау. Ол 58-статьяның 4-бабымен (Кеңес үкіметіне қарсы әрекеттері үшін) айыпталған екен. Кеш те болса әділдік жеңді. Жүзімізге бетперде болған “халық жауының отбасы” деген жаладан арылдық. Жұртқа тіке, батыл қарай бастадық. Анам бұл хабарды естігенде “қай жерде жатыр сүйегің, арманда кеткен боздағым...” деп жоқтау айтып жылады.

Анамыз әке аманатын орындап, бізді кемелге келтірді. 1964 жылы ардақты анамыз өмірден озды. Арқасүйер азаматынан бір, 1940 жылы ұлы Рүстемнен екі, 1955 жылы сүйікті қызы Мариядан тағы айырылғанда осы бір шүйкедей кемпірдің жүрегі қиындықтан қарс айрылып тектенгеніне әлі күнге таңғалам. Тағдыр тапқыметі әбден шындағандық ме, әлде Әбу келеді деген үміттің жетелеуімен жасағандай ма, кім білсін?!

Әкесі туралы баласы жазған хат, міне, осындай жайды айғақтайды. Біз хатта жазылған деректердің негізгі мәтінін алдық. Бір білгеніміз Әбу Құдабаевтың әйелі Ажар емханада жұмыс істегенде елеулі еңбегімен көзге түсіп, Қаз ССР Жоғарғы кеңесінің және Ұлы Отан соғысы жылдарында еңбектегі жетістігі үшін грамоталарымен марапатталған. Ал, 2001 жылы ұзақ науқастан дүниеден өткен Темір Құдабаев 1958-1960 жылдары совхозда бас инженер болып жұмыс істейді. Онан кейін “Казсельхозтехника” мекемесінде басшының бірінші орынбасарлық қызметін 15 жыл атқарады.

Екі елге ортақ қызмет еткен Әбу Құдабаевқа замандастары арнаған әңгіме, жырлар да жетерлік. Қазақтың белгілі ақыны А.Тоқмағамбетов арыс азаматқа “Партбилет” өлеңін, Қарақалпақ әдебиеті классиктерінің бірі Аялберген шайыр өз арнауын жазса, Ғ.Сейтназов “Жасарған жастық” өлеңін арнаған. Мұнан басқа да бірнеше деректер Ә.Құдабаевтың өмір жолын, сол жылда көрген қиындығы мен қайсарлығын, елге деген еңбегінен сыр шертеді.

– 1974 жылы Қарақалпақстаннан қатынас хат келіп, соның ықпалымен Қызылорда қаласынан атамыздың атына көше берілді. Атамыздың сүйегін табамыз деп талай әурелендік. Үмітіміз ақталар деген сенім жетеледі, ең болмаса жатқан жерінен бір уыс топырақ алып келсек деген ниет болды. Жан-жаққа хабар бердік, бірақ нәтиже жоқ, “білмейміз” деген жауап келеді. Артында қалған ұрпағы – біздің ендігі бір үмітіміз елге еңбегі сіңген атамызға мектеп аты берілсе дейміз. 100-ге толғанда қала әкімшілігіне барып мектеп атын сұраудың, оным елеусіз қалды. Онан кейін 105 жылдығына орай және арыз бердім. Қаладан, не туған ауылынан болсын мектеп аты берілсе, атамыздың аруағы риза болар еді. Қысқасы, осы үмітіміздің ақталуына жергілікті басшылар ықпал етеді деген сенімдемін, – дейді Жібек апай.

Бүгінде ақ самайлы ана болған Жібек апай осы сөзді айтқанда ойыма Ғ.Мүсіреповтің “Тулақтан шыққан дыбысқа сабақ да ортақ, тулақ та ортақ” деген сөзі оралды. Бұл – бір елден шыққан тектінің даңқына елі де ортақ, өзі де ортақ, немесе біреудің жеке басының еншісіне тиген үлес емес, ол бәрине де тиісті дегенге тенеу боларлық бейнелі сөз. Олай болса, Сыр бойынан шыққан асыл азаматты дәріптеу, рухын жоғары көтеру ортақ парызымыз деп түйейік.

Қуат ШАРАБИДИНОВ.

● БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

ДҰРЫС ТАМАҚТАҢҒАНЫҢ-ДЕРТТІҢ АЛДЫН АЛҒАНЫҢ

Семіздіктің зардабы жайында аз айтылып жүрген жоқ. Онымен күресу, алдын алу жолдары да тұрғындарға кеңінен насихатталуда. Дегенмен, фас-фуд пен аз қимыл-қозғалыстың заманы аталған мәселені өршітпесе, кемітпек емес.

«Ас ішу үшін өмір сүрме, өмір сүру үшін ас іш» деген даналар нақылын ескерсек, адамдар үшін ұтымды тамақтану денсаулықты нығайтып, дене мен ой қабілетінің дамуына, еңбек ету қабілетін арттыруға және түрлі аурулардың алдын алуға көп септігін тигізеді хақ. Осы орайда дұрыс тамақтанбау немесе шамадан артық ішіп-жеу жоғарыда айтып өткеніміздей, бүгінгі күннің күрделі проблемасына айналып отырғаны белгілі. Мамандар дұрыс тамақтанбау мәселесінің әлеуметтік маңызы бар аурулардың көбеюіне және соның салдарынан өлім-жітімнің артуына әкеліп отырғанын айтуда. Деректерге сүйенсек, семіздіктен зардап шегетін адамдардың орташа өмір сүру ұзақтығы қалыпты салмақтағылармен салыстырғанда 8-10 жылға қысқарады екен. Қазақ Тағамтану академиясы, Ұлттық Дұрыс тамақтану орталығы мен Профилактикалық медицина академиясының президенті, медицина ғылымдарының докторы, ҰҒА академигі Төрегелді Шарманов облысымызда ұйымдастырылған келеді бір жиында елімізде соңғы он жылда тамақтануға байланысты аурулардың артып отырғанын, әсіресе ас қорыту ағзаларының, эндокриндік жүйе аурулары, кант диабеті өлім-жітім жағдайларының 86 пайызын құрап отырғанын атап өткен болатын. Сондай-ақ, академик:– Дұрыс тамақтану ұлтты сауықтырудың, жұқпалы аурулардың алдын алу, өлім-жітімді, әсіресе, ана мен бала өлімін азайтудың басты факторы болып табылады. Артық салмақ пен семіздіктің 90 пайызы дұрыс тамақтанбау салдарынан туындауда. Зерттеулер көрсеткендей, қазіргі таңда семіздік әлемдік деңгейдегі эпидемияға айнала бастады,– деген болатын.

Мамандар әсіресе семіздіктің соңғы уақытта балалар арасында белең алып бара жатқанына алаңдаушылық білдіреді. Мәліметтерге сүйенсек, елімізде балалардың 22 пайызы, ал ересектердің 55 пайызы, оның ішінде әйелдер 58 пайыз, ерлер 53 пайыз артық салмақ жинаған немесе семіздік дертіне шалдыққан. Семіздік зардабын балалардың 11 пайызы, әйелдердің 28 пайызы, ер адамдардың 16 пайызы тартып отыр. Жалпы, артық салмақ пен семіздік әлем бойын-

ша өлім-жітімнің негізгі себептерінің ішінде бесінші орында тұр екен. Диабет ауруының – 44 пайызы, жүрек ишемиялық ауруының 23 пайызы, кейбір қатерлі ісік ауруларының 7-41 пайызы жағдайлары артық салмақ пен семіздік әсерінен туындаған. Ұлттық Дұрыс тамақтану орталығы таратқан деректерге жүгінесек, жастар арасында денсаулыққа аса үлкен зиян келтіретін тамақтар мен сусындарға деген сұраныс жоғары. Мәселен, әрбір үшінші оқушы қалтасындағы ақшасын фаст-фудқа жұмсаса, әрбір үшінші бала кем дегенде аптасына бір рет тәтті газдалған сусындар ішеді, әрбір оныншысы энергетикалық сусындар сатып алады екен. Ал студент қауымының 60 пайызы фаст-фудпен ауқаттанады. Осы орайда мамандар балалардың салауатты тамақтануына барынша көңіл бөлу керектігін айтып жар салуда.

– Мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдердің тамақтану тәртібі ағзаның қарқынды өсуі мен балалардың тіршілік әрекетіне байланысты энергетикалық қажеттілігін қамтамасыз етуі қажет. Май мен кант мөлшерінің жоғары болуы семіздікке, тіс жегісінің пайда болуына, гиповитаминоздың, сондай-ақ, микронутриенттер жетіспеушілігінің дамуына әкеледі. Балалар тамақтануының үлкендерге қарағанда едәуір айырмасы болады. Үлкендерге тамақ ағзадағы тіршілік көзін қолдану үшін қажет болса, өсіп келе жатқан жас ағаға өсу, даму қалыптасуға пайдалы. Сондықтан өсіп келе жатқан ағаға неғұрлым құнарлы тамақ берген дұрыс. Алайда, көп жағдайда үйдегі кішкентай балаларға өзіміз жеп отырған майлы тамақтан бере салатынымыз бар. Оған қоса оқушылар сабақта жүріп бутерброд, ыстық самса, бәліш, тағы басқа майлы, құрғақ тамақтарды, газды сусындарды тұтынуға құмар. Осыдан балалар арасында семіздік, ас қорыту аурулары жиілеуде. Сондықтан ата-аналар өз балаларының дұрыс тамақтануына баса көңіл бөліп, қалағалауы керек. Саламатты тамақтануға бет бұрғанда ғана аталған мәселеден құтылуға болады. Бұл орайда біздің орталық мектептерде, жастар арасында түрлі ақпараттық-насихаттық, ағартушылық жұмыстарын жүргізіп келеді, – дейді облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының дәрігері Толқын Мұхамедқызы бізбен әңгімесінде.

«Ас – адамның арқауы» деп ғана емес, аурудың астан келетінін де ескере жүргенге не жетсін?!

Айнұр БАТТАЛОВА.

ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕР ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ



Өнірімізде білікті маман дайындайтын білім ошақтары жетерлік. Солардың бірі №4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты. Бүгінде білім ордасының дарынды шәкірттері облыстық және республикалық, сондай-ақ, халықаралық ғылыми жоба жарыстарына белсенді қатысып, жүлделі орындарды иеленіп келеді. Мәселен, үстіміздегі жылы Ақтөбе қаласында М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік медициналық университетінде өткізілген ҚР Кіші Ғылым академиясының 41-ші ғылыми-практикалық конференциясында аталмыш мектеп-интернатының оқушылары жүлделі орындардан көрінді. Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Ақтөбе облыстарынан 455 студентпен мектеп оқушысы қатысқан конференцияда 19 секция бойынша ғылыми жобалар қорғалды. “Биология” секциясы бойынша “Сыр бойы жағдайында қауын дақылының суару тәртібін зерттеу” тақырыбында ғылыми жоба қорғаған Рабига Жұмабек пен Перизат Балабаева сынақтан мүдірмей өтіп, жүлделі І орынды жеңіп алды. І дәрежелі дипломмен марапатталды.

Ал “Экология” секциясы бойынша “Арал теңізінің құрғаған табанында кейбір галофиттермен фитомелиоративтік жұмыстарды жүргізу” тақырыбында ғылыми жоба авторлары Несібелі Ерғалиева мен Әсел Орынбасар жүлделі І орын биігінен көрініп І дәрежелі диплом алды.

Осылайша жүлделі оралған жас зерттеушілер аймағымыздың абыройын асқақтатты.

Мадина ЕРАЛИЕВА, Қорқыт ата атындағы ҚМУ студенті.

● 31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН–СҮРГІН МЕН АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

АҚТАҢДАҚТАН АҚТАЛҒАН АЗАМАТ



... Өзін “Мұрат есімді азаматпын” деп таныстырған оның өтінішіне орай сұхбаттасудың сәтін салды. Оның маған ұсынған сарғайған парактардағы деректерге көз жүгірткенімде Нұртазақызы Айсұлу мен ұлы Мұрат әкелері Нұртаза Олжабаевты қайта тірілтіп, ұлағатты өмір жолын ұрпақтарына ұлағат етуді парыз санапты.

– Әкеміз заманында жазықсыз жапа шегіп, саяси қуғын-сүргіннің құрбанына айналды. Шүкір, 1997 жылдың 24-қарашасында ҚР-ның 1993 жылғы 14-сәуіріндегі №2143-ХІІ “Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы” шешіміне сәйкес, ғұмыр бойы тұрмыс тауқыметін тартқан асқар таудай әкеміз ақталады. Өкініштісі сол, жазықсыз жалаңың жапасын шеккен әкеміз осы бір әділеттілікті көре алмай бары-жоғы 57 жасында өмірден озды, – деген Нұртазақызы Айсұлу көзіне жас алып, үзілген әңгіме жібін қайта сабақтады.

– Әкеміздің кезінде толарастан саз, тобықтан қан кешіп, соқпақты да тоқпақты өмір жолында жүргенде құдай қосқан қосағы, анамыз Қараманқызы Шәріпаның сіңірген еңбегі өлшеусіз көрінеді. Белін буа, білегін түре жүріп әкемізге демеу болған. Сөйте жүріп үш ұл мен бір қыз – мені өмірге әкеліп, ұлдарын ұяға, қызын қияға қондырған еді.

Нұрекен 1905 жылы өмірге келіп, кіндік қаны Теренөзек топырағына тамған. Қарапайым отбасында өмір есігін ашқан ол ерте есейіп, білім жолына түседі. Кезіндегі қазақ педагогикалық училищесінен дәріс алған ол 1925-1936 жылдары Қызылорда қаласындағы «1 Май» және №6 мектептерде ұстаздықтың ұлағатты жолын бастандырды. Бертін келе, яғни, 1936-1942 жылдары Теренөзек аудандық білім бөлімінде мектеп инспекторы, №10 және Аманкелді ауылындағы орта мектептерде ұстаздық қызметін жалғастырды.

Нүрекеннің жалындаған жастық шағы қанды қырғын – Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келеді. Отан үшін кеудесін от пен оққа төсеуді мұрат тұтқан ол өз сұранысымен қанды майданға аттанады. Артында анырап 1936 жылы шаңырақ құрған жан жары Қараманқызы Шәрипа мен тұла бойы тұңғышы – төрт жасар ұлы Совет қалады. Қабырғалы қара шаңырақ қайта шайқалып, араға бары-жоғы ай салып Нұртазаның қос қанаты, яғни екі інісі Нұрмахаш пен Ертаза да Отан қорғауға аттанады.

Отан үшін жанын пид етуді мұрат тұтқан Нүрекеннің 1942 жылы 84 атқыштар полкінде жауынгерлік жолы бастау алады. Дәл осы жылы ол жазықсыз жалаға ұшырап, тозақтың торлауына түседі. Яғни, 1942 жылдың қыркүйек айында осы атқыштар полкі Воронеж маңында немістер қоршауында қалып, тұтқынға алынады. Нүрекеннің азапты да тозақты өмір жолы осыдан бастау алып, ақырғы демі біткенше жалғасып жатады.

– Әкеміздің айтуынша, – дейді үзілген әңгіме жібін қайта сабақтаған Айсұлу ана, – немістердің түрмесінен араға алты ай салып, қашып шығады. Қалай қашады дейсіз ғой, айтайын. Ну орман ішімен әкемізді немістер арбамен алып келе жатады. Қалың ағаштар мен омбы қарға жасырынып қалуды ойлаған әкеміз ағаш арбадан сырғи түсіп, қалың қарға көміле жатады. Мұны көрген бір орыс әйелі әкемізді қармен көміп, аман алып қалыпты. Сөйтіп, Қызыл әскер қатарына қайта қосылады.

Сол бір зұлмат жылдардың байламы болса керек, немістер тұтқынынан қашып шығып, Отан қорғауға қолына қайтадан қару алған Нүрекен айыптылар батальонына (штрафбат) жіберіледі. Ол көзі тірісінде Днепр өзеніне қатысты ұлы шайқасты қатты

қинала еске алушы еді.

– Днепр өзенін алу арпалысында екі жақтың да жүздеген жауынгерлері өмір мен өлім арпалысына түсіп, жандарын пид етті. Біздер штрафбатта болғандықтан алғы шепте жүретінбіз. Алдымызда – фашистер, артымызда өзіміздің Қызыл әскер. Ілгері бассаң, қарша бораған жау оғына кеуде төсейсің, шегінсең артыңдағы өз жауынгерлерің “шегіндің екен, сатқын” деп жауырыныңа мылтық кезенеді. Тек қана алға. Сөйтіп, екі жақты от пен оқтың ортасында жүріп, Днепр өзенінен де өткен едік.

Осынау сұрапыл шайқаста Н.Олжабаев ауыр жарақат алып, госпитальға түседі. Әскери дәрігерлік комиссияның шешімімен әскери қызметіне жарамсыз деп танылып, елге оралады.

Ұлы Отан соғысы да аяқталады. Өкініштісі сол, Жеңіс күнінің қуанышына кенелгенмен Нүрекен 1946 жылдың 21 мамыры күні ол “... соғыс кезінде неміс лагерінде болды” деген айыппен қамауға алынады. Сөйтіп, сол бір зұлмат жылдардағы сталиндік сұрқия саясаттың тауқыметін тартады. Яғни, 1946 жылдың 3-тамызында Түркістан әскери трибуналының шешімімен Ресей Федерациясы Қылмыстық кодексінің 58-бабымен айып тағылып, 8 жылға бас бостандығынан айырылады. Оның кассациялық арызын қабылдаудан бас тартылып, әскери трибунал шешімі өз күшінде қалдырылып, Ақтөбе қаласындағы лагерьге жіберіледі. 1947 жылдың қазан айына дейін Ақтөбеде болған Нүрекен 1947-1953 жылдары Қарағандыдағы атышулы арнайы қоныстану колониясында болады.

– Әкем айтатын, – дейді әңгіме үстінде Айсұлу, – өзіміздің түрмесіміз де фашистердікінен бір де кем болған жоқ. Көрген қорлығымыз бен шеккен азабымыз шаштөктен. Мұнда орыстан басқа ұлт өкілдері, яғни, қазақтар, өзбектер, қырғыздар, тәжіктер, тағы басқа азаматтары көп болатын.

Таң білінер-білінбесте ұйықтап жатқан тұтқындардың басынан ағаш балғамен ұрғылайтын болған. Себебі, жаны бар ма, жоқ па, анықтайды екен. Жаны болса тұрғызып, жұмысқа жегеді, жаны болмаса сүйреп шығарып тастайды. Көмусіз қалғандар да бар көрінеді.

Айтқандай, Шәрипа анамыз әкемізге киім-кешек, азық-түлікті үздіксіз жіберіп отырған. Қауынқак пен тәстіктер арасына ақша салып жіберетін болған. Өйткені, азын-аулақ ақша қолды болмауы керек. Кейіннен анамыз тұла бойы тұңғыштары Советті бауырына басып, әкеміз жатқан Қарағандыдағы қоныстану колониясына барып, оны ашық лагерьге алып шығады. Сол 1948 жылы мен де өмір есігін ашыппын.

Жазықсыз жапа шегіп, сегіз жыл бойы сергелденге түскен Олжабаев Нұртаза мен қосағы Қараманқызы Шәрипа 1956 жылы үлкен ұлдары Совет пен қызғалдақтай қыздары Айсұлуды алып, кіндік қандары тамған туған топырақтары Теренөзекке қайта оралады. Өмірге Марат пен Мұрат есімді азаматтар әкелді. Балық шаруашылығы кәсібін нәсіп еткен Нүрекен мен аяулы да абзал ана атанған Шәрипа анамыз ұл-қыздарына тәлімді тәрбие беріп, алтын асықтай азаматтар етіп шығарады. Совет пен Айсұлу Ленинградта, ал Марат пен Мұрат Қызылорда мен Алматы қалаларындағы жоғары оқу орындарынан дәріс алып, халық шаруашылығының сан алуан салаларында қалтқысыз қызмет көрсете бастайды. Өкініштісі сол, жоғарыда айтқандай, Нүрекеннің қос бірдей ұлы – Совет пен Марат мезгілсіз дүниеден озады. Десе де, “әке көрген оқ жоңар, ана көрген тон пішер” деп атам қазақ айтқандай, Советтің Руслан атты үлкен ұлы Қоғаныш министрлігіндегі басқарма бастығы, подполковник шенінде болса, Мараттан қалған бес баланың бірі Олжас жоғары білімді дәрігер, Ержан қаржы, ал Қуанышты спорт саласында қызмет етеді. Ал, бүгінгі таңда бейнеттің зейнетіне шыққан Айсұлу жеті ұл мен қызына жоғары білім алып беріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып отырса, Нұрағаның кенжесі Мұрат қаржы саласында қалтқысыз қызмет жасап, 3 баланы тәлімді тәрбиеге алған.

Майданға аттанған Нүрекеннің тетелес інісі Нұрмахаш соғыстан оралмай қахарсыз кетсе, Ертаза 1945 жылдың ақпан айында Кенигсберг қаласы маңында қаза болып, сол жерден мәңгі тыныс тапты.

– Осындай ауыртпалықты аркалап жүрсе де мойымай, елі үшін емірене еңбек еткен әкеміздің өмір жолын ұрпақтарға ұлағат етуді мұрат етіп отырмыз, – дейді Нұртазаұлы Мұрат сөз соңында.

Еркін ӘБІЛ.

Әрдайым жүзінен шуақ төгіліп, жанарынан жылылық есіп тұратын ақсарының әлемісі Фариза ана тілеуімді тілейтін екінші анам, ал балаларымды құшағына басқан қамқор әжесі болды. Тағдырдың талай тауқыметін тартса да, сабырлы да қанағатшыл қалпынан бір таңбайтын қарапайымдылығы оны өзгелерден ерекшелеп тұратын. Әңгімеге сарандау болғандықтан болар, өткен өмірін тілге тиек ете бермейтін ол тірлігінде ағайын-туысқа сыйлы бола білді.

ЗҰЛМАТ ҚҰРБАНЫНЫҢ ҚЫЗЫ



Фариза анамыз 1920 жылы Арал ауданының Бөген ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген. Ауылдас-тарына Шерман мақсым аталып кеткен әжесі Шермағанбет Байжан баласы Қазан төңкерісіне дейін Ауғанстанға барып оқыған. Арада біршама уақыт өткен соң сол елге екінші рет шығып, 1925 жылға дейін сонда болған арабша сауатты атамыз туған топыраққа табан тірегеннен кейін “Қосуақ” елді мекенінен мешіт салдырып, ауыл балалары діни оқуға үйреткен. Алайда 1931 жылы “халық жауы” ретінде ұсталып, дүние-мүлкі тәркіленген ауыл молдасы жазасын Қызылорда түрмесінде бес жыл отырып өтесе, 1937 жылы екінші рет қамауға алынып, он жылға бас бостандығынан айырылған. Сонымен Сібірге еңбек түзету лагеріне айдалған Шерман мақсым сол кеткеннен хабар-ошарсыз жоқ болған. Осылайша нәубеттің талай тоқтағын көрген Тұрмағанбетқызы Қатира әжеміз Фариза, Разия, Низамдин, Нұртуған есімді перзенттермен анырап қала берген. Шаңырақтың үлкені болғандықтан, он жеті жасқа енді шыққан бойжеткен қамқонілі анасы мен бауырларына бас-көз болып, ізіне ерген інілері мен сіңілісіне өмірден өз орындарын табуына жол көрсетумен болған. Әсіресе, кенже інісі Нұртуғанның Ташкент қаласынан жоғары білім алуында жасаған жәрдемі аз болмаған көрінеді.

Жаратушы иеміз пенделерінің пешенесіне тағдырларын әртүрлі қылып жазатыны ақиқат. Сол айтпақшы, асқар тауынан жастай жетім қалған анамыздың өміріне көз жүгіртсек, тек қиындық атаулыдан түзіліпті. Алғашқы қосағы – Елеусіз әкенің ғұмыры қысқа болып, Қыдырбай деген жалғыз ұлымен жесір қалыпты. Екінші ері Әбдіразақ әкеден де Сұлу есімді қызын өмірге әкелген бойда-ақ айырылыпты. Балық аулау кемесінің капитаны болған азамат тосыннан келген кеселден екі-үш күнде-ақ бақилық болыпты.

“Жығылғанға жұдырық” демекші, жар қызығын көре алмай, екі бірдей ерінен ерте қалған Фариза ана он төрт жастағы Қыдырбайынан да қапияда көз жазып қала беріпті. Мал қарауға кеткен бозбаланы ауыл іргесіндегі “Тұшы” көліне бірге барған сыныптасы құс атам деп жүріп жазатайым жарақаттап алған көрінеді. Айдың-күннің аманында аядай ауылды шулатқан осы оқыс оқиға

жұмыстағы анасына хабарланып, жаралыны шалғайдағы аудан орталығына жеткізудің әлегімен жүргенде көп қан жоғалтқан жасөспірім қыршынынан қиылыпты. Қатарластарына әркез қамқор қолын созуға бейім тұратын ел-гезек те қайырымды, оқуда да алғыр болған үміт артар бауыр еті баласының бұл қайғылы қазасы Фариза анаға ауыр тиіп, тіпті аққылынан адасуға аз-ақ қалыпты.

“Тірі адам тіршілігін жасайды” дегендей, енді қанша қайғырғанмен болған іске болаттай берік болу керектігін түсініп, көзінің қарашығындай жалғыз қызының тілеуін тілеумен болады. Бірге жұмыс жасайтын әріптестері де қамқонілі ананың қабырғаны қайыстырар қайғысын бөлісіп, оған әркез жылы қабақ танытып отырған. Соның қайтарымындай, Бөген балық аулау зауытында ау тоқушы болып жұмыс жасаған ол тек көш басынан көрінумен болған.

Қаршадайынан қатал тағдырмен өмірі өрілген Фариза ана ауыр бейнеттің зейнетін жиырма жылдай ғана көрген шағында 1994 жылдың қоныр күзінде өмірден озды. Содан бері де міне, жиырма бір жыл болып қалыпты. “Сағыну деген еске алу” десек, кей-кейде ақсары кемпірді сағынышпен еске алғанда, оның аналық ақ пейілі, балаларымды қамқор құшағына қысып, қанаттарының қатаюына қосқан риясыз көңілі ойымнан кетпейді.

Иә, сыйайы жүріп айналасына сыйластығын арттырған сол бір әзиз жанның елеске айналған жарқын бейнесін келер күндеріме сағынышпен жалғастырып келемін.

Бастыбай БЕРДІБАЕВ.

ТҰҢҒЫШ ЧЕКИСТ ТАСЫМОВ

Мен ғасырлық ғұмырында дәуірдің ұлы оқиғаларының куәгері болған бұл қартты көргенім жоқ. Әйтсе де тағылымды ғұмыр кешкен жанның өмірдеріне ынтаммен үйіліп, Отанын сүйген арада азаматтың ұрпақ үшін жасаған игілікті ісін зерделеуге тырыстым. Сонан соң бүкіл саналы ғұмырын туған халқына қызмет етуге арнаған тарихи тұлға – Тасымұлы Насредин ата жайлы есігің-білгенімді оқырман қауымға жеткізуді парызым деп ұқтым...

Өмірде темірден қатты, болаттан берік жандар болады. Сондай жандардың бірі – біздің бүгінгі кейіпкеріміз. Ұлы төңкеріске қатысып, замана дауында шындалған чекист дүрбелен жылдары басмашылармен алыса, кешегі сұрапыл соғыста жау тылына ерекше тапсырмамен жіберіліпті. Иә, бұл сиректерге берілетін күрделі тағдыр. Бір қызығы, осы бір «құрыш қазақ» туралы тарихшы Мәди Киреев ағамыз көзі тірісінде: «Есіл ер іздеусіз қалды-ау!» деп қамыққан еді. Ізбасар ұрпағы бар адам ұмтылмайды екен. Жеңіс күні қарсаңында редакцияға орта бойлы жігіт келді. Өзін Н.Тасымовтың ұлымын деп таныстырған азамат әжесі туралы білгендерін ортаға салды, Ақжарма ауылындағы әжесінің көзін көрген ақсақалдарымен жүздестірді.

Адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған қанды қасапқа қатысып, Отанын жаудан қорғаған осы бір болаттай берік жан туралы естігендерімді мұрағат пен мұражайдағы деректермен толықтырдым. Өкінішке қарай, ол соғыста бастан кешкендері туралы тірі жанға сыр ашпаған. Енді облыстың қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік мұрағатынан алынған құжатқа кезек берейік: Сырдың күрөң топырағында дүниеге келген сирек тағдыр иесі дүниежарықта 97 жыл ғұмыр кешті. Ұзақ жасаған қартты көрген Қуантқан, Қырғызбай ақсақалдар атаны еске алғанда ең алдымен оның темірдей төзімділігін, турашылдығы мен шыншылдығын, сары аттындай сабырлылығын сөз етеді. Ең бастысы, ол «мен азамат соғысына қатысып, жаңа үкіметті орнатуға үлес қостым. Кеңес үкіметінің қас жауларымен алысып, Калининнің қолынан партизандық куәлік алдым. Ел басына күн туған шақта қолыма қару алып Отанды фашистік Германиядан қорғауға аттандым» деп ешкімге міндет артпаған қарапайым күйде

өмірден өтіпті. Нағыз қазаққа тән батыр тұлғалы азамат осындай болса керек-ті.

Ол 1892 жылы Перовск уезінің Қостам болысын-да дүниеге келген. Бесіктен бөлі шайқайып жатып бар қиыншылықты көреді: байларға жалшы болып жалданады. Қалаға келіп, жұмысшылықты Перовскідегі вагон депосынан бастайды. Осында 10 жыл балғашы болып еңбек етеді. 1918 жылдары жол депосында 400-ге жуық жұмысшы болса, соның 20-ға жуығы ғана жергілікті ұлт болған. Қыр баласы қоғамдық саяси өмірге осы тұста араласа бастайды. Большевиктердің астыртын ұйымына мүше болып, 1917 жылы партия қатарына өтеді. Өңірде жаңа өкіметті орнату жолындағы күреске белсене қатысқан Н.Тасымовтың Н.Селиверстов басқаратын Перовск большевиктік отрядында болғанын мұрағаттағы құжаттар растап отыр. Осылайша, ол азамат соғысының от-жалынын түгел бастан кешеді. 1918-1920 жылдары Ақтөбе, Ашхабад майдандарындағы шайқастарға қатысады. Мұнан соң Бұхарадағы соғыс,



Ташкенттегі «Осипов бүлігін» басу, онан Орталық Азиядағы басмашыларды ауыздықтау үшін Ферғана жерлеріндегі ұрыстарға тікелей қатысады. Жерлесіміздің жүріп өткен жолына қарасаңыз, оның тағдырының жай тағдыр емес, ерлікпен өрілген өмір екендігін бағамдарыңыз даусыз.

Сауатын астыртын ұйымда жүріп ашқан Н.Тасымов 1923-1924 жылдары Ташкент жұмысшы факультетінде білімін жалғайды. Ал, қаламыз ел астана-сы болған кезде, яки 1925-1927 жылдары Қызылорда уездік қылмысты істерді іздегізру жөніндегі бөлімнің бастығы қызметінде болады. 1927-1930 жылдары Қазақ өлкелік Одағы басқармасының мүшесі, Округтік бақылау комиссиясы партиялық коллегиясының хатшысы, 1931 жылы Алматы қаласындағы бақшалық-жүзімдік трестің бастышы қызметтерін абыроймен атқарған. Ол жоғары білімді Мәскеуден алған санаулы қазақтың бірі. 1931-1936 жылдары К.Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясында оқиды. Ол кезде аталған білім ордасы социалистік жер шаруашылығы академиясы ата-

латын. Оны бітірген соң білікті маман ретінде Н.Тасымов республикадағы екі ірі совхозды басшылық жасапты. Яғни, 1936-1939 жылдары Алматы облысындағы «Іле» қой шаруашылығы совхозының директоры, кейін Қызылорда мал шаруашылығы конторының басқарушысы қызметтерінде болады. Соғыс басталған тұста оны әуелі Орынбордағы қару-жарақ жасайтын зауытқа жібереді. Осы жерде еңбек майданындағылардың жеңіске қосқан үлесі зор болғанын айтқан жөн. Соғыс жылдары ел аумағына 220 зауыт пен фабрика көшірілгені белгілі. Оларда қаншама жан күні-күні тынбай еңбек етіп, орталыққа қару-жарақ пен оқ-дәрі жіберіп тұрды. Ол осындай зауытқа тынбай тер төкті. Отанға қауіп төнгенде қарап қалмады, қан майданға аттанып, тағы да от кешті. Мұрағаттан алынған құжатта: «Н.Тасымов 1941-1944 жылдары Ұлы Отан соғысы кезінде қызыләскер қатарында бірінші Балтық бағытындағы майданда болды» делінген. Кенже ұлы Ақбергегінің айтуынша, Н.Тасымов сұрапыл соғыста аяғынан ауыр жараланып, госпитальда 8 ай емделеді. 1944 жылдың соңында 52 жастағы жауынгер Қызыл армия қатарынан босатылып, елге қайтарылады.

Елге оралған соң Сырдария аудандық жер бөлімінде, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында жауапты қызметтер атқарып, Теренөзек ауданында кеңшар директоры болады. Ал, 1949-1957 жылдары Сырдария аудандық жер бөлімінде жұмыс істейді. Сұлутөбе МТС-інде және Киров атындағы колхозда зоотехник, кейін қала іргесінен Машина сынау стансасы (МИС) ашылған тұста сонда зоотехник болып қызмет атқарып, Олақтық дөрежелді дербес зейнеткерлікке шығады. Абыз ата 75 жасқа толғанда партия оған «Ленин» орденін табыстайды. Бұған қоса ол көпжылдық мінсіз еңбегі үшін көптеген медальдармен марапатталған. Біз өмір жолы кейінгі ұрпақа гибрат болар осындай Сыр бойының арда азаматтарын ұлықтауға тиісіз. Жастарды патриоттық тәрбиеге баулып, елі мен жерін қорғай білуге тәрбиелеуде ел майдангерлерінің өмір жолын насихаттаудың маңызы зор.

Қызылорда қаласына қарасты Ақжарма ауылындағы аталарына мемлекет салып берген үйде тұратын Тасымовтар әулеті жыл сайын Жеңіс күнінде аталарына құран бағыштап, еске алып отырады. Ауыл ардагерлері Қырғызбай, Қуантқан ақсақалдар ұзақ жылдар халық шаруашылығы саласында адал еңбек еткен. Отан үшін от кешкен абзал жанды еске түсіріп отыра бер белгінің болмауы көңілге кірбің ұялатады деп отыр. Әңгіме арасында күре жолдың бойында бір емес екі бірдей Ақжарма атты ауылдың болуы халықты әбігерге салып отырғаны да айтылды. Олар келешекте осы Ақжарма ауылдық округінің орталығында Насредин Тасымовты есте қалдыру шаралары қолға алына деген тілек айтады.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

● ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Елбасының тікелей бастамасымен Қазақстанның зейнетақы жүйесі әлемдік озық тәжірибелерге сүйене отырып, көптеген елдерге өзінің тәуелсіздік жылдары жаңашыл идеяға толы өміршең үлгісін танытты. Елімізде зейнетақы реформасын жүзеге асыру негізінде құрылған «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорынның құрылғанына бүгінгі таңда 18 жыл толып отыр. Газет тілшісі мемлекеттік орталықтың Қызылорда облыстық филиалының директоры Салхадин Мырзабековке жолығып, халық өмірінде маңызды орын алатын әлеуметтік саланың бүгінгі жай-күйі, алдағы міндеттері туралы айтып беруін өтінген еді.

– Салхадин Мырзабекулы, тәуелсіздігіміздің елең-алаңында жаңадан құрылған жүйенің осы жылдар аралығында халыққа мінсіз қызмет атқарып келе жатқанын жақсы білеміз. Алғашқы ұйымдастыру жұмыстары қалай басталды? Әңгімемізді осы сауалдан бастасам деймін.

– Кез келген жүйенің өзіндік міндетіне сай құрылу тарихы болады. 1997 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мекемесі құрылған болатын. Үкімет қаулысы негізінде 1997 жылдың шілде айында мемлекеттік орталықтың Қызылорда облыстық филиалы құрылды. Бастапқыда өз жұмысын әлеуметтік жеке код (СИК) тағайындаудан бастаған, небәрі штат кестесі 94 адамды құрайтын облыстық филиалын ол кезде халықтың бірі білсе, бірі біле бермейтін. Уақыт өте келе тұғырлы тәуелсіздігіміздің жемісіндей болған облыстық зейнетақы төлеу орталығының қызмет өрісі кеңейді. Атап айтқанда, зейнетақы, мүгедектігі, асыраушысынан айрылу жағдайы, жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, төлем түрлері бойынша құжаттар қабылданып, халыққа қызмет көрсетіле бастады.

Облыс бойынша 1998 жылы 48534 төлем бойынша 2,5 млрд. теңге көлемінде төлем жүргізілген болса, 2014 жылы орталық арқылы төленетін төлемнің түрі 40-тан асып, жыл бойына 285 мың төлем бойынша 53 млрд. теңгеге төлем жүргізілді.

Алғашқыда жаңадан тағайындалған іс макеттерін дайындау жұмыстары тек қағаз түрінде жүргізілген болса,



ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ЖЕТІЛДІРІЛУДЕ

2005 жылдан бастап жаңадан тағайындалған іс құжаттар әр төлемнің түріне байланысты компьютерлік бағдарламалар жүйесімен, 2011 жылдан бастап іс-құжаттар электронды түрде қалыптастырылып, бекітілуде. Бұл төлем орталығында компьютерлік техника жүйесінің даму деңгейінің қол жеткізген жетістіктерінің бірі болып табылады. 2002 жылдың шілде айынан бастап барлық төлем түрлері орталықтандырылған мәліметтер жүйесіне біріктірілді. Яғни, филиал қызметінің негізгі мәні осы төлемдерді мезгілінде төлеу болатын болса, зейнетақы төлеу мәселелеріне байланысты мәліметтердің орталықтандырылған базасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында атап көрсетілгендей, 2007 жылдың қаңтар айынан бастап барлық төлем түрлері ағымдағы айға төленуде.

Филиал бөлімшелерінде қызмет көрсетіп отырған әлеуметтік саланы жетік меңгерген тәжірибелі мамандарымыз электронды қызмет көрсетуді жетілдіре отырып, ақпараттық технологияларды пайдалануда. Орталықтың жаңа үлгідегі техникалық базасы, бірегей ақпараттық жүйесі, орталықтандырылған деректемелер базасы әлеуметтік төлемдердің есебін жүргізуде. Әрбір алушыға зейнетақы және жәрдемақыларын өзі қалаған уақытында екінші деңгейлі банктен алу мүмкіндігін туғызды. Сондай-ақ, азаматтардың Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдарының дербестендірілген есебін жүргізіп, өз қалауы бойынша қай кезде де осы аударымдар туралы мәліметті алу мүмкіндігі қалыптасты. Орталық филиалы Қызылорда қаласында, Жалағаш, Сырдария, Қармақшы, Жанақорған, Шиелі аудандарында жеке өз ғимараттарымен қамтамасыз етіліп, азаматтарға сапалы қызмет көрсету

орындарымен, ақпараттық құралдармен жабдықталды.

– Қазіргі уақытта ұсынылатын мемлекеттік қызмет сапасын арттыру және халыққа қызмет көрсету жайлылығын жақсарту мақсатында қандай шаралар қолға алынып отыр?

– Қазіргі таңда ұсынылатын мемлекеттік қызмет сапасын арттыру мақсатында ЗТМО тағайындау үдерісін оңтайландыру арқылы ведомстволық ақпараттық жүйелерден қажетті мәліметтерді алу жолымен өтініш берушіден талап етілетін құжаттар санын қысқарту принципіне негізделген зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындауға өтініштерді қабылдауды жүзеге асырады. Электрондық қызметтер: «электрондық үкімет» порталы арқылы базалық зейнетақы төлемі, бала туғанда берілетін

азаматтардың уақытын үнемдеуді қамтамасыз етеді.

– Қазір 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап зейнетақы жүйесіне енгізілетін өзгерістер туралы көп айтылуда. Жүйедегі жанаалықтар туралы не айтасыз?

– Зейнетақымен қамсыздандыру мәселесі болашағын ойлайтын азаматтардың барлығын толғандырады. Бұл бағытта Қазақстан Республикасы мен дүниежүзілік зейнетақы жүйесінінің жетілу тәжірибесін іске асыру және алға қойған міндеттерді орындай отырып, зейнетақы жүйесін әрі қарай жетілдіріп, жаңғыртуға бағытталған іс-шаралар әзірленді. Зейнетақы жүйесін жаңғыртудың қажеттілігі, ортақ зейнетақы мөлшерінің азаюынан және зейнетақы төлем көздерін одан әрі әртараптандыру қажеттігінен, экономикалық даму циклінен, зейнет-

ақымен қамсыздандыру жауапкершілігін мемлекеттің, жұмыс беруші мен қызметкердің арасында бөледі одан әрі оңтайландыру қажеттігінен туындап отыр. Бұл ретте, ҚР Президентінің 2014 ж. 18-маусымдағы №841 жарлығымен «Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы» бекітілді. Осыған сәйкес:

2017 жылғы 1 шілдеден бастап, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жыл болса, базалық зейнетақыны ең төменгі күнкөріс деңгейінің 50%-ы мөлшерінде белгілеу ұсынылады, ал 10 жылдан асқаннан кейін әрбір жылға оның мөлшері 2%-ға ұлғайтылады және қатысу өтілі 35 жыл және одан көп болса, ол ең төменгі күнкөріс деңгейіне тең болады.

2018 жылдан бастап зейнетақы жүйесінің жаңа шартты-жинақтаушы құрамдауышын енгізу ұсынылады. Өздерінің пайдасына жұмыс берушілер өз қаражаты есебінен қызметкер табысының мөлшерінен есептелетін 5% міндетті зейнетақы жарналарын аударатын қызметкерлер шартты-жинақтаушы құрамдауышына қатысушылар болып табылады. Шартты міндеттемелерді есепке алу БЖЗҚ-да ашылған жеке шоттарда жүргізіледі. Жинақтар шартты болып табылады, мұраға қалдырылмайды және жүйеге қатысушының меншігі болып табылмайды. Зейнетақы төлемдеріне құқық басталатын ең төменгі өтіл 5 жылды құрайды. Белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен кезде ғана төлемдер жүргізіледі. Шартты-жинақтаушы құрамдауышына қатысушыларына зейнеткерлік жасқа жеткенде зейнетақы төлемдері өмір бойы жүргізіледі.

2016 жылдан әлеуетті құрылымдардың қызметкерлерін зейнетақымен

қамсыздандыру жүйесі реформаланады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің параметрлері жетілдіріледі. Бұл ретте алатын зейнетақы төлемдерінің шамасы азаматтардың жүйеге жарналарды тұрақты түрде аударуына, сондай-ақ зейнетақы жинақтарының кіріс деңгейіне байланысты болады. Сондай-ақ, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру және қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету үшін БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын алыну принциптеріне және міндетті зейнетақы жарналарының сақталуы бойынша мемлекеттік кепілдіктерді төлеу тәртібіне өзгерістер енгізіледі.

– Біз Сізді облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан білікті басыи, “Құрмет” орденінің иегері, Жалааши ауданының Құрметті азаматы ретінде жақсы білеміз. Ал саланың жұмысын өрге бастыратын білікті басшылар мен мамандар екені дәлелдеуді қажет етпейтін қағида екенін ескерсек, олардың есімдерін атап өту орынды болар деп ойлаймын.

– Әрине, 18 жыл көлемінде қол жеткізген мәуелі жетістік болса, оған жетуге аянбай еңбек еткен білімі терең, қажыр-қайраты мол, сауатты, ынтымағы жарасқан ұжым басшылары болғанын атап өткім келеді. 1997-2000 жылдары облыстық филиалының директоры қызметін атқарған Төлеген Имановтың, директордың орынбасары Асқар Байзақовтың бастаған көшін кейін Галина Ганская, Аманкелді Құдайбергенов, Сұлтанбек Махамбетов, Кенжебай Ахмет, Лиман Боранбаева, Торахмет Жолымбетов мінсіз атқарғанын айрықша атап өткім келеді.

Құрылғанына небәрі 18 жыл болған облыстық филиалының өркендеуіне өз үлестерін қосқан қалалық, аудандық бөлімше басшыларының, бөлім қызметкерлерінің еселі еңбектері мақтан тұтуға әбден лайық.

Атап айтар болсақ, өмір жолы келер ұрпаққа өнеге болатын, кәсіптік шеберліктері мен білімдерін әлеуметтік салаға арнаған, қаншама жас мамандарды тәрбиелеп, бағыт берген ұстаз, бүгінде құрмет демалысындағы зейнеткерлер Базаркүл Сейдахметованың, Итаяков Балғабайдың, Әбілхайырова Құралайдың, Кенжебай Ахметтің, Аманжолұлы Сейтханнның, Мәлс Жолдақсызынның, Пернеш Тулебаевнаның, Тұрсын Алиевнаның және тағы да басқа зейнеткерлеріміздің еселі еңбектері үлкен мақтаныш.

Елбасы әрдайым халық мүддесімен сабақтас салалардың дамуына айрықша көңіл бөліп келеді. Осы 18 жыл ішінде зейнетақы реформасын бастап, оны жетілдіру жолында қыруар еңбек сіңірген Елбасы Қазақстанды аталған түйінді мәселе бойынша да әлемдік өркениеттің көшімен ілгері бастап келеді. Біз бүгінгі жетістігімізді Қазақстан Президентінің дәйекті, саликалы саясатымен байланыстыратынымыз сондықтан.

Әңгімелескен
Жолдасбек АҚСАҚАЛУЛЫ.

● 1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

БҮЛДІРШІНДЕР КҮЛКІСІ ҰЯЛАҒАН БАЛАБАҚША

«Шәкірт тәрбиелеген сауап арқалайды» дегенді жиі естиміз. Кейіпкерлеріміздің бала тәрбиесінің ыстық-суығына әбден шыңдалған педагогтар екенін ескерсек, жоғарыдағы шерепеттен құр қалмасына бек үміттіміз.

Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы. Еңбек жолын Ақтау қаласындағы №11 мектеп-гимназиядан бастаған Эльмира Жалпақбайқызы алғашқы тәлімгер ұстазы Салиха Задиновадан көп нәрсені үйренді. Бір ғажабы, есімі республикаға мәлім ұлағатты ұстазы мұны баласынған жоқ. Тең құрбыша сырласып, білгенімен бөлісті. Бүкіл ғұмырын ағартушылық салаға арнаған сол аяулы жан қажет кезінде мұның пікірімен де санасты. Бұл жоғары оқу орнын жаңадан тәмамдаған балауас қыздың өзіне деген сенімін арттыра түсті. Жігерін жаныды, қайратына күш қосты.

Арада жылдар өтті. Туған жері Қазалыдағы «Балдырған» бала бақшасына тәрбиеші болып орналасқан Эльмираның тағы да желі оңынан тұрды. Олай деуіміздің мәнісі бар. Іргелі ұжымға жетекшілік жасайтын Бағым Бисембаева парасаты да өрелі адам екен. Жалпы басшының жайлы мінезі, ешкімді бөлек-жармай тең қарауы табыстың кепілі екенін мойындаған жөн. Осынау ұстанымды Эльмира Нұрмағанбетова өзі де меңгеруші лауазымына жоғарылағанда басты назарда ұстады. Сол бағыттан әлі де жаңылған емес.

Қазір Эльмира кенттегі «Алпамыс» бала бақшасын басқарады. Ашылғанына көп уақыт болмаса да ұжымның жеткен жетістігі бір төбе. Санаулы мерзімде балабақша қызметкерлері түрлі деңгейдегі сайыстарда өзгелерден дара шықты. Мәселен, тәрбиеші Гүлдана Оразымбетова «Мектепке дейінгі жастағы бала дамуының деңгейін индикатор арқылы бағалау» тақырыбындағы



сайыста топ жарды. Оның әріптесі Райкүл Алғазиева да біраз байқауда биіктен көрінді. Ұстаздарынан кішкентай балғындар да қалыспады. “Ботакан” балалар шығармашылығы фестивалінде, «Ғұмырдария» халықаралық балалар байқауында жеңімпаз болды. «Қазақ тілі» және «Жас Орда» қоғамдық бірлестіктерінің ұйымдастыруымен «Бала бақыты – ана тілінде» атты кент балабақшалары арасындағы сайыста топ тәрбиешісі Айнұр Жолмырзаева дайындаған балабақша бүлдіршіндері бас жүлдені иеленді.

Қазалы қаласындағы «Акерке» балабақшасына аяқ басқаннан көңіліміз сергіп сала берді. Мұнтаздай ауладағы жайқала өскен жасыл желекке сүйсіндік. Оған қоса кәдімгі бос қауашақтардан түрлі құстар, жануарлардың бейнесі тартымды

жасалыпты. Сұлулық падишасы әкку өзге де табиғат көрінісі алыстан жанарыңа шалынады. Кез келген жерде шашылып жататын, берекенді алатын сусын ыдыстары мұнда көдеге жарапты. Құлпырған хош иісті гүлдер әсемдікке жаны құштар, шаруаның жайын білетін иесі барын паш еткендей.

Қателеспеген екенбіз. Бұған «Акерке» балабақшасының меңгерушісі Жанат Көланованың кабинетіне қойылған көптеген мадақтау қағаздары куә болады. Соның бірінде аталмыш ұжымның облыстық «Үздік аула - 2011» байқауында жүлдегер атанып, қомақты қаржымен марапатталғаны көрсетілген. Облыстық «Үздік мектепке дейінгі ұйым» байқауында жеңімпаздар қатарынан табылса, «Үздік әдіскер» сайысында бас жүлдені иеленіпті. Сондай-ақ оқу жылының қорытындысымен аудан әкімі тағайындаған 50 мың теңгенің сертификатына жеңіп алды. Ал ізденімпаз меңгеруші Лаура Қуанышқызы «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ творчестволық бірлестігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Балабақшаның педагогикалық ұжымы «ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын» басшылыққа ала отырып «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» жүйесін жүзеге асыруға ұмтылады. Нәтижесі бөтен емес. «Акеркеде» тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы болып табылады. «Тәй-тәй» технологиясын пайдаланып, оқу іс-әрекеттерін өткізеді. Осы технология бойынша облыстық әдістемелік оқу орталығының келісімімен аудан көлемінде тірек балабақшасы болып белгіленген.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

– Айнұр Әбдірәсілқызы, өзіңізге белгілі, күн тәртібінен түспейтін тақырыптардың бірі – білім беру жүйесі. Сондықтан әңгі-мемізді білім беру жүйесіндегі зайырлылық қағидаттарын айқындаудан бастасақ, Дін саласындағы ғылыми-зерттеу мекемесінің басшысы ретінде осы қағидаттарды қалай түсіндірер едіңіз?

– Зайырлылық қағидаттары заңнамалық нормалар арқылы бекітілетіндіктен, бұл орайда алдымен заң тілімен сөйлеуге тура келеді. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның 3-бабының 4-тармағы бойынша діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен

лелер де ғылыми тұрғыдан оқытылады.

– Сөзіңіз аузыңызда, орта мектептерге аталмыш «Дінтану негіздері» пәні енгізілгені бері де біршама уақыт өтті. Қандай өзгерістер күтілуде?

– Бұл бағыт назардан тыс қалып отырған жоқ. Қазіргі таңда Дін істері агенттігі және Білім және ғылым министрлігі тарапынан аталмыш пәнді заман талабына сай жетілдіру мақсатында кешенді шаралар атқарылуда. Пәннің қоғамтанулық мазмұнын күшейте отырып, білім алушыларға зайырлы мемлекет қағидаттары мен қазақстандық қоғамның дәстүрлі құндылықтарын таныту мақсатында «Дінтану негіздері» пәнінің атын

курстарын ұйымдастыра алады. Қазір елімізде 334 исламдық сауат ашу курстары, 66 христиандық (православтық, католиктік және протестанттық) жексенбілік мектептер қызмет атқарады. Өз қалауына сәйкес аталған курстарда бастауыш діни білім алуға кез келген азаматтың мүмкіндігі бар. Кәметке толмаған балалар жоғарыда айтылғандай діни курстарға ата-анасының келісімімен бара алады.

Сонымен қатар «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның нормаларына сәйкес республикалық және өңірлік діни бірлестіктер дін қызметшілерін даярлаудың кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын

елінде бірнеше бағытта білімін жетілдіруіне жол ашылып отыр.

Исламдық орта оқу орны болып табылатын медреселердің таңдаулы түлектерін Түркия Республикасындағы атақты «Хасеки» институтына оқуға жіберу дәстүрге айналды. Мәскеу ислам университетімен, Қазан қаласындағы Ресей ислам университетімен және Өзбекстандағы ислами оқу орындарымен де бірлесе мамандар даярлау бағытында келісімдер жасалуда.

Сонымен қатар 2013 жылдан бастап «Болашақ» халықаралық бағдарламасы аясында «дінтану» және «теология» мамандықтарына грант бөліне бастағанын да атап айту қажет.

– Демек, осы айтылғандардың негізінде «зайырлылық қағидаттары рухани дамуға септеседі» деп тұжырымдасақ, артық айтқанымыз емес қой?

– Септесіп қана қоймайды, тікелей кепілдік те береді. Өйткені зайырлылық – руханиятсыз, ал руханият дінісіз болмайды.

Зайырлы мемлекеттегі діни және дінтанулық білім жүйесі біріншіден, мемлекеттік саясаттың жалпы қағидаттарына, екіншіден, қоғам сұранысына, үшіншіден заманауи бағдарлар мен білім жүйесінің даму болашағын ескере отырып жасалатын талдауларға сүйенеді. Соның негізінде қоғам өмірін құқықтық тұрғыдан реттей отырып, оның дүниетанымдық көзқарастарын ғылыми тұрғыдан байытады, рухани-мәдени құндылықтарының сақталуы мен дамуына жағдай жасайды. Сондықтан зайырлы білім жүйесі – мемлекеттің рухани дамуының кепілі деуге толық негіз бар.

– Дәл осы орайда соңғы әрі қорытынды сұрақтың сәті келіп тұрған тәрізді. Орта мектептерде ішінара бой көрсетіп отырған діни себептермен сабаққа қатыспау немесе мектеп формасын сақтамау секілді іс-әрекеттер қаншалықты заңды?

– Бірден атап айту қажет: Зайырлы мемлекеттің қоғамдық қатынастарды реттеу саласы жекелеген топтардың немесе діни бірлестіктердің ұстанымдарына емес, жалпы қоғамның мүддесіне негізделеді. ҚР Конституциясының 22-бабына сәйкес әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар. Бірақ дәл осы бапта жазылғандай, ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс. ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының 3-бабының 5-тармағына назар салсақ, ешкімнің өз діни нанымдары себептері бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқ.

Сондықтан осы аталған Конституциялық және өзге де заңнамалық нормаларға сүйене отырып құрастырылған ҚР «Білім туралы» заңының білім мекемесінің ішкі тәртібін сақтау (оның ішінде мектепте бірыңғай киім кию үлгісін кию, сабаққа қатысу тәртібі де бар) туралы талаптары азаматтардың ар-ождан және діни сенім бостандықтарын бұзбайды, керісінше олардың заңнамалық нормаларға кең түсінікпен, ашық азаматтық тұрғыдан қарауын міндеттейді. Яғни дәл сол бостандыққа қатысты құқықтық нормаларда оның шет-шегі де айқын көрсетілгенін түсіну керек.

Сол секілді ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының 3-бабының 8-тармағында ата-аналардың балаларды өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуіне мемлекеттің араласпайтыны айтылған нормада да ескерту ретінде: «мұндай тәрбиелеу баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндірген, оның құқықтарына қысым жасаған және жауапкершілігін шектеген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына, егемендігіне және аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған жағдайларды қоспағанда» деген қағидаттың тұрғанын да естен шығармау қажет. Бұл жерде де араласпау әрекетінің заңдық шектері айқын көрсетілген.

Сонымен қатар ата-аналар ҚР «Неке және отбасы туралы» Кодексінің 70-бабына сәйкес баласының міндетті орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті екенін және ҚР «Білім туралы» Заңының 49-бабының нормалары бойынша білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға, балалардың оқу орындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге міндетті екендіктерін ұмытпауға тиіс. Қорыта айтқанда, заң қағидалары азаматтарға ар-ождан және діни сенім бостандығын берумен қатар мемлекет алдындағы міндеттер мен жауапкершіліктерді қоса жүктейтінін есте тұтқан абзал. Қарапайым құқықтық сауаттылықтың шарты осындай.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Әділжан ҰМБЕТ.

ЗАЙЫРЛЫ БІЛІМ – РУХАНИ ДАМУ КЕПІЛІ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының директоры Айнұр Әбдірәсілқызымен сұхбат

тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады.

Ал Қазақстан Республикасының 2007 жылы 27 шілдеде қабылданған «Білім туралы» заңына сәйкес білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарының бірі білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты болып табылады. Сонымен қатар аталмыш заңға сәйкес білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың, бірлестіктердің ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметін жүргізуге, білім беру ұйымдарында нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айрықшалықты насихаттауға, педагог қызметкерлердің білім беру үдерісін саяси үгіттеу, діни насихат жүргізу мақсатында пайдалануына тыйым салынады.

Аталған ұстанымдар біріге отырып, еліміздегі білім беру жүйесінің зайырлылық қағидаттарын құрайды. Бұл қағидаттар білім алушылардың бостандықтары мен құқықтарын, қауіпсіздігі мен заң аясында әрекет етуін қамтамасыз ету мақсатында жасақталған.

Бұл орайда ең басты назарда ұстайтын нәрсе – зайырлылық дегеніміз дінісіздік емес, ол – гуманистік құндылықтарды, соның ішінде адамның ар-ұждан және діни сенім бостандығын жүзеге асыруды қолдайтын, дүниетанымдық еркіндікті, рухани саладағы ой-сананың көптірілігін мойындайтын, адамгершілік-өнегелілік және құқықтық құндылықтарға негізделген әмбебап жүйе. Сондықтан діни таным да зайырлы дүниетанымның бір бөлігі болып табылады.

– Демек, білім беру жүйесінің зайырлылығы діни білімге жол берілмейді дегенді білдірмейді ғой?

– Әрине, солай. Зайырлы жүйеде діни білімге де, дінтанулық білімге де тыйым салынбайды. Керісінше, еліміздің заңнамалары аясында діни және дінтанулық білім берудің өзіндік мүмкіндіктері жасақталған.

Әңгімемізді мектеп қабырғасынан бастап өрбітсек. Білім жүйесінің зайырлы сипатына сәйкес орта мектепте діни білім емес, дінтанулық білім беріледі. Ал діни білімді мектеп оқушысы өз қалауына сәйкес және ата-анасының келісімі бойынша діни бірлестіктер жанындағы сауат ашу курстарынан ала алады.

Дін – ұлт дүниетанымның, мәдениеті мен тарихының ажырамас бөлігі болғандықтан ел азаматтарының дін туралы түсінігінің дұрыс қалыптасуы орта мектептен басталуы тиіс. Сондықтан, бірінші кезекте дін туралы түсініктер мен діндер тарихы туралы мәліметтер, соның ішінде Қазақстан үшін дәстүрлі болып табылатын діндерге қатысты мағлұматтар, олардың пайда болуы, дамуы, қоғам өміріндегі орны туралы дінтанулық ақпараттар орта мектептен бастап, білім беру мекемелеріндегі «Тарих», «Алаштану», «Адам. Қоғам. Құқық», «Этносаралық келісімнің даму тарихы» секілді қоғамдық пәндер аясында оқытылып келеді.

Екіншіден, 2004 жылдан бастап еліміздегі орта мектептердің 10-сыныбында «Дінтану негіздері» пәні таңдамалы арнайы курс ретінде оқытыла бастағаны баршаға белгілі. 2009 жылдан бастап бұл пән 9-сыныпта оқытылатын міндетті факультатив пән ретінде бекітілді. Осы пән аясында оқушыларға діндер тарихы мен тәжірибесі, дәстүрлі діндер мен жана діни көзқарастар, Қазақстандағы негізгі діндер, олардың қасиетті кітаптары және діни мейрамдары туралы мол мәлімет берілуде. Сонымен қатар ислам дінінің қазақ жеріне таралуы, ұлт ғұламаларының рухани-діни мұрасы, туған топырағымыздағы исламдық мәдениет туындылары, Қазақстан мұсылмандарының діни танымдарына ханафи мазхабының орны секілді рухани тарихымызбен тамырлас өзекті дінтанулық мәсе-

«Зайырлылық және дінтану негіздері» деп өзгертуге шешім қабылданды. Жаңа бағдарлама жасакталып, мазмұнына өзекті толықтырулар енгізілді, бұл бағдарлама ҚР Білім және ғылым министрінің арнайы бұйрығымен бекітілді.

Қазір авторлық ұжымдар тарапынан жасакталған аталмыш пәннің оқулықтан, хрестоматия мен мұғалімге арналған құралдан тұратын оқу-әдістемелік кешеніне дінтану сараптамасы жүргізіліп, қайта толықтыруға жолданды.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінен сабақ беретін мұғалімдердің біліктілігін арттыру мақсатындағы білім жетілдіру курсының жүйелі, толыққанды бағдарламасын жасау және жүзеге асыру жоспарлануда. Қазірдің өзінде «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық қатынастар» атты арнайы көлемді әдістемелік құрал қазақ және орыс тілдерінде жасакталып, электрондық нұсқасы барлық өңірлерге жіберілді. Бұл жинақ қазіргі «Дінтану негіздері» пәнінің де, болашақ «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің де бағдарламасын толық қамтуымен ерекшеленеді.

Сонымен қатар жалпыға бірдей білім беретін орта мектептерді білікті маманмен толық қамтамасыз ету мақсатында жоғары оқу орындарында «Тарихшы-дінтанушы» мамандығымен педагог кадрлар даярлау мүмкіндіктері қарастырылуда.

– Ал дінтанулық білімнің жоғары оқу орындарындағы жай-күйі қандай?

– «Дінтану» пәні таңдамалы курс ретінде еліміздің 1400-ден астам жоғары оқу орындарының бағдарламаларына енгізілген. Білім алушылар өздерінің қызығушылықтары мен таңдауларына сәйкес осы пән арқылы дін туралы білімдерін кеңейте алады.

Ал еліміздің 6 жоғары оқу орнының арнайы кафедраларында діндер тарихы мен теориясын, мемлекеттік-діни қатынастарды, жаңа діни қозғалыстар мен діни ахуал мәселелерін зерттеп-зерделейтін дінтанушы мамандар даярланады. Атап айтсақ, олар: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Дінтану кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Философия ғылымдары және дінтану кафедрасы, Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Философия және мәдениет теориясы кафедрасы, «Нұр-Мұбарак» Мысыр ислам мәдениеті университетінің – Дінтану кафедрасы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Дінтану және теология кафедрасы, Шет тілдер және іскерлік карьеры университетінің Дінтану кафедрасы.

Қарағанды мемлекеттік университетінен өзге аталған оқу орындарында дінтану мамандығы бойынша магистратура ашылған. Қазақ Ұлттық университеті мен «Нұр-Мұбарак» университеті дінтану мамандығы бойынша PhD докторларын даярлайды.

Білім және ғылым министрлігі тарапынан «дінтану» мамандығына бөлінетін грант саны жыл сайын ұлғайтылуда. 2012-2013 оқу жылында оның көлемі – 65, 2013-2014 оқу жылында 77 болса, 2014-2015 оқу жылында 88-ге көбейтілді. Жекелеген оқу орындары өз гранттары арқылы дінтанушылардың белгілі бір бөлігінің ақысыз білім алуын қамтамасыз етуде.

– Ендігі кезекте еліміздегі діни білімнің ахуалына тоқталсақ, Діни білім алуға да толық мүмкіндіктер бар екенін жоғарыда атап өттіңіз. Ол қалай заңдастырылған?

– Қолданыстағы заңнамалар аясында діни білім берудің нақты тетіктері жасакталған. Еліміздегі ресми тіркелген діни бірлестіктер өздерінің жанынан діни сауат ашу

мекемелер нысанында діни білім беру ұйымдарын құра алады. Осы негізде қазір елімізде исламдық бағыттағы – 13 (2 қарилар дайындау орталығы, 9 медресе, Имамдардың білім жетілдіру институты, «Нұр-Мұбарак» университеті), христиандық бағыттағы 2 (православтық училище мен католиктік семинария) діни оқу орны құрылып, қызмет атқаруда.

Бұл орайда медреселер мен православтық училищенің техникалық-кәсіптік оқу орындарына теңестірілгенін, арнайы бекітілген стандартқа сәйкес жұмыс істейтінін және мемлекеттік үлгідегі диплом беретінін атап айту қажет. Ал «Нұр-Мұбарак» университетінде исламтану мамандығы бойынша жоғары діни және жоғары білімнен кейінгі діни білім беріледі. «Мария ана шіркеуі» епархияаралық діни семинариясы католик діни бойынша жоғары білімді мамандар даярлайды.

– Ал осы діни және дінтанулық білімді қатар алып шығатын мүмкіндіктер бізде қарастырылған ба?

– Білімі жөніндегі ресми құжаттарда аражігі ажыратылып көрсетілмегенімен, біздегі «Нұр-Мұбарак» университетінде оқытылатын «исламтану» мамандығы мен Халықаралық қазақ-түрік университетінде даярланатын «теология» мамандығы дінді діни тұрғыдан да, ғылыми жағынан да зерттеп-зерделеп оқуға мүмкіндік беретін бейіндік бағыттар болып табылады. Аталған мамандықтардың арнаулы стандарттары бекітілген, кәсіптік бағдарламалары қалыптасқан, оларға мемлекет тарапынан тиісті деңгейде грант бөлінген.

«Исламтану» мамандығының дербес қалыптасуын, осы мамандық бойынша бакалавриатпен қатар магистратура және докторантура бөлімдерінің ашылуын Қазақстандағы діни және дінтанулық білімнің өзіндік жетістігі деуге болады. Сонымен қатар 2014 жылы «теология» мамандығының алғашқы түлектері оқу бітіріп, өндіріске аралдаса бастады. Бұл да еліміздің рухани өміріндегі игі нәтижелердің бірі.

Атап айту қажет, кезінде атеистік саясатты ұстанған кеңестерден кейінгі кеңістікте діни және дінтанулық білімді мемлекет тарапынан құқықтық тұрғыдан реттеу, білім беру тұрғысынан жүйелеу, қызметіне мүмкіндік туғызу және қадағалау жағынан Қазақстан өзге елдерден оқ бойы озық тұр.

– Осы орайда шетелдермен байланыстар жөнінде бірер сөз қоспаңыз. Бұл жағынан да ілгерілеулер бар болар?

– Әрине. Елімізде діни және дінтанулық бағыттағы шетелдік жетекші оқу орындарымен тәжірибе алмасу, бірлесе мамандар даярлау тетіктері біршама уақыттан бері қалыптасқан. Дінтану, исламтану және теология кафедралары бар жоғарғы оқу орындарына алдыңғы қатарлы шетелдік университеттердің білікті мамандары арнайы бағдарламалар бойынша дәріс оқуға тұрақты түрде шақырылып отырады.

«Нұр-Мұбарак» университетінің деңгейін халықаралық стандарттарға сай дәрежеге көтеру мақсатында мұсылман елдеріндегі ең ежелгі және алдыңғы қатарлы оқу орындарының бірі – Мысырдағы «әл-Азхар» университетімен тығыз байланыс орнатылған. Біздің университет студенттері 3 курста «әл-Азхар» университетінде 6 айлық оқу курсынан өтеді. «Нұр-Мұбарак» университетінде «әл-Азхардың» жоғары білікті 14 оқытушысы дәріс береді. Университет сонымен қатар Малайзия ислам университетімен тәжірибе алмасу бағытында ынтымақтастық орнатуда. Өткен жылы қол жеткізілген Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Мысыр Патуа беру орталығымен және әл-Азхар университетімен арасындағы келісімдерге сәйкес жоғары білімді исламтанушылардың Мысыр

● БАЙҚОҢЫР – 60



төңірегіндегі Төретам мен Ақай елді мекендерін бөле-жара қарауға болмайды. Олар кезінде ғарыш кешені үшін көліктік және ауылшаруашылықтық инфрақұрылым ретінде қалыптасқан болатын. Сонымен бүгінгі ғарыш кешенінің жағдайы қалай? Газет тілшісінің сауалдарына ҚР Президентінің “Байқоңыр” кешеніндегі арнайы өкілі, облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов жауап береді.

ҒАРЫШ КЕШЕНІНІҢ ЖҰЛДЫЗДЫ СӘТІ

Бүгінде Байқоңыр қаласында 74 мыңнан астам халық тұрады. Бұрын бұл ғарыш кешенімен байланысты болғандықтан мемлекеттік құпиясы бар қала ретінде саналатын. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қаланың жағдайы мен мәртебесі біршама өзгерді. Бүгінде қала мен ғарыш кешені Ресей Федерациясына ұзақ мерзімге жалға берілгенімен, оның тұрғындарының жартысынан астамы Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады.

Байқоңыр туралы айтқанда оның төңірегіндегі Төретам мен Ақай елді мекендерін бөле-жара қарауға болмайды. Олар кезінде ғарыш кешені үшін көліктік және ауылшаруашылықтық инфрақұрылым ретінде қалыптасқан болатын. Сонымен бүгінгі ғарыш кешенінің жағдайы қалай? Газет тілшісінің сауалдарына ҚР Президентінің “Байқоңыр” кешеніндегі арнайы өкілі, облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов жауап береді.

– Серік Салауатұлы, Байқоңыр қаласы Ресейге 2050 жылға дейін жалға берілген Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігі болып табылады. Демек бұдан туындайтын мәселелердің өзі де осымен сабақтас емес пе?

– Жалға берілгеннен кейін қала Ресей Федерациясының федералдық маңызы бар аймағы болып табылады. Жыл сайын ішкі миграцияның есебінен қалада тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының қатары өсе түсуде. Әрине, оның қаладағы халықтың табиғи өсіміне тікелей ықпалы болып отыр. Ал, “Байқоңыр” кешені сол қала тұрғындарының басты тіршілік көзіне айналған кәсіпорындарды құрайды. Оған бірқатар ғарыш кешенінің жер үстіндегі инфрақұрылымдарын қосыңыз.

Тұрғындардың, қаланың өмірлік қажеттілігін қамтамасыз ету көп жағдайда “Байқоңыр” кешені Ресей Федерациясының және Қазақстан Республикасының ғарыштық бағдарламаларының жүзеге асырылуымен байланысты болып отыр.

– Енді бір сауал. Ол Байқоңыр қаласының мектептеріне қатысты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қазақ тіліндегі мектептер ашу бірқатар кедергілерге тап болса, қазір мұндай білім ошақтары жемісті жұмыс істеуде. Бұл орайда оқудың стандарттары туралы не айтуға болады?

– Қазіргі таңда облыста Байқоңыр қаласында 14 жалпы білім беретін мектеп бар. Оның жартысынан астамы орыс тілінде, алтауы қазақ тілінде сабақ береді. 800 мұғалім бар. 14 мектепке дейінгі балалар мекемелерінде 300-ден астам тәрбиеші жұмыс істейді. Олардың қамтуында 3000-нан астам бала тәрбиеленуде. Бұған қосымша екі әуез мектебі, спорттық және көркемсурет мектебі, төрт жоғары және үш орта арнаулы оқу орындары бар. Оқу стандарттарына келсек қазақ тілінде дәріс беретін мектептерді қосқанда барлық оқу орындардағы оқыту жүйесі Ресей стандарттарымен жүргізіліп келді. 2014 жылдың желтоқсан айында Мәскеуде үкіметаралық келісімге қол қойылып, осының нәтижесінде алты мектеп пен бір балалар бақшасын Қазақстан Республикасына заңдылық мәртебесіне беруге шешім қабылданды. Келісім бойынша 2015 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қазақ мектептерінде оқыту қазақстандық білім стандарттарымен жүргізілетін болады.

– Қалада және кешенде қанша Ресей және Қазақстан кәсіпорындары бар? Оларда қанша адам жұмыс істейді?

– “Роскосмос” мекемелерінде 17 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Байқоңыр қаласының 8 мыңға жуық тұрғыны қала әкімшілігіне қарайтын кәсіпорындар мен мекемелерде еңбек етеді. Тағы 1200 адам Ресейдің “Байқоңыр” кешеніндегі ішкі істер органдарында, 700-тен астам адам Ресейдің төтенше жағдай министрлігінің ұйымдарында қызмет істейді. Егер Қазақстан жағын алатын болсақ, оның мекемелерінде 600-ден астам адам бар. 3 мыңнан астам адам шағын және орта бизнес салаларында қамтылған. Барлығын қосып айтқанда “Байқоңыр” кешенінің кәсіпорындары мен мекемелерінде, сондай-ақ кіші және орта кәсіпкерлік саласында 35,5 мың адам қамтылып отыр. Ал кешеннің барлық саласында 16,7 мың Қазақстан азаматтары жұмыс істейді.

Кәсіпорындардың көпшілігі Ресей Федерациясына бағынышты. Қалада Ресей федерациясының заңы қызмет істейді. Осыған сәйкес жалақы Ресей рублімен беріледі. Шамамен Қазақстан Республикасының 14 мыңнан астам азаматы жалақысын рубльмен алады. Ресей рублімен зейнетақы алатын жеті мыңға жуық азаматтың жартысы қазақстандық азаматтар. Қазақстандықтардың жалақысына соңғы уақытта болған экономикадағы теріс құбылыстар айтарлықтай әсер етті. Себебі, АҚШ пен Евроодақтың санкцияларынан кейін Ресейдің ұлттық валютасы өз құнының жартысын жоғалтты.

– Жылдың басында ҚР Президентінің “Байқоңыр” кешеніндегі арнайы өкілінің қызметін қамтамасыз ету мақсатында жаңа басқарма құрылды. Оның қызметі туралы не айтасыз?

– Қазіргі таңда “Байқоңыр” кешенін дамытуға айрықша мән берілуде. Жыл басында Қызылорда облысының әкімінің қаулысымен “Байқоңыр” кешеніндегі ҚР Президентінің арнайы өкілінің қызметін қамтамасыз ету мақсатында басқарма құрылды. Оның басты міндеті Қазақстан Республикасының Орталық және жергілікті басқару органдарымен бірлесе отырып, жергілікті жерде мемлекеттік саясатты тиімді жүргізу болып табылады.

– Төретам мен Ақайдың бүгінгі жағдайы туралы не айтасыз?

– Төретам мен Ақай Байқоңырдың іргесінде орналасқан. Онда 16 мың халық тұрады. Оның 10,2 мыңы экономикалық белсенді халық тобының қатарына жатады.

Байқоңыр кешенін бірлесіп пайдалану жөніндегі 2014-2016 жылдарға арналған “Жол картасына” сәйкес қабылданған арнайы кешенді бағдарлама бар. Кешенді жоспар 35 тармақшадан тұрады. Оны жүзеге асыруға 6,3 млрд теңге республикалық және жергілікті бюджеттен қаралып отыр. Облыс әкімдігі қазіргі таңда оны жүзеге асыру жөнінде тиісті шараларды іске асыруда. 2015 жылдың басына 1 млрд теңгенің жұмыстары атқарылды. Қаланы газдандыру жұмыстары басталды.

Халықтың тұрмыс деңгейін төмендетіп алмау мақсатында аймақта “тұрақтылық аймағы” құрылуда. Осыған сәйкес Төретам және Ақай елді мекендерінің серпінді дамуына басымдық беріліп отыр. Олар облыстың тірек ауылдық елді мекендерінің қатарына енгізілген.

– Үстіміздегі жылдың 2 маусымында “Байқоңыр” кешеніне 60 жыл толады. Осыған сәйкес қандай шаралар өткізуді жоспарлап отырсыздар?

– Байқоңырдың 60 жылдық мерейтойын өткізуге дайындық жұмыстары қала әкімшілігімен бірлесіп атқарылды. Барлығы 50-ге жуық шаралар жүргізіледі. Олар қазіргі өзінде тиісті кестеге сәйкес басталып кетті. Негізгі салтанат 1-2 маусымда өткізіледі. Байқоңыр мерекесіне Қазақстанның және Ресейдің, барлық елдердің өкілдері, ардагерлер келеді. Жастардың ғарыш ардагерлерімен кездесуі ұйымдастырылатын болады. Осы өңірді дамытуға үлес қосқан азаматтар марапатталатын болады. Сонымен бірге бірқатар спорт шаралары өткізіліп, концерттер ұйымдастырылады.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан Ж.ӘЛМАХАН.



БАЙҚОҢЫР ҒАРЫШ АЙЛАҒЫНЫҢ 60 ЖЫЛДЫҒЫН ТОЙЛАУЫНА АРНАЛҒАН 1-2 МАУСЫМ КҮНДЕРІ БАЙҚОҢЫР ҚАЛАСЫНДА ӨТЕТІН ШАРАЛАР

№	Іс-шара атауы	Өтетін мерзімі	Өтетін орны
1	Байқоңырдың 60 жылдығына арналған салтанатты жиналыс және мерекелік концерт	1 маусым Сағ: 20.00	Байқоңыр қалалық мәдениет үйі
2	Қайтыс болған зымыраншылардың мемориалына және зымыран-космостық техниканың басты құрастырушыларының ескерткіштеріне гүл-шоқтарын қою рәсімі	2 маусым Сағ: 08.30	Мемориал
3	Байқоңырдың 60 жылдығына арналған салтанатты іс-шара	2 маусым Сағ: 09.30	«Десятилетие» стадионы
4	«Қорқыт-ата» Мемориалды кешеніне экскурсия	2 маусым Сағ: 16.00	Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы
5	Мерекелік концерттік бағдарлама (мерекелік от ішуі)	2 маусым Сағ: 20.00	Ленин алаңы және Королев сквері

Отбасының өмірі сияқты ел болған соң бәрі болады екен. Толағай табыстар да, сындарлы сағаттар да, жалаулатқан жеңістер де, ел есесін түсіретін қысылтаяң кезеңдер де.

2012 жылы қызметтік сапармен Қызылордаға «Алаштың Ақселеуі» атанған ардақты ағамыз Ақселеу Сейдімбек келді. Қасында рухани тілектес досы Қойшығара Салғарин ағамыз бар. Сол кісілермен 4-5 күн бірге жүрудің сәті түсті. Орайы келіп ағалар онашаланған сәттерде ел тарихына қатысты өзін де түсіне бермейтін толғаулы кейбір мәселелер төңірегінде әңгіме өрбітуге тырысамын. Әйгілі этнограф Ақселеу ағамыз көбіне іркілмейді. «Осыларға айтпағанда, енді бізді кім тыңдайды» деп досына жеңіл әзіл тастап, әңгіменің тиегін ағыта жөнеледі. Сөз арасында кей фактілерді Қойшекене «солай емес пе?» деп мақұлдап та қояды. “Жеке адамның қуанғаны, қайғырғаны бөлек. Ал елдің тағдыры қыл үстіне шығып, бабаларымыз атамекенін тастап ауа көшуге мәжбүр болған жағдайда кандай ырым-жырымдар, ғұрыптар жасаған?” деп сұрадым бірде. Марқұм Ақселеу ағамыз көп ойланyp жатпай-ақ «Айналайын, қазаққа «Сауран айналған» деген бар. Бұл ұғым тарихымыздың ауыр тұстарын меңзейді. Ел шегіне жау тиіп, бірліктен береке кетіп, тұтас бір тайпа немесе жүз атамекенін тастап басқа жакқа көшуге мәжбүр болған тұста ұлы көш жылап-сықтап Сауран қаласын 3 мәрте айналып шығып, бір-бір уыс топырақ алып, бас сауғалап кете барған» деп жауап берді. Бұл туған жерге, өскен елге деген қимастық пен құрмет сезімінің ауыр көріністерінің бірі болар, бәлкім. Неткен ауыр амалдар десеніңіші?..

Екінші бір ел күйзелісінің көрінісі әр ғасырда біртуар арда азаматы бақилық болғанда білінетіндей... Ол күні мемлекеттік тулармен бірге елдің де енесі түсіп кетеді. Адамдар бұл фәнидің уақытша, жалған екенін естеріне енді түсіргендей пұшәйман күйге енеді. Осындай ауыр күн өткен жылдың 6 маусымында болды. 62 жасқа қараған шағында бар саналы өмірін халқының тыныштығы мен қауіпсіздігі жолына арнаған адал азамат, ішкі істер саласының беделді қызметкері Ғалымжан Ахметұлы дүниеден озды.

Халық – құдайдың бір аты. Халық аяулы азаматынан айырылғанда ғана күніренеді, қайғырады, аза тұтады. Ардақты азамат, Ғалымжан Ахметұлы өмірден озған кезде төңіректі түгел түнec басқандай ел қаралы күйде болды. Мұндай көңіл-күйдің өз-ақ марқұмның қадірінің қаншалықты деңгейде болғанын білдіретін және соған жасалатын құрметтің көрінісі секілді. Расында да Ғалекен кандай құрметке болса да лайық азамат еді. Бұған оның соқтықпалы-соқпақты өмір жолы дәлел бола алады.

Хакім Абай 17 қарасөзінде: “Құдайшылық сонда, қалпынды таза сақта. Кітапта Құдай тағала әрдайым қалпына қарайды» дейді. Сол дана Абайдың Имангүл деп аталатын пәлсафалық ілімінде үш тәмсіл бар. Мәселен, «махабатпен жаратқан адамзатты, сен де сүй ол Алаһы жаннан татті» дейді. Екіншісі, «... адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» тұжырымдалады. Содан кейін «... және сүй хак жолы деп ғаділетті» деп қорытады. Ғалымжан марқұмның өмірінің сапасына ұлы Абайдың таным-түсісігі арқылы қарасақ, жарықтық дала данышпаны осы өсетін дөл Ғалекене арнап айтқандай және біздің кейіпкер оларды ғұмырлық ұстанымы етіп алып, мүлтіксіз орындағандай көрінеді.

Әділдік деген ұғымның астарында халықпен бір болу деген мағына жатыр. Халық арып-ашып отырғанда, шіріген бай болу-әділетсіздіктің белгісі. Ал кез келген қоғамның бірлігі-әлеуметтік әділдікте. Басқалай болса, ол қоғам өз ішінен іріп-шіріп, бөлшектене бастайды. Қайшылықтар мен қақтығыстар көбейеді. Міне, Ғалымжан Ахметұлы өзінің азаматтық және кәсіби ұстанымы, өмір сүру формуласы етіп әділеттілікті алды. Осыны құндылық тұтып, қызметінің мазмұны ретінде бағалап басты бағдаршам етті. Өмірінің ақырына дейін осы хак жолынан бір сәт тайған жоқ. Не деген қайсарлық десеніңіші! Рас, ол біріншіден, батыр болатын. Батырлық деген де әркімнің шылауына ілініп, басына қонып, бойына дари бермейтін дара қасиет. Бірде көңігі қылмыскер бастаған топты қызылордалық полицейлер ауыр қылмыс үстінде қоршауға алады. Атыс-шабыс болады.



орындай алмағандарға екінші қайтып көңіл бөлмеуші еді. Ондайлар Ғалекен үшін жоқпен тең. Облыстық ішкі істер департаменті бастығының бірінші орынбасары болып тұрғанда Ғалымжан Ахметұлының қабылдауына келген үлкен-кіші, әділетсіздіктің құрбаны болған зәбір көруші, өмірден орнын таба алмай қиналған бұрынғы сотты болған, оның алдынан риза болып тарасатын. Өйткені, ол өзгенің проблемасын өзінің проблемасындай қабылдайтын еді. Хатшы ұстаған жоқ, есігі азаматтарға әрқашан айқара ашық болды. Жайлы қабылдап, жылы сөйлеседі. Кімге болса да қолынан келгенше көмектесуге бейім тұратын.

Ізбасар шәкірттеріне кәсіби қолдау көрсетумен қатар өз бойындағы адамгершілік қасиеттерін де дарытуға ұмтылды. Жастарды білгір маман ғана емес, білікті адам ретінде қалыптастыру арқылы полицейлерге

ойшылдары өздерінің ұлылығын мойындағанда, яки мойындатқанда: «біз өзімізге дейінгі ұлылардың иығында тұрмыз, қалай ұлы болмайық» дейді екен. Осы ой өрнегін ішкі істер саласының қызметкерлеріне қарата қолдасақ, Ғалекен де өзіне дейінгі М.Пейісов, Х.Әбенұлы, Е.Демесінұлы, А.Жәлімбетов, А.Сағымбаев, Т.Рахимов, Қымбат Камалқызы сияқты ұлық ұстаздарының иығында тұрғандай. Бұған қоса ол А.Саванков, Б.Көпенова, Ғ.Алпысбаев, Қ.Әбенов, С.Көшкінбаев, С.Тұңғышбаев, С.Ким, С.Есмағамбетов, А.Чжен, Ж.Қошқаров секілді замандас-әртіпестерінің қолдауынан қуат алды. Тағы бір қасиеті Ғалекен адамдармен шынайы араласа білетін. Соның әсерінен болар, ешкімді алааламай, бәрімен әділ қарым-қатынас жасады. Ешкімді ешқашан бөтен санап, бөлектеген емес. Ел ардақтыларынан Қорғанбек Қайруллаев – рухани ағасы, ал Мерғали Ибраев өкіл ағасы болатын. Ардагерлерді құрметтеуі өз алдына, әсіресе, анасын ерекше қадірлейтін. Анасына қажет азық-түлікті де өзі апарып бергенін талай көзіміз көрді. Астанаға лауазымы жоғары қызметке шақырғанда да анасының қас-қабағына қарап, оны қиып кете алған жоқ.

Алланың өлшеп берген ғұмырын көпсінуге немесе азынсу күпірлік болар. Бірақ бір өкініштісі – Ғалекен замандастарынан, ізбасар інілері мен шәкірттері тарапынан ағаларына жасағандай сый-құрметті енді өзі көретін шақта көз жұмды. Дегенмен, шүкіршілік. Артында қалған балаларына бас-көз болып отырған Асылзат Сүлейменқызындай аяулы жары бар. Екеуінің қандарынан жаралып, жандарынан нәр алған Майра мен Меруерт секілді сүйкімді қыздары, Мараттай сүйікті ұлдары үйлі-баранды болып отыр. Жауказындай жайнап бірнеше немерелер жетіліп келеді.

Осы күндері Ғалекеннің өзі де, баласы Марат та оқыған, қазір немересі білім алып жатқан №198 мектептің алды абаттандырылып жатыр. Елінің қадірлісі, халқының құрметтісі болған әкесінің есімін ұлықтау мақсатында мектеп маңын көркейтуге қажетті қаражат бөлген Марат Ғалымжанұлы екен. «Әке көрген оқ жонады...» деген, «Тұсаң ту!» дейік мұндайда.

Дүниеден озғанына жыл толған марқұм Ғалымжан Ахметұлы облысымыздың, соның ішінде ішкі істер органдарының мәртебесін көтеруге олшеусіз үлесін қосты. Қоғамның полицейлерге деген сынаржақты көзқарасын өз тәжірибесі мен өнеге-үлгісі арқылы өзгертуге тырысты және біршама өзгертті де. Халық қанша жаза басқанмен Ғалымжан Ахметұлы сияқты әділ басшылар тұрғанда құқықтарының аяқасты болмайтынын, ар-намыстарының тұрпайы күшке тапталмайтынын білді. Сол үшін оның барына қуанды. Өлдіге қимады. Ұлтымыздың ұстазы А.Байтұрсынұлы «өлмейтін адам емес, оның атағы» депті. Сол айтқандай, Ғалекен марқұмның ар-абыроймен, әділдікпен, ерен еңбекпен тірісінде жинаған атағы ешқашан өлмейді, оның қайталанбас тұрпатты тұлғасы мұнарланған бұлттар да жасыра алмас шуақты күндей жадымызда жарқырап тұра береді. Топырағыңыз торқа болсын, жаныңыз жаннатта шалқысын, қадірлі Ғалымжан аға!

Нұрлыбек МЫНЖАС,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ
«Қазақстан халқы Ассамблеясы»
кафедрасының меңгерушісі,
Қайрат БАЙҚАДАМОВ,
ОПД қызметкері,
полиция подполковнигі.

НАРКЕСКЕН

Ғалекен сондай сырбаз азаматтардың бірегейі еді.

Екімыңыншы жылдардың басында Тасбоғетте ауыр кісі өлімімен аяқталған қанды оқиға болды. Жұрт үрейлі, әрине, арасында құқық қорғаушылардың атына да ауыр сөздер айтылып қалып жатты. Осы бір шиеленген жіптей шым-шытырық істі қатардағы полицейлердің бірі ашты. Өлгі жігітке риза болған Ғалекен оны шақырып алып, қолына өзінің су жаңа ВА3-2109 көлігінің кілтін ұстатыпты. Мұны мәрттік демей көріңізші...

Ғалекен марқұмның және бір өзгешелігі темірдей тәртіпке, бұйрықты бұлжытпай орындауға негізделген құқық қорғау органында жауапты қызметте жүрсе де, тәуелсіз ойлауға бейімділігінде болатын. Оның тығырықтан тез жол тауып, ең қажет шешімді қабылдай білуі де осы ойлау мәдениетінің биіктігінде жатса керек. Осындайда неміс ойшылы Гегельдің «егер адамдардың бәрі бірдей ойласа, онда ешкімнің ештеңені ойламағаны» деген сын-пікірі еске түседі. Демек, еркін және басқаша ойлай білу адамды басқа қырынан танытатын қажеттілік болып шығады.

Жұмыста қиядағыны көзі шалып, сергек отыратын ол. Қай жерде ауыр қылмыс жасалса, соған кез келген көлікпен жетіп барып, тергеу амалдарының әділетті, заңды және белсенді жүруін өзі бақылайтын. Ол үшін бітпейтін жұмыс, ашылмайтын қылмыс жоқ. Керісінше, жұмысты бітіре алмайтын болдыр, қылмысты ашудың жолын, көзін таба білмейтін білімсіз қызметкер бар. Сондықтан жас қызметкерге әркез қылмыстың алдын алу, жасалған қылмыстық әрекеттерді ізін суытпай ашу, нақты кінәліні табуға қатысты кеңестерін беріп, үнемі мол тәжірибесімен бөлісіп отыратын. Расында да, Ғалекен жұмысқа көзсіз берілген жан еді. Демалыс дегенді білмейтін, уақытпен еш санаспайтын. Ғалекеннің адам жұмсағаны да бөлек. Орынсыз былапыт сөздерді қардай боратып, балағаттап ешкімнің намысына тимейді. Әуелі мірдің оғындай сөздерімен жан-жүрегіңді жұлқып-жұлқып алады, содан соң сананды сілкіп-сілкіп қалады. Осылайша қайрат-жігерінді намысына жанып, өзінді өзіне сендіріп жібереді. Қарама-ғындағыларға тапсырманы осындай тәсілмен беретін. Ал тапсырманы қандай да бір себептермен болмасын,

АТА-ТЕК – АТА-БАБА АМАНАТЫ

Облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен “Сыр бөбегі” балабақшасында “Ата-тек – ата-баба аманаты” тақырыбында акция өтті. Шараның мақсаты – мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру және ұлтымыздың нышаны іспеттес тегіміз бен аты-жөнімізді ана тілімізде жазуды көпшілікке насихаттау. Аталмыш шара 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналып отыр.

Акция аясында қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері жайында бейнесюжет көрсетіліп, баяндама тыңдалды. Балабақша тәрбиешілері сәбиге есім беру жайында қойылым көрсетті. Сондай-ақ, бүлдіршіндердің ата-аналары ата-текке байланысты өз ойларын ортаға салды.

Акция мерекелік кешке ұласып, балалар ән шырқап, ұлттық билерімізді биледі. Келген қонақтар тәрбиешілер мен бүлдіршіндер қатысқан мерекелік шараға өз алғыстарын білдіріп тарқасты. Акция соңында облыстық ішкі саясат басқармасы мамандары “Сыр бөбегі” балабақшасына бүлдіршіндердің ой-өрісін дамытатын дидактикалық ойыншықтар тарту етті.

– Ұлттық салт-дәстүрімізді, тілімізді, тарихымызды бала кішкентайынан толық білуі қажет. Тарихымыз бен ана тілімізге балалардың құрметпен қарауына бүгінгі болып



жатқан шараның ықпалы болады деген ойдамын. Барлық қатысушыларға басқарма атынан алғысымды білдіремін, – деді облыстық ішкі саясат басқармасының бөлім басшысы Өлімжан Мұратбайұлы.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

ЖАС ҒАЛЫМДАР БАЙҚАУЫ

Қазақстан халқы Ассамблеясы облыстық хатшылығы, облыс әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» орталығының ұйымдастыруымен республикалық жас ғалымдар байқауының өңірлік кезеңі өтті.

Жас ғалымдардың ғылыми-сарапшылық әлеуетін тарту арқылы этносаяси және этноәлеуметтік жағдайын жетілдіруді мақсат еткен байқауға өңіріміздегі жоғары, орта және арнаулы орта оқу орындарынан 35 жасқа дейінгі 10-нан астам үміткер қатысып, өз бақтарын сынады. Қатысушылар байқауға этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісіне арналған ғылыми жұмыстарын ұсынған. Нәтижесінде I орынды «Болашақ» университетінің «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, саяси ғылымдарының кандидаты Мұрат Насимов иеленсе, II орынды Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының оқытушысы Кенжебек Бұхтаров еншіледі. Жүлделі III орын «Сыр медиа» ЖШС жанындағы ақпараттық талдау орталығының басшысы Сәулет Сахиевке бұйырды. Жеңімпаздарға планшет пен арнайы дипломдар табысталды. Ал, өзге қатысушылар тарихи кітаптар мен алғыс хаттарға ие болды. Айта кету керек, I және II орын иегерлерінің жұмысы Астана қаласында өтетін республикалық байқауға жолданып болады.

М.ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Жұмыр басты пенденіз жарық дүниеге келіпті. Бұйырған дәмін татыпты, кемді күн өмірдің нелер өткелегінен өтіпті. Кезегі келгенде жалғаншыдан озыпты. Уақыт кі-дірмепті, шығандап алға кетіпті. Бір замандарда әлгі пенденіздің ар-тында тек екі күні ғана белгілі бо-лып қалыпты. Туган күні мен көз жұмған күні қаралы құлпытасқа жазылып қалады екен. Ал осы екі аралық кейінгі жаңа ұрпаққа түгел тұман. Енді тағдырға налымай кө-рініз.

Дегенде, осындай жұмырбасты-лардың қалың ортасында дүн-дү-ниенің сан тарау соқпағына ізін қалдыратындар да болған, бола да береді. Өмірден өткен ақын ағамыз



ХАЛЫҚТЫҢ МҰҢЫН ЖЫРЛАҒАН АҚЫН

Сейіл Боранбаевтың тағдыры осын-дай ойға жүгіндірді. Секеңнің тал бесіктен жер бесікке дейінгі тұмы-рының бәрі жырларында жазылған. Айтылмағаны қалмаған деуге де болады. Ақын тағдыры тауқыметке толы. Өткен ғасырдың отызыншы жылында жарық дүниенің есігін ашқан сәбидің қашан ақтық демі біткенше басынан нелер өтпеген. Ол інгәлап бесікте жатқанында ел де ашаршылық аранын ашты. Жеті жасында мектепке барғанда реп-рессияның шалғы орағы халықты қансыратты. Ел іші енді-енді есін жия бергенде соғыс лаңы ойран салды. Балалық шақтың бал дәурені көз жасын мелдектеткен қасіретке айналды.

Кемді күн көңіліміз жарасып түз-дәмдес болған қаламдас ағамыз халқы-мыздың басынан өткен қи-лы заманның жақсылығын да, зобалаң қиянатын да жүрегінің сүзгісінен өткізіпті. Ол жарық дү-ниеге ақын «мандатымен» келсе де, көптеген қаламдастарындай тағ-дыр салған өмір жолын бірден ақын болып бастаған жоқ. Қатар құр-быларындай тартығып жүріп, тын-бай талпынып жүріп жоғары білім алды. Мектепте мамандығы – тарих пәні бойынша мұғалім болды.

Иә, жаратушы жан Иеміздің осындай сүйген құлына ісініп та-лант нәрін бергенімен, сонасына қоса оның жүрегіне батпан салмақ түсіріп сынаққа салатыны да бар. Қаламмен жұмыр кешетін жан-ға рухани бейнет молынан бұйы-рады. Секең өзінше жыр толғай жүріп газет жұмысына бар ынта-сымен шындап араласқан. Партия атынан ақыл айтып, кеңес беретін биліктегілердің қатарында жүр-ген. Солармен тағдырлас, пікірлес, ымыралас болған. Сол кездегі жо-ғары сатыдағылардың «меншіктеп алғанындай» партияның солдатына айналған Секең қақырлы еңбе-гінің арқасында Қазалы аудандық газетінің 22 жыл бойына редакторы және оған қоса аудан партия коми-тетінің бюро мүшесі болған.

Иә, облыс партия ұйымдары-ның тарихында өлкедегі 8 аудан-дық газет редакторларынан жалғыз осы ағамыз бюро мүшесі болып сайланған. Несін айтасыз, уақы-тында ол да бір өзінше ерек дәурен болып өте шыққан.

Ақын – партияның бюро мү-шесі. Мұндай беделді дәрежеге күні

кешегі кедей шаруаның қара сирақ баласы әлбетте бірден жете қойған жоқ. Бұған дейін оның алдында оңайлықпен өткел бермес сан та-рау жолдар жатты мұнарланып. Қаламын қолынан студент кезінен тастамай жүріп өлеңмен «ауырған» жас перен саналы еңбек жолын пединститутты бітіруіне мұғалім болудан бастаған-ды. Сол кезде Ол өзі таңдап түскен жас өскіндерді тәрбиелеп кәметке жеткізетін ең ізгілікті бағыттан тағдырдың басқа жолға салып жіберерін әлбетте біл-ген жоқ. Сүйріктей жігіттің жара-тылысынан талант ұшқынын бай-қаған болар, аудан басшылығы оны «Социалистік жол» газетінің бөлім меңгерушілігіне бекіткен.

Ақынның журналистік жолы 1957 жылы осылай басталған. Ара-да екі жыл өткенде КСРО Журна-листтер одағының мүшелігіне қа-былданады. Бөлім меңгерушілігінен жауапты хатшы, 1960 жылдың көк-темінде сол «Социалистік жол» газетінің редакторы болып тағай-ындалады. Бірақ 1962 жыл баста-луына партократ Н.Хрущёвтің «реформасымен» Арал, Қазалы ауданы біріктіріліп, газет жабылған. Обком «Социалистік жолдың» ты-нысы тынғасын, С.Боранбаевты облыстық «Ленин жолы» газетінің жауапты хатшылығына бекітеді. 1964 жылы Хрущёв тақтан кетті. Қазалы қайтадан өз алдына аудан болды. Басшылық жаңарған. Сейіл аға енді аты өзгерген аудандық «Ленин туы» газетінің редакторы болып оралған. Осы қызыметін 19 жыл атқарған. Оның бюро мүшесі болғаны – осы кезеңде.

Сейіл аға 1982 жылы обкомның ұйғаруымен «Ленин жолы» газеті редакторының бірінші орынбасары, ал 1984-1988 жылдар аралығында баспа, полиграфия және кітап сау-дасы мекемесін басқарды. Жасы толғасын 1990 жылы сол қызметінен зейнетке шығып, 2003 жылға дейін облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы болды. Қадірмеді ағамыз «партияның солдаты» болған, әр кезеңі қарбаласпен өткен, жан жү-регің қоғамның ыстық-суығы бірдей шарпыған осы жылдарында (1957-2003 ж.ж.) қаламын да ба-бында ұстады. «Жазушы» және «Жалын» баспаларында «Ұстаз», «Қалтқы», «Табиғатқа тіл бітсе», «Мырза маусым», «Қайырлы таң» деген 5 өлеңдер жинағы жарық көрген. Және балғындардың тілімен балаларға арнап жазған 20 әңгімесі

«Пионер» журналы мен «Қазақстан пионері» газетінде жарияланыпты. «Қазақ совет балалар поэзиясының антологиясы», «Балалар әдебиеті-нің хрестоматиясы», Вильнюстің «Витурис» баспасынан литван ақы-ны Альфредас Шимкустың тәржі-масымен «Дала қызғалдақтары», «Қарақалпақ» баспасынан «Дала туысқандығы» деген жинақтарда таңдаулы өлеңдері жарық көрген. Ал М.Шолоховтан «бата алған» Владимир Ащеулов қаламдасының өлеңдерін орыс тіліне тәржімалап, түрлі басылымдарда жариялады.

Ақын ағамыздың өзі де С.Мар-шактың, Б.Полевойдың, В.Ано-хиннің, Фазу Алиеваның, Юрий Яковлевтің, Абдурафе Рабиевтің,

Совет Одағының Батыры Яков Михайликтің және 7 кәріс ақын-дарының шығармаларын өне бойы тәржімалаумен айналысып, шы-ғармашылық шеберлігін жетілді-румен болды. Қазақта кара сөзден дес бермеген С.Мұқановтан бастап, Ә.Тәжібаев, А.Токмағамбетов, М.Қаратаев, Ә.Сәрсенбаев, Қ.Бек-қожин, С.Мәуленов, Қ.Мырзалиев, Ә.Әлімжанов, Н.Серәлиев, З.Шү-кіров, Т.Молдағалиев, Ж.Нәжіме-денов, О.Бөкеев және атақты пар-тизан Қ.Қайсенов сынды қалам-герлермен «аттан түскенше» қа-рым-қатынаста болып, рухани ой-өрісін шарықтатты.

Сол жылдары Сейіл аға Қа-залы аудандық және Қызылорда қалалық партия комитетінің мү-шесі, аудандық және қалалық со-веттің депутаты болды. Советтер елінде еңбеккерлер мен басшы партократтар үкімет тарапынан жылда марапатталатын. Ал интел-лигенттер санатындағы мәдениет мыйталмандары, әсіресе жергілікті ақын, жазушы, журналистер он-дай жарылқаудан шет қақпай қала беретін. Оларға бүгінгі қоғам да жүзін теріс салып тұр. Ал Сейіл ағаның облыстың мәдениет май-данына сіңірген еңбегі уақытында ескерілген екен. Арнайы жарлық-пен 8 үкіметтік медальмен мара-патталыпты. Мұны біздің жағдайы-мызда сенсация деуге болатын шы-ғар.

Біз білетін Секең табиғи та-лантына қоса қабілетті де еді. Оның «журналист» деген дипло-мды мамандығы болмаса да, аудан-дық газеттің редакторы кезінде еңбек жолын жаңа бастаған жас журналшылардың талайын тәр-биеледі. Біз білерде бүгінгі ақын-жазушылар Ә.Әлішев, М.Қаназ, Б.Алдамжаров, Р.Жанаев, С.Асыл-беков, Қ.Жиенбаев, Ш.Жұбатова, журналистер Б.Тәжімбетов, Ә.Жұ-машев, Е.Кішкенеев, С.Кулімбетов, Ж.Мәкеналиев, Ж.Жақып, Шереке-нов және басқа да талапкерлер ре-дактор С.Боранбаевтың «шинелі-нен» шыққандар еді.

Коммунистік қайта құру бағда-ры басталысымен ақын-жазушылар да, журналистер де тынысты кенге салды. Жігіткітей қоғам бұл жаһанда жоқ екен. Сол тұста қаламгерлер қоғамның келеңсіз кем-кетігін ай-тудай-ақ айтып, жазудай-ақ жазды. Ақын, публицист С.Боранбаевтың

да екінші тынысы ашылып, қа-ламы тереңнен түрен тартты. Кө-семсөздері мен өлең-жырлары мер-зімдік басылымдарда дүркін-дүркін жарияланып тұрды. Сол шығарма-ларының негізгі арқауы – өмірдің сан алуан қырларын, айталық, адал-дық пен аярлық, ерлік пен ездік және ұрпақ тәрбиесі, туған жер тағдыры туралы толғапты. Дөп айт-қаны да, кем айтқаны да болыпты.

Біздің халқымыз қоғамды қай-та құру дейтін шырғалаңнан аман-есен өтіп тәуелсіздігімізге жет-кен тұста, қанша дегенмен ақын болып жаратылған Секең қоғам мен заманға деген көзқарасын күлте-мейі ашық айтқан екен. Қаламы-нан жаңа өлеңдер, дастандар мен толғаулар туды. «Халқым қайтып күн көрер» деп атаған соңғы жинағы (алтыншы кітабы) халықтың мұңы мен зарына мелдектеп тұр. Ақын бұл ыңғайда шығармаларының көркемдік тұспалын ашықтан-ашық ашынып айтуға жеңдірген. Бұған көркем әдебиет сыншылары не дейді, оны өздеріне қалдырайық. Ал ақынның осы кітабындағы шы-ғармалары Сыр бойы жұртының ойынан шықты. Бүкіл алты жина-ғының ішіндегі сүбелісі де осы кітабы болды.

Ақын ағамыз жарық дүниеде 75 жыл жұмыр кешті. Бұл дәурен аз ба, көп пе, айта алмаймын. Өркімнің жұмыр тағдырын Алла біледі. Де-генде, әрбір жұмыр басты пенде өмірді ұзағынан сүруді қалайды ғой. Бұл ыңғайда Секең өмірдің толық мәнді үш кезеңін түгел жа-сады. Жігіттік махабаттың отты деміне балқыған бал дәуренін де, саналы ақыл-ой, кемел парасаттың шыңына шығаратын орта жасты да, өмірдің балалық шақтан даналық шаққа жеткізген соңғы көшін де көрді. «Халғанның жарығына кел-геннен соң, болады екі тойың тұ-мырыңда» – дейді ақын. «Өркімде туу, өлу – екі той бар, өмір сол екі тойдың аралығы» екен.

Амал жоқ табиғаттың	шешіміне,
Тағдырдың қапия жоқ	кесімінде.
Адамзат білмейді өзі	тұңғыш тойын,
Жатқан соң періште боп	бесігінде... – деп толғаныпты.
Содан кейін екі тойдың ара-лығы –	Адамның жарық дүниедегі өмір өзені басталады екен. Содан бүкіл бейнетімен де, зейнетімен де бұйырған жасын жасайды екен. Сосын:
Тиегін бір шындықтың ағытуға,	Реті келді оқушы, тағы тыңда.
Біле алмайды ең соңғы	тойын адам,
Жатқан соң мәңгіліктің табы-тында... –	деп түйіндеген.
Міне, ақын, журналист, қоғам қайраткері Сейіл Боранбаевтың да жұмыр жолы осылай түйіктіалды. Жырын сүйген халқы ақынын кадрілеп, арулап жөнелтті. «Өмірге қалай келсең – солай кетіп, өзімнен о дүниеге тұк те алмайсың» деген екен. Оның есесіне, «бұл өмірден із-түзсіз көшпейтұғын шығармын» деп оптимистік ой түйген. Иә, ақын аға халқы алдындағы перзенттік парызын орындады. Артына өлең-жырдан қасиеттеуге тұратын мұра қалдырыпты. Енді оның есімін ұлықтап, қалдырған ізін өшіріп алмау тірілердің парызы. Бізден уақыт соны күтеді.	

Айжарық СӘДІБЕКҰЛЫ.

РУХАНИ МҰРАҒА ҚҰШТАРЛЫҚ

Қызылорда облыстық музейінде «Музей түні» атты ашық есік күні өтті. Елімізде 10 жылдан бері, облыста үшінші рет тойланып отырған бұл мереке «Халықаралық музейлер күні» қарсаңына тұспа-тұс келіп отыр.

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі директорының орынбасары Жаннат Ахметованың айтуынша, 1997 жылы Германия музейлері алғаш рет түнде келушілерге өз есігін ашқан болатын. Кейін бұл бастама әлемнің өзге елдерінде жалғасын тапты. Ал Қызылорда облыстық музейі бұл шараны осымен үшінші рет ұйымдастырып отыр.

– Халықаралық музей күнімен қатар жүретін думанның бірі – Музей түні. Музей түнін той-лаудың басты идеясы – жалпы халықтың, әсі-ресе, жастардың музейге келу мәдениетін қалыптастыру. Сондықтан, осы идея аясында біз де Музей түнінде ерекше, қызықты шаралар ұйымдастырып жатырмыз. Бүгін түннің қызықты өтуіне аса мән бердік, – дейді Жаннат Дәуренқызы.

Айтулы мерекені аса қуанышпен қарсы алған қала қонақтары мен тұрғындары мұражайға қарай ағылып келді. Ал олардың құрметі үшін тыңғылықты дайындалған мұражай қызметкер-лері «Музей түнін» әуелі концерттік бағдар-ламамен бастады. Содан кейін музейде келу-шілердің назарына мұражай қорынан алынған аса тарихи жәдігерлердің бірегей және сирек заттары ұсынылды.

Сыры кетсе де сыны кетпеген көне жәді-герлер байырғы тарихтан сыр шертеді. Женістің 70 жылдығына арналған бұрышта соғыс кезіндегі қару-жарақтар мен фотосуреттер қойылған. Со-нымен қатар, музейде №268 орта мектеп оқушы-лары «Сөнбейді жеміс саулесі» тақырыбында театрландырылған көрініс қойып, келушілердің көз алдына жетпіс жыл бұрынғы ел басына төнген қасіретті күндерді елестетті.

Бұдан бөлек, Қазақ хандығының 550 жылдығына орай, мұражайдың «Этнография» залында өскелең ұрпақты елдікке шақыратын «Хан Тәңірім» атты театрландырылған қойылым қойылды және «Ұлт жауһары» атты көрмені де тамашалады. Көрмеде келушілер қайталанбас этнографиялық бұйымдарды көрді. Ал, «Ностальгия» ретро фото-ательесінде келушілер өткен дәуірдің тұтынған заттарын ұстап, киім үлгілерін киіп, зергерлік бұйымдарды тағып көріп қана қоймай, суретке де түсті. «Чайка» автокөлігіне мініп, суретке түскен музей қонақтар өздерін ХХ ғасырда жүргендей сезінді. График-суретші Д.Рыбальченко болса, «Есте қалар бейне» деген ұранмен келушілердің сұрауы бойынша қағаз бегіне түрлі бейнелер түсірді. Олардың ішінде жақында дүниеден озған егілгі әнші Батырхан Шекеновтің бейнесі де бар. Оның өнері көпшіліктің ықыласына бөленді.

Ұлттық рухани мұрамызды түгендеуге және жинақтауға үлес қосу, музей қорын құнды жә-дігерлермен толықтыру мақсатында «Музейге сыйға тарту» акциясы жылдағы үрдіспен жа-ңылмай, жалғасын тауыпты. Соның аясында танымал коллекционер Азат Әкімбек жақында музей қорына шамамен 18-ғасырға тиесілі Құран кітап пен басқа да құнды жәдігерлерді сыйға тартқан.

Музей қорында жинақталған экспонаттар-дан, музей тарихынан мағлұмат беретін фото-суреттерден «Музей тынысы» көрмесі жұрт-шылықтың назарына ұсынылды. Бұған қоса, «Джунгли экзотикасы» экскурсиясы ұйымдас-тырылды. Мұнда қонақтар джунглидің жәндіктері мен жануарларын көзімен көріп, қызықтады. Шара соңында ұйымдастырылған лотерея-лық ойындарда мұражайға келгендер ұтыстарға ие болды.

Дәурен ОМАРОВ.

● ОЙТҮРТКІ

СЫНАҚТА СЕНІМДІ БОЛ

Мектеп бітірушілердің сыналар сәті жакындап келеді. Санаулы күндерден кейін он бір жыл алған білімдерін саралап, үлкен өмірге қадам басады. Белгілі бір мамандық иесі атанып, еліміздің білікті кадрына айналуға талап қылады. Алайда ҰБТ оқушы өмірінде қаншалықты маңызды? Барлығы тестілеуге келіп тіреле ме?

ҰБТ жакындаған сайын оқушылар дайындығы қатаң пысықталады. Мектеп мұғалімдері мен ата-ана, психолог және оқушы арасындағы қарым-қатынас назардан тыс қалмайды. Бір қынжылтатыны, – түлектердің санасына «ҰБТ бәрін шешеді» деген түсінік қалыптасқан. Егер сынақтан төмен нәтиже көрсетсе, бала санасы күрт өзгереді. Неге? Бұл бастапқы сынақ қана емес пе? Демек, оқуға түсе алмаса, кешенді тест секілді көптеген жолдары бар. Тек оқушы жан-жақты зерттеп, өзінің болашағы жарқын екенін толық сезіне алуы шарт. Бастысы, оқушыда сенімділік болу керек. Осы сенімділіктің болмауынан жыл сайын келенсіз жағдайлар орын алатыны жасырын емес. Тіпті өздерінің өмірлерін оңай қиятын жастарымыз бар. Бала тәрбиесіне

ата-ана мен мұғалім бірдей жауапты. Себебі, бұл мәселеге қоғам болып, атсалысқанымыз жөн. Мәселен, ұстаздар мен ата-аналар тарапынан оқушыға қолдау мен үміт мол болуы керек. Әрбір оқушыға «Сен жетістікке жетесің. Сенің қолыңнан бәрі келеді. Біз бәріміз бірге жөнеміз. Біздің болашағымыз алда» дегенді жиі айтуы тиіс. Сонда бала көңілі бір қалыпта болып, сенімділігі арта түседі. Кейде мектеп абыройы үшін мұғалімдер оқушылар намысына тиіп жататыны жасырын емес. Бала болашағынан гөрі, білім ордасының жоғары сатыдан көрінуін алдыңғы орынға қоятындыары да кездесіп жаталы.

Алтын ҚОЖАТЕВА, ата-ана:

– Биыл үшінші балам ҰБТ-ға қатысады. Алдында қызым мен ортаныш ұлым тапсырып жоғары балл жинап, өздері қалаған мамандыққа оқуға түсті. Мемлекеттік грант иегерлері атанды. Көпбалалы анамын. Қазіргі таңда екеуі жоғары оқу орнында оқыса, үшеуі мектеп қабырғасында. Міне, балам биыл мектепті үздік бітірді. Сынақтан сүрінбей өтеді деп ойлаймын. Себебі, жаксы дайындалып жатыр.

Мектепте тапсырылған сынақтардан жоғары нәтиже көрсетіп келеді. Біз де отбасымызбен барынша қолдау білдіріп жатырмыз. Түрлі оқиғаларды естіп, кейде бойымды үрей билейді. Мектеппен де тығыз байланыстамын. Жиналыстарға қатысып, психолог маманның кеңесіне сай жұмыс жасаудамын.

Гүлдана БАЙҒАРАЕВА, психолог:

– Жалпы, биылғы жылдың басында арнайы жоспар бекітілді. Соған сәйкес «Жас түлек» топтық бағдарламасы арқылы жұмыс жасап жатырмыз. Мәселен, аптасына бір рет сауалнама жүргізу, екі рет тренинг өткізу және кеңес беру жүйелі түрде іске асып келеді. Сынаққа аз уақыт қалғандықтан ата-аналармен жиі басқосу ұйымдастырудамыз. Онда баланың ҰБТ-ға қалай дайындалуы жайында жадынамалар таратылды. Әрбір баламен жеке жұмыс жасалуда. Олардың мінез-құлқы, көңіл күйі, күйзеліске жол бермеу жағдайы жіті назарда. Олардың ҰБТ кезінде қорқыныш, үрей секілді сезімдерге бой алдырмау керектігі де айтылды.

Жандос Қанатов, түлек:

– Қазіргі кезде тек дайындығы үстіндемін. Уақыт аз қалды. Қобалжу бар. Бірақ жақсы боларына сенемін. Өйткені, мен алға қойған мақсатыма жетуім керек. Ал, ҰБТ тек бір сатысы ғана. Сондықтан оқысаң, жемісін көресің. Ата-анам, ұстаздарым

барлығы да жанашыр. Олардың үмітін ақтасам деймін.

Р.С.Ұлттық бірыңғай тестілеу қазір түлектердің тағдырын шешетін сынаға айналған. Бұл сыннан сүрінгендер жоғары оқу орнының есігін де сығалай алмайды. Дегенмен, бұл сынақтардың бірі деп қарап, алда әлі талай асулар бар екенін ескеріп, әрбір түлек өз-өзін жсігерлендіргені абзал. Мәселен, бір мысал келтіре кетейін. Жақын құрбым мектепті үздік оқыды. Сынақтардан ең жоғары балл жинап жүрді. Бірақ ҰБТ-дан көрсеткіші төмен болды. Құрбым көпшіліктің көзіне түсуден қалды. Үйіне бас сұқсаң, ас су ішпей бүк түсіп жатқанын көресің. Содан отбасы жақсы қолдау білдіріп, өзі армандаған мамандығына ақылы негізде оқуға түсті. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып екінші курсқа өткенде грант бөлініп, соны жеңіп алды. Қазір білікті маман. Сол кездерді еске алып, “Бір сынақ үшін неге сонша түнідім екен” деп күліп алады. Расында, «бір рет сүріндім» деп бәрінен бас тартуға болмайды. Қайта сүрінген сайын бала шыңдалып, алға қарай ұмтылады. Өз-өзін қайрап, талай жетістікке де қол жеткізеді. Сондықтан ең бастысы өз-өзіне деген сенімділік болуы керек.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.



1942 жылдың қараша айында Сталинград майданына аттанған Үрзімат Мәдиев 19 жасқа енді толған еді. Ол алғашқы жауынгерлік дайындықты Чкалов қаласындағы 13 атқыштар бригадасында курсант болудан бастады. Соғысқа кіріскен тұста Ү.Мәдиев Кеңестер Одағының маршалы Чуйков басқарған №62 армияның 93 полкіндегі атқыштар взводының командирі еді.

СТАЛИНГРАДТЫ ҚОРҒАҒАН САРБАЗ

Соғыстың аты соғыс! Алма-кезек шабуыл жүріп жатады. Жауды ұрыс алаңынан шегіндіріп, біраз жерге қуып тастайды. Оларды тығырққа тірейді. Сондай сәттің бірінде ол жуан саннан қатты жарақат алады. Госпитальда емделген соң, командирлерді дайындайтын курстан қайтадан өтеді. Осы ұрыста ол «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады. Ү.Мәдиев Сталинградта бастау алған соғысты Кеңес әскерінің үздіктер санатына енгізілген 93 полк құрамында Берлинге дейін жетіп аяқтайды.

Ү.Мәдиевтің есінде өшпес із қалдырған оқиғалардың бірі осы Днепр өзенінен жау шебіне өткен кездері еді. Немістер өзенді алынбастай етіп мықты қамалға айналдырған. Командованиенің алға қойған міндеттерінің бірі ротаның жауынгерлері қайықпен арғы бетке өтіп, соңынан ілесіп келе жатқан полк арқылы дивизияның ұрысқа кірісуіне жол ашу болатын. Осы өте жауапты міндетті орындауға Леябин, Ширяев, Строхов, Белов және Мәдиевтер басқаратын бес взводқа тапсырады. Олар қайықпен жүзіп отырып өзеннің жау шебін бұзып шығуға әрекет етуі керек. Осы тұста Ү.Мәдиевтің шеберлігіне әскери басшылар өте тәнті болады.

Өзеннен өтуге басқаларға ықпал жасағаны үшін ротаның батыл жауынгері Ү.Мәдиевке екінші дәрежелі «Отан соғысы» ордені табыс етіледі. Жаудың құтын қашырған Кеңестік жауынгерлер жан-жақтан қарсы шабуыл жасап, неміс басқыншыларын қыспаққа алып, ойсырата соққы беріп жатты.

Әрбір ұрыста ерлік көрсете білген Ү.Мәдиевті 40-шы гвардиялық танк бригадасындағы автоматшылар ротасының командирі етіп тағайындайды. Осы сапта соғысқа кіріскен майдандасы А.Михайлов Лодзь қаласы үшін болған ұрыста неміс дзотын танкісімен жауып, өзін құрбан етеді.

Польшаның Висла өзені үшін болған ұрыста да Ү.Мәдиев өзінің командирлік қабілетін ерекше байқатты. Оның ротасы алғашқылардың бірі болып, Висла өзенінен өтеді. Рота жаудың 7 танкісі мен 450 неміс солдатын қолға түсіреді. Ү.Мәдиев Украина мен Беларусь жерінде болған ұрыстарда десант ротасын да басқарады. Майдан газеттері М.Мәдиев жайында үш рет мақала жазады. Бұның екеуі біз жоғарыда атап өткен Украина мен Беларусьқа болған ұрыстағы жауды қуған кездері жан-жақты суреттеледі. Үшіншісінде Висла жағалауында Сандомир плацдармын алуға арналған ұрыс баяндалады. Бұл ұрыста да жоғарыдан келген бұйрық сәтті орындалады.

Сандомир Висла өзенінің сол жағалауына орналасқан еді. 1944 жылдың 29 шілдесі күні генерал-полковник М.Катуков басқаратын 1-ші гвардиялық танк жасақтары (отряд) өзеннің оңтүстік жағынан

тұтқиылдан шабуыл жасайды. 2 тамыз күні неміс жаяу әскері плацдармды жою үшін қарсы шабуылға көшеді.

Үш күн, үш түн кескілескен ұрыста №1 гвардиялық танк жасақтармен бірге басқа да Кеңестің біріккен әскери күштері қосылып, тамыз айының 5-10 аралығында жаудың №4 танк әскери күштеріне ес жиғызбастай соққы жасайды. Осындай жойқын шабуылдар нәтижесінде плацдарм аумағы кеңейе түседі.

Ү.Мәдиев бұдан кейін Одер жағалауындағы ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен, Берлин үшін шайқаста «Отан соғысы» орденімен марапатталады. Сонымен қатар, бірнеше медальдарды омырауына тағады. 1945 жылдың 22 қаңтары күні ерекше батылдық танытқаны үшін гвардия аға лейтенанты Ү.Мәдиевке жеке өзінің пайдалануына «Харлей» маркалы мотоцикл сыйға беріледі.

Соғыстың от оранған майданында жүріп, оның ро-

тасы 1945 жылдың сәуір айында Берлин маңындағы фельдмаршал Фридрих фон Паулюстің саяжайын алуға қатысады. Берлин қаласы алынғаннан кейін сонда қалып 6 ай уақыт бойы әскери қызмет атқарады.

Майдангер Кеңес Одағы әскерінің Германиядағы тобымен 1947 жылдың желтоқсанына дейін болып, өзінің 40-шы гвардиялық полкінің рота командирі, аға лейтенант шенімен елге аман-есен оралады.

Елге оралған соң жаңа өмір жолын бастайды. Араға жылдар салып, оның атына «Огонек» журналының 1975 жылғы №16 санында Ростов облысының Нижние-Кундрюченская станциясынан майдандас досы П.Рябинченковтың «Қайдасың сен, Үрзімат!» («Где ты теперь, Урзамат?») деген іздеу хаты жарияланады. Журналда Ү.Мәдиевтің орыс досына сыйлаған суреті де басылып шығады.

Ү.Мәдиевтің майдандас достарына деген сүйіспеншілігі мен құрметі оның дәрежесін асқақтата биікке көтеретін. Соның тағы бір дәлелі – Ұлы Отан соғысы кезінде қиын-қыстау уақытта қарулас достарының ыстық ықыласына бөленген Үрзімат Мәдиевтің атына қатысты жазылған төмендегі мына хаттан осыны әлде сеземіз.

Сонау Жетісудан жазылған бұл сағыныш хаттың авторы соғыста взвод командирі болған, Талдықорған қаласындағы бір мектептің директоры Кәкімбай Қожахметов еді. Хат жақсы сақталған. Оқығанда К.Қожахметовтың досқа деген махаббаты, елге деген сағынышы сезіледі.

«Жылқыны нөкта қосады, адамды өмір қосады» демекші, екеумізді өмір ұштастырды. Қаншалықты қиыншылық болса да бірімізге біріміз сүйеу, жарты нанды бөле жеп, сыртта тұрып жүріп, тілектест болдық. Сенің мен 13 январьда 1945 жылы түнде жараланып тұра алмай жатқанда жанымға келіп: «Кәкімбай, бақыттысың. Енді елді көресің, ренжіме, қиналма» деген даусың әлі есімде. Мұндай тілектестік бауырлық тілек бірге туғаннан да артық. Мен үнемі үй-ішіме сенің Польшада түскен суретінді көрсетіп, кастерлеп отырамын» - деп жазады Үрзімат ағамыздың қарулас досы.

Ү.Мәдиевтің туған жері Жаңақорғандағы еңбектері де жемісті болды. Ол осы аудандағы бірнеше ірі мекемелерде басшылық қызметтерді абдырымен атқарды. Бір өкініштісі, Үрзіматтың әкесі Мәди мен ағасы Оразбек майданнан оралмады. Үрзімат аға 1980 жылы өмірден озды. Ол кісінің есімі ел есінде ұзақ сақталары сөзсіз.

Орынбасар АБДУЛЛАЕВ,
енбек ардагері.
Жаңақорған ауданы.

70 ЖЫЛДАН KEЙІН ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕРІ ТАБЫЛДЫ

Біздің ағамыз Смағұлов Уәли 1907 жылы, Қызылорда облысы, Арал ауданы, Мергенсай ауылы, Бірлестік колхозында туып-өскен. 1941 жылы жаз айында әскер қатарына шақырылады.

1941-1943 жылдары ұрыс даласында болып, 1943 жылдың аяғы 1944 жылдың басында Ленинград қаласын қорғауда 98 жауынгерлік бөлік атқыштар полкінің 10 атқыштар дивизиясының құрамында соғысты. Бұл айкастың тарихта қалғаны белгілі. Ленинградты қамалдан құтқару кезінде оның жауынгерлік бөлігінен тірі қалғандар аз болды. 1943 жылдың 25 қазанында №476 жерлеу хабарламасының ақпараттарына сүйенсек, Смағұлов Уәли 1943 жылы 22 қазанында, Ленинград облысы, Куйвозовский совет, Лемболово жерінде ұрыс кезінде ерлікпен қаза тауып, жерленген.

Ленинград облысының, «Всеволож муниципалдық ауданы» жергілікті атқарушы өкімшілігінің қазіргі ақпараты бойынша, Смағұлов Уәли

туралы ақпарат тұңғыш рет Ресей Федерациясының 1995 жылғы «Естелік кітабы» (2 том), Кеңес Одағының барлық аудандарынан шақыртылып «Всеволож ауданында қайтыс болған әскери қызметкерлердің жерленгендерінің тізбелерінде» көрсетілген.

Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігінің орталық мұрағатының деректеріне сәйкес, №260978056 және №260978784 жерленген туралы ақпараттар бойынша Смағұлов Уәли Лемболово ауданынан Ленинград облысы, Всеволож ауданы, Грузино бекетіндегі бауырластар зиратында 1143 қызыл әскерлермен бірге қайта жерленіп, оның аты-жөні мәрмәр тақтасында жазылған.

Онымен бірге соғысқан жерлесі Төлеубаев Ибраһимнің айтуынша, Уәли ағамыз қауіпті шайқаста жалғыз қалса да, соңғы екі гранатаның біреуімен бірнеше немісті жойып, екінші гранатамен оған жақындап келген немістер мен бірге өзін де жарып

жіберген. Ол барлық қайтпас сарбаздар секілді Сталиннің сол кездегі «Тірі тұтқындыққа бой берме!» ұранын есте ұстап, патриоттық сезімді алға қойған сарбаз, барлық қызыл әскерлер сияқты тұтқындықтың, азапты сынақтардың орнына ажал таңдады.

Смағұлов Уәлиден 2 ұл, 2 қыз болған. Қазіргі таңда 2 ұлы және 1 қызы тірі, олар Қызылорда облысы, Арал ауданы, Сексеуіл стансасында тұрып жатыр. Қазіргі кезде көзі тірі Уәлиев Ази, Уәлиев Жами, Шокпарова Жұпар Уәлиқызы және немерелері, жаз айында әке-атасының жерленген жеріне барып, оның зиратына туған елінің топырағын салуды жоспарлап жүр. Оның барлық құжаттары, ордендері мен медальдары отбасы үшін қиын кезеңде жоғалған. Немерелері ҚР әскери комиссариатының көмегімен жоғалған марапаттарын қалпына келтірумен айналысуда.

Рахым КАРАБАЛІЕВ,
немересі.

АРМАНДА КЕТКЕН АҒАЛАРЫМ-АЙ

Соғыс өрті тұтанғанда қаншама боздақ Отан қорғауға аттанды. Олар жаумен нағыз қаһармандықпен айкасып, Ұлы Жеміске зор үлес қосты. Сұм соғысқа Сыр бойынан 70 мың адам аттанса, оның 11 045-і Арал ауданынан екен. Олардың жарымынан астамы, яғни 6038 боздақ ұрыс даласынан қайтып қалды. Бүгінгі әңгімеміздің кейіпкерлері Сырдария өзенінің Арал теңізіне құяр сағасындағы Қарашалаң, Шөмішкөл ауылы арасын мекен еткен әкеміз Аманбайұлы Сыдықтың ұлдары – Мұхаш, Сабырбай, Сабыралы туралы болмақ.

«Қырандар тегіне тартады» дегендей әкеміз Сыдық білікті балықшы, ілімді егінші, атқанын құр жібермейтін айтулы мерген, палуан, әрі домбырашы, әрі сері адам болған екен. Ол ораза-намазына берік, діни сауаттылығымен, әсіресе жомарттығымен ел құрметіне бөленген. 1934-1940 жылдары әкеміз Сырдарияның теңізге жақын жағасында «Есенбай» деген жерде бидай-тары егіп, балық аулап жок-жуған жандарға көмектесіп отырған. Қашықтау мекендерде тұратын жағдайы нашар ағайын, жесекжаттарын көшіріп алып, егін егіп, балық аулауды үйретіп қамқорлығына алған. Отан соғысы кезінде ау-құралдарын алып, шағын құс қайығымен Қарашалаң көлінен балық аулап, қолхоздың қабылдау пунктіне өткізіп тұрды. Күнділікті жеуге берген екі тыран балықты үйге әкелетін. Әжем оны үлкен темір табаға айкастырып салып, шоққа пісіреді де, біреуін әкеміздің алдына, біреуін балалары – біздің алдымызға қояды. Күн ұзақ аш құрсак жүрген біздер майда тікенектеріне қарамай, қара бидай нанымен қосып әп-сәтте жеп алып әкемізге қарап отырамыз. Ал, әкеміз алдындағы балықтың тікенді құйрық жағынан бастап асықпай есік жаққа қарап қойып жейді. Сонда әкеміз: «Ау отағасы, не болды құйрығын тікенектеп, уылдырығы бар кеуде жағынан жемейсің бе?» десе, «Қазіргі кезде не көп, жүргініш көп қой, Құдай айдап үйге біреу келе қойса, ең болмаса кеуде жағы тұрсын дегенім ғой» деп айтқаны әлі құлағымда. Жарықтық, 80-ге келгенше құс атып, балық аулап тұғырдан түспеді. 1975 жылы 95-ке келгенде дүниеден өтті.

Мұхаш ағамыз 1912 жылы «Қарашалаң» балықшылар ауылында Аманбайұлы Сыдық пен Жүрсін әкеміздің отбасында дүниеге келген. Атаға тартып қайратты, жігерлі болып өскен ол 4 жылдық бастауыш мектепті бітіріп, 13 жасында әкенің көмекшісі болып теңіз төсіне шығады. Ұзамай жаңадан ашылған балықшылар серіктестігіне мүше болып, өзінің қажырлы еңбегімен көзге түседі. Анау-мынау қайықты бір өзі-ақ менгеріп жүргізіп, су маржанына толтырып әкеліп талаптастарын тандандыра бастайды. Сонымен бірге жүйрік ат мініп, той-томалақтарда күреске түсіп құрлықта «палуан жігіт», теңізде «ержүрек балықшы» атанады. 1935 жылы елге белгілі Есеннің қызы Айсұлуға үйленіп шаңырақ көтереді. Жемісін 1939 жылы Жұмамұрат атты ұлды болып үлкен той жасайды. Осы қуаныштан соң Мұхаш ағамыз 1940 жылдары Гурьев қаласындағы теңізшілер мектебіне оқуға түседі. Ауылға келіп, колхозда балықшылар бригадирі болып еңбек етіп жүрген кезде соғыс басталып, ағамыз өз еркімен ел қорғауға аттанады. Аз уақыт дайындықтан өтіп Ленинградты қорғау шайқасына түседі. Осы жан алып, жан беріскен сұрапыл соғыста батыр тұлғалы Мұхаш әуелі артиллерия, кейін атқыштар батальонында болып, ұрыста асқан ерліктер жасайды. Жасынан әрі батыл, әрі мейірімді Мұхаш соғыстан сәл толаста әскери дорбасындағы нанын қала қошкелерінде аштықтан құлап жатқан тұрғындардың аузына салады екен. Ауыр жараланып көзге түспей қалған жауынгерлерді аркалап алып, госпитальға тапсырып, әлсіздерге арашашы болған. Кейін Мұхаш ағаны соғыстың алдыңғы шебіне жібереді. Мұнда да ол «ержүрек жауынгер» атанады. Ақыры, 1944 жылдың қаңтарында Ленинград қаласы қоршаудан толық азат етілді. Ал, Мұхаш аға осы соңғы шайқаста қолынан, басынан ауыр жараланып, госпитальда емделіп, осы жылдың көктемінде елге оралады. Елге келісімен Қарашалаң балық колхозында балықшы, бригадир, басқарма орынбасары болып қызмет етті. Колхоздың миллионер дәрежесіне жетуіне зор үлес қосты. Соғыста көрсеткен ерлігі және еңбектегі жетістіктері үшін «Қызыл жұлдыз», «Ленинградты қорғағаны үшін», «Жауынгерлік», «Женістің 20 жылдығы», «Отат балықшы, ВЦСПС-тің, бірнеше рет «Бесжылдықтың жеңімпазы» орден, медальдарымен, 1955 жылы еліміздің Балық шаруашылығы министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған. 1957 жылы «Стахановшы» атанған үш адамның

бірі осы ағамыз. Екеуі – Тәңірбергенов Кеулімқош (Бөген балық зауытының директоры), Иманбаев Жұбантай (озат балықшы). Бұлар Москвадағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесіне қатысып, Мұхаш көрменің «Күміс медалін» тағып келеді. Осындай тұлғалы ағамыз 1968 жылы кенеттен дүниеден озды. Оның қазасына теңіз жағалауының жұртшылығы түгел қатысып, қимай қолтасты. Осы ауыр қаза үстінде Ермекбай есімді кісі жұбайымен келіп: «Мен Ленинградты қорғауда Мұхашпен бірге шайқасқанмын. Бірде сұрапыл шайқаста маған снарядтың жарықшағы тиіп оқопта топыраққа көміліп, қансырап өлгелі жатқанымда осы Мұхаш келіп аршып алып, госпитальға көтеріп апарып, дәрігерлерге тапсырып аман қалдым, — деп тебіреніп егілгенде жыламаған адам қалмады.

Ағамыз бен Айсұлу жемегісі екеуінен дүниеге келген 9 ұл-қыздан қазір көзі тірі тұңғышы Жұмамұрат пен кенже қызы Айсұле қалды.

Садырбай ағам 1915 жылы туған еді. Атаға тартып білікті, жан-жақты зерек болып өседі. Мектептен кейін Ташкенттегі педтехникумды үздік бітіріп келіп «Тәуір», «Шөмішкөл» жетіжылдық мектебінде мұғалім, директор болып қызмет етіп, ауыл балаларын білімге тәрбиелейді. Өзі білімді, әрі ақын, әрі «бармағынан бал тамған» шебер күйші болған. Жиын-тойларда өлең айтып, күй тартып шаршап жүрген балықшылардың көңілдерін көтеріп демеу беріп отырған. Кейін мен есейіп домбыра тартып отырғанымда теңіз жағалауы жұртшылығына белгілі шебер күйші Жұбан ағам: «Мұрат, сенің өнерің Сабырбай ағана тартқан. Бірақ ол күй ойнағанда домбыраны адамша сөйлететін еді ғой» — деп еске алатын. Сол кезде ауызы дуалы ақсақалдардың: «Сендерде мықты жігіттер көп. Бірақ, бәрібір Сабырбайға жетпейді» — деген салмақты сөздері ел арасына тарап кеткен. Сабырбай 1938 жылы Бекетай болыстың баласы Жұмахметтің қызы Айнышқа үйленеді. 1940-1941 жылдары оны Орынборда арнайы әскери оқу-жаттығудан өткізіп, кадровой офицер етіп дайындайды. 1942 жылдың басында Ұлы Отан соғысына аттанады. Аттанып бара жатып, бесікте жатқан мені шешіп алып сүйіп: «Осы баланы дұрыстап күтіп бағындар. Түбі бір жерден шығады» - деп, аузыма түкіріп тапсырып кеткен екен, қайран аға! Содан Карелияда Петрозаводсктегі соғысқа түседі. Онда атқыштар ротасын басқарып, неміс әскеріне қарсы шабуылға шығып, үлкен ерліктер жасайды. Осы соғыстан кейін Сабырбайды өте сауатты, соғыс тактикасына жетік офицер ретінде Сталинград майданына жібереді. Одан әрі хабар-ошар болмай 1943 жылдың көктемінде ерен ерліктер көрсеткені үшін үйге бір жеті демалысқа аға лейтенант шенінде келіп, қуанышқа бөлен кетеді. Сол кеткеннен арнайы тапсырмамен Түркіменстан орталығы Ашхабад қаласында соғысқа жаңадан жауынгерлер дайындайды. Осы кезде өлеңмен жазған хаты келеді үйге. Бұл өлеңді әкемің туған інісі Омардың баласы Темірбай (қазір 82-де, еңбек ардагері) осы уақытқа дейін жатқа біледі. Сабырбай сол Ашхабад қаласында дайындаған жаңа әскер құрамында майданның алдыңғы шебіне барып, үлкен айкасқа түседі. Содан әрі хабар жоқ, тек 1944 жылдың желтоқсан айында «ВКПБ мүшесі аға лейтенант Сыдықов Сабырбай соғыста хабарсыз кетті» деген хат келді.

Сабыралы аға 1925 жылы Қарашалаң ауылында балықшылар отбасында туған. 1940 жылы «Кіші түбек» ауылында ұжымдық мектебін бітірген, ВЛКСМ мүшесі. 1941-42 жылдары ағалары соғысқа кетіп, әулеттің үлкені болып қалған Сабыралы балықшылықпен айналысады. Әкеге көмекші болып колхозға еңбек етіп, ауызға іліге бастайды. 1943 жылдың басында 18 жасқа толар-толмаста Кеңес армиясы қатарына шақырылып, Украина майданына жіберіледі. Онда неміс-фашистеріне қарсы үлкен шайқастарға қатысып, ерлігімен көзге түсіп, кіші сержант шенін алады. 1944 жылы Днепротровск қаласын азат ету ауыр шайқасында бір топ жауынгерлермен ерлікпен қаза табады. Сүйегі Днепротровсктегі «Бауырластар зиратында» жатыр. Осылайша, сұм соғыс Сыдық әкеміздің қос ұлын жұтты. Тағылымды өмірі ұрпақтарға үлгі болар осындай қыран тектес ерлердің есімдері ел есінде ұзақ сақталары анық.

Мұрат СЫДЫҚОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі,
Арал ауданының құрметті азаматы.

● ТАБЫС ФОРМУЛАСЫ

Сыр өңірінде «Аквалайн» таза суын шығарып, халыққа ұсынған іскер азамат, қалалық мәслихат депутаты Ғалымбек Жақсылықов жетістікке қалай жетті? Толағай табысының кілті неде? Осы турасында кейіпкерімізбен әңгімелескен болатынбыз. Кәсібін кішкентай нәрседен бастап, бүгінде елге танымал іскерге айналған кейіпкеріміз әңгіме үстінде ағынан жарылды.



— Халықаралық IKEA компаниясының негізін қалаушы Ингвар Камрад жастайынан сіріңке, қарындаш сатқан екен. Ал, ағылшындық Fulham клубының қожайыны Шахид Хан ыдыс жуып күн көріпті. Қарап отырсақ, кез-келген кәсіпкердің бизнесітегі алашқы қадамның қызығы мен шыжығы мол болып келеді. Сіз де бизнесті нәдден бастаған адамсыз. Осы ретте, ең бірінші бизнес жоспарыңызды еске алып өтесіз бе?

— Сөзіңіздің жаны бар. Кәсіпті бастау оңай, бірақ екінің бірі қолға алған жұмысын жалғастырып кете алмайды. Алғашында көпшілік қауапты сүйіп жейді ғой деп өз қолыммен жасап саттым. Сырткөзге оңай көрінгенмен, бұл кәсіптің қыр-сыры мен машақаты мол екен. 1999 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін бітіріп, қолыма диплом тиместен осы бизнесті бастап кеттім. Қалалық жағажайдан жалға жер телімін алып, жазғы кафе ұйымдастырдық. Өзім кәуап дайындап, пісіре алмаймын. Әуелі кәуап әзірлеудің тәсілін біледі-ау деген досыма қолқа салып, он келі етімді маринадтатып алдым. Ертесіне аздаң етті жағажайға апарып, бетін ашып қалсам, иістеніп кетіпті. Сөйтсем, ол жігіттің өзі де онша білмейді екен. Сосын кәуап пісірудің хас шебері болған бір кісімен келісіп, ақысын төлеп, үйреніп алдым. Сонымен жаз бойы кәуап пісіріп саттық. Пайдаға кенеле алмадық. Керісінше, шығынға баттық.

— Қалайша?

— Сол жылы жазда күн салқындау болып, дариғаға суға түсуге адам аз келді. Жел, жауын-шашын көп болды. Бірақ біз жазғы маусым аяқталғанға дейін жұмыс істедік.

— Білуіміше, бизнес ашып, сәтсіздікке ұшырау — заңды құбылыс. Ең бастысы, сол сәтсіздіктерің жеңе білуде емес пе?

— Өрине, әлемге танымал Билл Гейтс, Стив Джобс секілді миллиардерлердің алғашқы кәсіп көздері сәтсіз аяқталған. Бұлармен менің шағын кәсібімді салыстыруға келмес, десек те түсінік ретінде, тәжірибе ретінде айтып, үлгі алуға болады. Билл Гейтстің әріптесі Полл Алленнің: «Қаладағы кептелісті жоюға септесетін Traf-O-Data құрылғысын ойлап таптық. Ол — біздің бизнестегі бірінші қадам еді. Бірақ құрылғы нашар болды. Бұл сәтсіздік құнды тәжірибе болды, себебі ол бірнеше жылдан кейін Microsoft компаниясын құруға жасалған дайындық еді», — дегені бар. Сол секілді «Аквалайн» брендин қалыптастыруда бұрынғы сәтсіздіктер мен тәжірибелер пайдасын көп тигізді. Мен нағыз кәсіпкер ретінде ойлануды, қиындықтарға төтеп беруді үйрендім. Мысалы, жаз бойы кәуап пісіріп сатып, табыс таба алмасам да салым суға кетпеді. Сол жылы күзде үйленіп, отау құрдым. Артынша, Қызылжармада 14-ші қоғамдық көліктің соңғы аялдамасы маңынан шағын дүкен аштым. Енді жұмысқа сақ қарап, әрі өзіме сенімділікті күшейттім. Базардан ең алғаш 500 теңгеге құрт, пікник, альбени, сағыз сияқты заттар

әкеп, дүкеншіктің бір терезесін ашып қойып саттық. Күндіз кішігірім саудамен, кешке қаратмен айналыстым. Дүкенде келіншегім де, інілерім де кезектесіп тұратын. Екі-үш ай өткенде 800 теңгеге зат әкеп сататын жағдайға жеттік. Бара-бара 1000-ға көбейтті. Ынталана түстік. Алғаш рет күні 1200 теңгенің өнімін өткізгенде қуанышымызда шек болмады. Бұл біз үшін үлкен жетістік болып көрінді. Кейін дүкенге зат сыймай кетті.

— Олай болса, «кәсіпке 500 теңгемен қадам басқанмын» деуіңізге болады екен ғой...

— Иә, солай десек болады. Өйткені, дүкеннің саудасы жақсы жүрді. Бізге ол тарлық еткесін, үлкейтудің қамына кірістік. Құрылыс материалдарының барлығын бірдей сатып алуға қаражат жетпеді, сондықтан қарыздануға тура келді. Қам кірішті өзім бастым. Арасында ағаларым қол ұшын созды. Он үш жарым мың кіріш бастық. Құрылыстың басы-қасында әкем жүрді. Дүкен мен шағын кафені әуірімдеп жүріп бітіріп, жаңа жылға қарсы аштық. Ал бір жыл өткеннен кейін барып, дүкеннің саудасы өз арнасына түсті. Дүкеннің атын әкем «Тентек» деп қойды. Кейін оны бұдан да үлкен етіп салу керек болды. Сөйтіп, 2012 жылы дүкенді бұзып, қайта тұрғыздық.

— Бүгінде «Аквалайн» суы аймағымызда, өңіріңіз айтқандай, брендке айналғаны белгілі. Жалпы, суды сүзіп, тазартып сату идеясы қалай туды?

— Су — тіршіліктің нәрі. Суы таза елдің денсаулығы да, тіршілігі мардымды болмақ. Бұл талай жылдардан бергі зерттеу нәтижесі. «Аквалайн» серіктестігінің жұмысы 2003 жылы басталған еді. Ол кездері таза судың ағзамыз үшін қаншалықты маңызды екенін білзе бермейтініміз. Дәрігерлер біздің өңірімізде бүйрек, бауыр ауруларының өршіп тұрғандығы туралы жиі айтып, дабыл қакты. Мен алғаш рет өңіріміздегі ауызсудың тазартылғанынан кейінгі өңін көргенімде көздімдідей таңғалдым. Сол уақытта республикамызда Қызылорда мен Атырау өңірінің су сапасы сын көтермейтін. Суды сүзіп, тазалап сату туралы алғаш ойлағанда пайдадан гөрі халықтың денсаулығы алаңдатыды. Өңіріміздегі таза суға деген сұранысы алғашқы болып «Аквалайн» қалыптастырды десем қателеспеймін.

— Бастапқыда қара судан тиын құрау қиын болған шығар?

— Кәсіпкерлерден ақыл-кеңес сұрай барғанда көбісі қолдай қоймады. «Қызылордада суды кім сатып алар дейсін», — деп кәсібімізді келешегіне күмәнмен қарады. Енді біреулер: «Сендер бара-бара ауа сататын шығарсындар», — деп мазак, келеке қылды. Бұған менің тауым шағылмады. Өйткені, бизнесті бастамас бұрын нарықты тыңғылықты зерттедім. Өз-өзіме сенімділікті арттырғаннан кейін «өзгелердің күмәнді пікірі мен үшін шындыққа айналмауы тиіс» деген ой қорыттым.

— Сонда оны қалай жарнамаладыңыз?

— Бизнесті бастаған уақытта мекемеде төрт қызметкер жұмыс істеді. 2005 жылы үлкен көлемде банктен несие алдым. Ол кезде несие алудың өзі ұзақ та қиын жұмыс еді. Содан кейін «несиені төлей алмай қалсам қайтемін?» деген ойды өзімнен аулақ ұстадым. Абыройсыздыққа тап болмас үшін тыным таппай еңбек еттім. Ол жылдары «Аквалайн» суынан қызыл-

— Көз көргендер, сырттай тани-тындар автобустан көргенде, тесіліп қарап қалатын. Солай назар салғандарды сезіп тұрсаң, өз-өзіңнен қысылып кетесің. Бірақ барынша мән бермеуге тырыстым. Өйткені, адал еңбек етуден арлану — сасық намыс.

— Бизнестегі ұстанымыңыз қандай?

— Бизнес адалдықты қалайды. Егер мен адал болсам, халық сенеді. Әрбір істе адалдықты ту еткеннің арқасында толағай табысқа толы талай тірлік тындырылды. Мекемемізде жұмысшылардың қатары 60 адамға жетті. Жыл санап қызмет көрсету сапасын да ілгерілетіп келеміз. Республикалық «Алтын сапа» байқауында Елбасымыздың «Алғыс хатымен» марапатталдық. Бұл біз үшін үлкен мәртебе, еңбегіміздің еш кетпегені.

— Ал жұмысшыларға қояр талабыңыз қандай?

— Адалдық, шынайылық және ынтылылық талап етем. Бәрін білетін адамнан гөрі, ынтасы бар адамды жұмысқа қабылдаған тиімді.

— Сіз қарат-додан қара белбеудің иесісіз. Спорттың бұл түрін қалай меңгеріп жүрісіз?

— Әкемнің күн сайын ерте тұрып, жүгіретін әдеті бар еді. Оның үстіне, ол кісі кезінде бокспен де шұғылданған көрінеді. Содан менің спортқа деген қызығушылығым оянды. Әсіресе, қаратге қатты қызықтым. 1990 жылдардың бас кезі «Титов» қыстағында мектепте қарат үйретеді дегенді естіп, іздеп бардым. Алғашқыда ақша болмай, айлық жарнаны төлей алмағандықтан жаттықтырушым Бакберген Әлімбетов талабымның зор екенін сезіп, мені тегін қатыстырды. Содан басталды да кетті спорттық мансабым. Өзім де шәкірт тәрбиеледім. Жаттықтырған спортшыларым облыстық, республикалық, халықаралық жарыстарда топ жарды. 2001 жылы қара белбеуге қол жеткіздім. 2009 жылы жаттықтырушылықты қойдым. Уақыт тапшы болды. Бірақ 2005 жылдан бері облыстық қарат-до және күрес өнері федерациясын басқарып келемін.

— Спортқа қайта оралуыңыз мүмкін бе?

— Мүмкін. Себебі, спортты сағынамын. Шәкірт тәрбиелеу — ең ізгі іс. Жүрегім содан жай тауып, рахатқа бөленеді. Қарат-до спорты адамның жан дүниесін байытып, жат қылықтардан ада қылады. Болашақта спорт зал салу ойымда жүр. Ол күнге де Құдай жеткізер.

— «Үш күндігін ойламаған әйелден без, үш жылдығын ойламаған еркектен без» деген. Сіз өзіңізді келешекте қандай биіктен көргізіңіз келеді?

— Жақында студенттермен жолық-тым, олардан күнделікті жоспарын және «болашақтың күнтізбесін» сұрадым. Өкініштігі, басым көпшілігі жоспар құрмайды екен. Жоспарлы ісі болмаған-дықтан адамның уақыты босқа кетеді. Манызды істі кейінге қалдыратын адам жаныққанда «бір-ақ секіріп мінем деп, бір-ақ секіріп түсем» (Абай) деп қысқа уақытта орындауға ұмтылады, тамыр-таныс іздейді, шала бүлінеді. Мұндайлар кейін өкініште қалуы мүмкін. Ең жаманы сол. Мақтанғандық емес, өз басым жоспар құрам. Негізгі үлкен мақсатыма жету үшін жолдағы кішігірім мақсаттарды уақыт-тылы бағындырып отыруға тырысамын. Жоспарлы шаруаны орындасам, уақыт та,

қуат та босқа кетпейді. Ал жоспарсыз істерді, кездейсоқ табыла кететін шаруаларды ескеріп, оларды да еңсеріп отырған жөн. Өмірде де, бизнесте де бұл қағида ауадай қажет. Егер кәсіпкерлік жағынан келсек, өзім бірнеше ірі өндіріс ашқым келеді. Бұдан қаншама адам тұрақты жұмыс табады. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстанның экономикасының өрістеуіне елдің азаматы ретінде үлес қосқаным болар еді. Осындай биік мақсатым бар.

— Жаңа кәсіп бастағандарға қандай кеңес бересіз?

— Табыс түссе, оны кәсіпті өрге сүйреуге жұмсаңыз дер едім. Кейбіреулер қалтасы сәл қампайса, қымбат шетел көлігін алып, коттедж салып көкірегін көріп жүреді. Ал оның бизнесі кейін тұралап қалады. Неге? Себебі, көлік жанармайсыз жүре алмайтыны секілді, бизнесті ұстап тұру үшін тапқан табысты қайта құйып отырмаса, ол адам бағы тап қалпына қайта түседі. Сонымен қатар, жетістікке жеткен адамға қызғанышпен емес, үлгі позициясынан қарау керек. Әйтпесе, адам кәсібі тұрғыда өспек түгілі рухани мешуе болып қалады. Әр адамда ешкімге ұқсамайтын жақсы қасиеті болады, соны байқап, үлгі ала білуіміз керек.

— Әлеуметтік желіде белсенділігіңіз жоғары. Бәзбіреулер құсап, ішкен-жегеніңізді айтпай, облыстағы, қоғамдағы, кәсіпкерлік саласындағы өзекті мәселелерді күн сайын жазып, ой тастап отырарсыз...

— Менің жұмысым халықпен тікелей байланысты. 2012 жылдан қалалық мәслихаттың депутаты болғалы Қызылжарма саялау округының әлеуметтік-экономикалық тұрғыда өсіп-өркендеуіне қал-қадіршіме ықпалымды тигізудемін. Осы кезге дейін елді мекеннің, одан қалды кәсіпкерлік саласындағы күрделі мәселелермен, бюрократиялық кедергілермен бетпе-бет келіп, тығырықтан шығар жол табуға күш-жігерімізді жұмсап жатырмын. Кәсіпкер және депутат ретінде елдің игілігі үшін ашық түрде аянбай жұмыс істеуге міндеттіміз. Осы тұрғыда әлеуметтік желі өз ойымызды ортаға салатын жан. Негізгі депутат ретінде әр ай сайын бір рет қоғамдық қабылдау өткізіуім керек, бірақ мен оған қарамай сайлаушылардың өтініш-тілектерін тыңдау үшін бірнеше мәрте кездесіп тұрамын. Қазіргі заманның жағдайында кейбіреулердің қабылдауға келуге уақыты бола бермейді. Ал олар мені әлеуметтік желіден табады. Кейде осылай сайлаушылардың сауалын, мұң-мұқтажын әлеуметтік желіден оқып, оған назар салып, лайықты жауап беруге, қолдан келсе шешуге ықпал етемін.

— Кәсіпкерлер палатасының Өңірлік кеңесіне мүшесіз. Айтыңызшы, Сыр елінде іскерлік тап қалыптасып келе ме?

— Іскер азаматтардың қатарын көбейтуде кәсіпкерлік палатасының рөлі жоғары. Палата халықтың кәсіпкерлік саласында сауатын ашуға көмектеседі. Оның нақты нәтижесін көзбен көріп отырымын. Бұрын біз несие алу үшін, құжаттарды рәсімдеу үшін бірнеше мекеменің табалдырығын тоздыратынымыз. Түрлі қиыншылықтарға тап болатынымыз. Ал қазір мұндай келесіздіктерге ұрына қоймайсыз. Бизнесте байланысты барлық мәселені осы палатаға келіп шешуге мүмкіндік бар. Тіпті, бүгінде аудан, ауыл кәсіпкерлеріне де қол ұшын беріп жатыр. Осы қарқынмен кете берсе, болашақта облыста кәсіпкерлер қатары артып, іскерлік тап бұқаралық сипат алатыны анық. Сонда экономикамыз қуаттанып қана қоймай, сыйбалас жемқорлық та азаяды. Өйткені, нағыз біліктілік пен іскерлік жүрген жерде әділдік орнайды.

— Сұхбаттасқаныңызға рахмет!

Әңгімелескен
Дәурен СЕЙІТЖАНҰЛЫ.

ҰЙЫҒАН ҰЛАҒАТ

Шіркін, дүние көзді ашып, жұмғандай ғой. Өтеді де кетеді. Көш керуенге кім ілесіп, кім қалмады? Қожахмет те қиялы озық, қауқары мығым жігіт болған. Өмір толқыны оны қай жағаға ұрып, қай жағаға соқпады. Сол сыннан сүрінбеген сақа тұлға еді. Қайран, қайтып келмейтін асыл ғұмыр ғажап кісінің ғиыратына да өзімен бірге әкетті. Өзінен қалғаны өнегесі, ұрпағы, ұйыған ұлағаты. Біз соғыс және еңбек ардагері Қожахмет Ауановты айтқанда осындай ой сабақтаған едік.

Жанарықта жарық дүниеге келіп, Жанакорғанда №51 мектепте білім алған бала ашаршылықтың да азабын тартқанның бірі. Нан тапшы. Белі қатаймаған балғын шағынан колхоз жұмысына жетілді. Уақыттың салмағы ерте есеего ітермеледі. Бір отбасының тіреу бақаны болып, асыраушысына айналды. Сөйтіп жүргенде соғыс басталды. 1942 жылдың наурызы туғанда әскерге алды. Он тоғыз жасар жігіт бірнеше ай бойы Талғар шатқалында кіші командирлер дайындайтын әскери курстан даурылықтан өтеді. Сержант Ауановты осы жерден Саратовқа, сосын Сталинградқа жіберді. Жәй жіберген жоқ, фельдмаршал Паулюстің алты ай бойы қоршауында тұрған қаланы азат етудің жауапкершілігі тұрды.

Бас қолбасшы И.Сталин Мәскеуді жаудан қорғаудағы асқан ерлігін жоғары бағалағаннан кейін Сталинград қаласын да азат етуде көзсіз ерлікке бару қазақтардың қолынан келетінін ұқты. Тегінде ұрыс тәжірибесі көп, туған жер үшін жанын аямайтын қазақтың адалдығына сенді. Осындай бұйрыққа сәйкес, Қожахмет Ауанов 8-ші гвардиялық казак полкінің құрамында майданға кірді.

Түрс-түрс бомбаның күшімен Волга өзені қақ айырылып, суы арнасынан асып жатты. Өзеннен қайықпен өткен барлаушылар алдымен жағалаудағы қираған үйдің өкірісіне тығылды. Бұйрық — жаудың осал тұсын анықтау. Бас көтеруге зулаған оқ мұрша бермейді.

Бірақ тапсырманы орындау қажет. Қаланың қай бұрышы болмасын, жаулық мықты бекінісі. Көзге іліксе мергендер қағып түсіреді. Сондықтан кештің түсуін күту керек. Төрт солдат және командир Қожахмет үнсіз жатыр. Тіпті, темекі тартуға да тыйым салды командир. Жару бұларды сезбеуі және сезіктенбеуі тиіс. Осылай ымырт түсті. Қала ішінде шамалы тыныштық орнағандай болды. Олар үлкен көшемен келеді. Таса-тасаға жармасып, алға жылжи бастады. Кенет байқаусызда бір фриц ұшыраса кетті. Алқымнан алған Ауанов дымын шығармай жер жастандырды. Сөйтіп де қасындағы серігіне немістің киімін кигізе қойды. Ол енді көшеде еркін жүруге мүмкіндік алды. Өлдекандай жағдай болса бірінші бас салатын сол «неміс» еді. Елу метр артта қалды, енді күдік күшейді. Көпқабатты үйдің кей терезесінен сығырайған май шамның сәулесі қыландайды, тұрғындарды қораға қойша қамап қойған сынайда. Соңадайдан неміске дауыс естіледі. Өктем дауыс. Әлдебіреуге зобір көрсетіп жатқандай дауыс. Оған әйел кісінің әлсіз сөзі жауап қатады. Қалайда соған жетіп, құтқару амалын табу керек. Сержант қарамағындағы «неміске» тапсырма берді: — Сіз фрицке қаймықпай тура



медалі және «Қызыл жұлдыз» орденімен ұлықталды. Елге орала салысымен оны аупарткомға шақырып алып, «Жанарық» колхозына мал фермасын басқаруға жібереді. Жас коммунистің белсенділігі мен еңбекқорлығының арқасында ферма ауданда алғашылардың қатарына көтеріледі.

Келер жылы оны аупартком, әуелі аудандық атқару

комитетінде нұсқаушы, сосын ауылшаруашылық бөлімінде тексеруші етті. Кейін мейрамхана директоры болды, ОРС мекемесін басқарды. 1976-1986 жылдарда Қызылордадағы ПМК-29 мекемесінен зейнеткерлікке шықты.

Қоғам өмірінде қажырлы еңбектің үлгісі танытқан Қожахмет көптің жүгін көтерер абызға айналды. Ел-ағайынның ауызбіршілігі үшін ақылман ата дәрежесіне көтерілді. Сондықтан оны қадірменді қария деп атап кетті. Ол зайыбы Данагүл екеуі 7 үл мен 1 қыз өмірге әкеліп, олардан 26 немере, 38 шөбере, 2 шөпшек сүйді. Ұрпағын ұлағатқа ұйытқан ата өткен жылы өмірден өтті. Азала жылында ақын Адырбек Сопыбеков:

Тұнған адалдыққа тұла бойын,
Қашаннан зерделі еді ақыл ойын,
Алсаң да қай жұмысты жақсы атқарып,
Ешкімнен кем болмады абыройын.

Өзіне беріп еді Құдай қанат,
Өмірде көргенің жоқ бір тайғанап.
Жан болдың адалдықты жаңын сүйген,
Сөйлеген пенде емессің былай қарап.

Ұрпағың бәйтеректей өскен кілең,
Жан едің ешнәрседен сескенбеген.
Арманың орындалды ойыңа алған.
Бәрін де аяқтандырып кетсем деген, — деп толғанды. Бұл елдің сөзі еді. Ел ерін сыйлады, ер елін ардақтап өтті. Абзал жанның артында қалған абыройлы ұрпағы ата жолын өз тұтып, маңмаңгер биігің мақтан тұтады.

Ерубай ҚАЛДЫБЕК,
Қаныбек ӘБДУОВ.

● ОЙТАРАЗЫ

Өлкеміздің өзінше ерекшелігін, тарихын білмей, өткенде орын алған қателіктерінен қорытынды шығармай, туған жеріміз бен еліміздің келешегін болжауға да, жақсартуға да болмайды.

Туған жеріміздің ерекшелігі қандай? Адамзаттың қандай бір күнкөріс қорегі болмасын, тек қана суландыру арқылы жерден алынатындықтан, Сыр мұрабы елінің күнкөріс тіршілігінің қажеттілігінен ерте дүниеден бері өмірге келген Ата кәсібі. Халқымыз “Ата дәстүрі мен кәсібін жоғалтқан ел азады” деп текке айтпаса керек.

Сыр мұрабтары адамнан дәмәтпей, Алладан су сұрап, елі мен жерін байытқан. Судың тілін бүкіл жаратылыс әлеміне қатысын жетік білетін ел алдындағы жауапкершілігін жақсы сезінетін, елі мен жерінің қамқоршысы болған бірден-бір маман.

Сырдың мұрабтары мен диқандары мамандық шеберлігімен табиғатқа қиянат жасамай, елі мен жерін байытты. Халқын тойындырып, келешек ұрпақтарына бай табиғатты, құнарлы егістік жерді мирас етіп қалдырды.

Су бар жерде өмір бар, өсімдік әлемі,

егін егіп, елдегілер ерен еңбегімен өздерін асырап, барлық өндірген өніміне құрт пен майын, жылы киімін қосып майданға жіберіп, Ұлы Жеңіске өз үлестерін қосты.

Дүние жүзінің тәжірибесінде кездеспеген Сырдария өзенінің ұйығына соғылған Қызылорда плотинасы Орта Азиядағы ірі су құрылысы саналды. Ел таршылық заманда кісе киімге, ішсе тамаққа жарымай жүріп, жан азабымен жұмыс жасады. Міне, өмірдің жаны – еңбектің құдіреті.

Өкініштісі, Кеңес дәуірінде білімсіздіктен Жер-Анаға қиянат жасап, табиғатты қурастып, өндірген мол өнімге құнығып, “Табиғаттың бермесін тартып аламыз” деп Жер бетіндегі бар байлықтан айрылып, экология дағдарысына тап болдық.

Сыр еліне осы жасаған қиянаты аз болғандай, Кеңес Үкіметінің қайта құрумен басталып, қайта құртумен аяқталған соңғы саясаты судың тілін бүкіл жаратылыс әлеміне қатысын жетік білетін инженер гидротехникті бірнеше тар мамандықтарға бөліп, судың мамандарын сауатсыздыққа,

өзенінің арнасын реттеу, Солтүстік Арал теңізінің бір бөлігін сақтау” деп аталғанымен өзен арнасы реттелген жоқ. Аралдың қамқоршылары Аралға да, адамға да мол су қажеттігін естен шығарып, теңіз төңірегінде сусыз құрылыстар соғуда. Оларға “су қайда?” деп жүрген адам да жоқ.

Біз “Мал шаруашылығын өркендетіп, ауылды дамытып, ел экономикасын ғылыми негізде көтереміз” дейміз. Шындығын айтқанда, табиғи жайылымсыз, шабындықсыз, жемсіз мал шаруашылығы өркендемейді. Суармалы егіншіліктің мәдениетін көтермей, ауыл дамымайды. Төменгі Сыр бойының тәжірибесімен тұздықталмаған ғылым бос болжам.

Ең өкініштісі, суландыру жүйесімен суармалы егістік алқаптарының техникалық жағдайы өте нашар, жердің бабын тауып, барын алатын тәжірибелі диқандар мен мамандар жоқ. Қажетті егістік суды есептеу, өлшеу, бөліп беру жұмысы жолға қойылмаған. Сондықтан суландыруды ғылыми негізде жетілдіру – өмір талабы.

Суландыру (орошение) дегеніміз

● ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ

ҰСТАЗДАР ӘУЛЕТІ



Исаханұлының ұстаздық еңбек жолы кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Жалағаш ауданындағы Аққұм ауылында дүниеге келген ол 1972 жылы ауылдағы №38 орта мектепті бітіргеннен кейін, Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педогогикалық институтының физика-математика факультетін тәмамдайды. Одан кейін Алматыдағы лектор-методист даярлайтын екі жылдық курста оқып, ұстаздық жолын Білім министрлігінің жолдамасымен Өзбекстан Республикасындағы білім ордасында бастады. Аздаған уақыт ішінде біліктілігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында көзге түсті, 1980-1992 жылдары Ақсу ауылындағы №116 орта мектепте мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, Таң ауылындағы №118 орта мектеп директоры, Аққұм ауылындағы №38 орта мектеп директоры қызметтерін атқарды.

Мұнан кейін туған жері Көкжиде ауылдық кеңесінің төрағасы, Аққұм ауылдық округінің әкімі болды. Ал 2002 жылдан бері Аққұм ауылында А.Бисенов атындағы №38 орта мектептің директоры болып абыроймен қызмет атқарып келеді.

Үлгілі басшы мұғалімдердің республикалық VI съезіне делегат болып қатысты. Еңбегіне лайық ұлағатты ұстаздың алған марапаттары – өнегелі істерінің жас ұрпаққа үлгі болатындығының айғағы. Жалағаш аудандық мәслихатының депутаты болып сайланды. Мектептің жүрегі бола білген Б.Мұстапұлыс білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін Қазақстан Республикасы «Халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері атанған.

Сыр бойының білім мәртебесін арттыруда қосқан ерекше үлесі мен шығармашылық ізденістерінде белсенділігі үшін өзі басқарып отырған №38 орта мектебінің ұжымы «Педогогикалық ізденіс мектебі» номинациясын иеленді. Жас ұрпақ тәрбиелеудегі нәтижелі жұмыстары үшін Құрмет грамотасымен марапатталып, Қазақстан Республикасының «Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалінің иегері атанды.

Ұлы өмір көшінде егемен елдің ертені – жас ұрпақ тәрбиелеп келе жатқан ұлағатты ұстаздың басқаруымен мектепте сан алуан іліктік істер қолға алынды. Әсіресе, әр пәннің кабинеттерін заман талабына сай жаңа технологиямен жабдықтауға ықпал ете білді. Мектептің 70 жылдық тарихын баяндайтын мұражай ашылып, жұмыс жасауда. Жалпы алғанда А.Бисенов атындағы №38 орта мектепте жүргізіліп жатқан оқу-тәрбие жұмыстары өз нәтижелерін беруде.

Өмірлік жұбайы Құрманбаева Күләш та ұзақ жылдар бойы білім саласында еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан. Бұл кісі де тәуелсіздік жылдарындағы мектептің алғашқы «Алтын белгі» медалінің иегері атанып, бастауыш сынып ұстазы ретінде мектеп мектанышына айнала білді. Ерлі-зайыпты ұстаздар бүгіндері төрт баланы тәрбиелеп отыр. Үлкені Мұхтар да ата-ананың ізгі жолымен жоғары білімді ұстаз болып жұмыс істейді. Қазіргі таңда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университетінде аға оқытушы, ғалым-ізденуші. Ресей елінің астанасы – Мәскеу қаласында аспирантурада оқып, ғылыми жұмыстармен айналысуда. Оның жолдасы Гүлжан осы оқу орнында жұмыс істейді, ғылым кандидаты. Қыздары Гүлсім мен Гүлжайна да – жас жеткіншектерді тәрбиелеп отырған білікті ұстаздар. Кенже ұлы Жақсылық ішкі істер бөлімінде тергеуші қызметінде. Ұстаздар әулетінің өзгелерге көрсетер өнегесі жетерлік.

«Жақсы адам ғана жақсы басшы бола алады» деген түркі халқының ғұламасы Жүсіп Баласағұнның керемет сөзі бар. Сол айтқандай отыз жылдан бері білім ордасына басшылық жасап, ұжымның бірлігін сақтап, ұрпақ тәрбиелеп келе жатқан Болат Исаханұлы білікті басшы, бақытты әке, ұлағатты ұлық ұстаз.

Серік БЕРТАЕВ.
Жалағаш ауданы.

● БАЙҚАУ

«ОЙ-САНА» ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫ ӨТКІЗІЛДІ

Облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен қазақ тілінде оқитын жастардың арасында орыс тілін таныту және дарынды жастарды анықтау және қолдау, риторикалық дағдыларды, сөйлеу мәдениеті деңгейін көтеру мақсатында «Ой-сана» облыстық байқауы өткізілді.

Байқауға облыс аудандары мен Байқоңыр, Қызылорда қаласының мектептері және арнаулы орта оқу орындарынан 16-22 жас аралығындағы 13 талапкер қатысты.

Байқау қорытындысы бойынша Қармақшы ауданы, №99 орта мектеп оқушысы Әбдусамат Ертілеуов жеңімпаз атанды. Ал Байқоңыр қаласындағы №14 орта мектеп оқушысы Анар Махшат, Арал ауданы, №13 орта мектеп оқушысы Багила Әкиева мен Сырдария ауданындағы О.Әбілпаттаев атындағы №210 орта мектеп оқушысы Назерке Балабекова 2-3 орындарды өзара бөлісті.

Байқау жеңімпаздары басқарманың дипломдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды. Облыстық байқаудың жеңімпазы кыркүйек айында өтетін республикалық байқауға қатысып, облыс намысын қорғайды.

Р.АҚНИЕТ.

ӨЛКЕМІЗДІҢ СУ – ҚАНЫ, ЕҢБЕК – ЖАНЫ

жан-жануар дүниесі тым ерте дамыған Сырдың елі – алғашқы адамдардың топтасқан жерлерінің бірі. Сол дәуірден бері егістік жерді суландыру жұмысы Сыр елімен бірге жасасып, судың проблемасы күн тәртібінен ешқашан да түскен емес.

Халқымыз “Ел тағдырын жер шешеді” десе, төменгі Сыр бойында елдің де, жердің тағдырын тиімді пайдаланған су шешкен. Өлкеміздің өткен тарихына назар аударсақ, ерте дүниеден бері Сыр бойы бірнеше рет өркендеген жоғары мәдениетті, суармалы аймақ болып, қайтадан құлазыған қу мекенге айналған екен.

Осындай Сыр елінің біресе бағы жанып, біресе соры қайнағанын Кеңес Үкіметінің ғалымдары С.Т.Толстов пен В.В.Андриановтар Сыр бойындағы ұзаққа созылған жаугершілік пен Шыңғысханның жорығынан көрсе, атықты ғалым Г.К.Ризенкамф Сыр бойының құбылмалы қатыгез табиғатынан көреді.

Атамыз қазақ “Өмірдің жері – денесі, су – қаны, еңбек – жаны” дейді. Біздіңше өмірдің қан тамыры су жолдарын ақаусыз жұмыс істетіп, жаратылыс әлеміне жан бітіретіндей етіп, су мен жерге еңбек еткенде Сыр елінің бағы жанып, ел ішінен береке-бірлік кетіп, адал еңбектен божырап, су мен жер күтіміз, егесіз қалғанда Сыр елінің соры қайнаса керек.

Осы өмір шындығын өз дәуірімізден дәлелдесек, 1930 жылдары жерұйық Сыр бойында телегей теңіз су болды, не ексе де бейнетсіз мол өнім беретін құнарлы жер болды, жер қайысқан аң мен құс, суға сыймайтын балық, қажырлы еңбек ететін ер азаматтар түгел болды.

Өкінішке орай, осы байлықтарға қарамастан “Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын” деп ел арасындағы береке-бірлікті, күнкөріс малын алып, адал еңбектен божыратып, жер мен су күтіміз егесіз қалып, қаншама халық аштықтың құрбаны болды.

Қолдан жасалған аштық 1937 жылы “Халық жауы” деген жаламен жалғасып, қаншама зорлықтың зардабын шегіп, таршылықтың тақсыретін тартқаннан кейін 1938 жылы Қызылорда өз алдына облыс болғаннан бойын өмірдің қан тамыры су жолдарын тәртіпке келтіру “Бүкіл халықтық екпінді құрылыс” деп жариялады.

Су жолдарын тәртіпке келтіру “Бүкілхалықтық екпінді құрылыс” деп жарияланысымен, таршылықтың тақсыретін тартқан Сыр елі екі білектің күшімен, қара кетпеннің құдіретімен қазіргі пайдаланып жүрген су жолдарының ізін салып, бүкіл халық жұмыла егін егіп, 1940 жылы халқымыздың тойынған, Қызылорда плотинасының құрылысы қолға алынған жылы болды.

Соғыс 1941 жылы басталып, барлық ер азаматтар майданға кетті. Елде қалған кемпір-шал, бала-шаға, жесір әйелдер күндіз-түні жаны азабымен

мекемені қауқарсыздыққа айналдырды.

Егемендігімізді алғалы бері, шет елдердің көмегімен жерасты байлығын игеріп, тек қана бүгінгі күннің халқының бар жағдайын жасап жатырмыз. Жерасты байлығы да шексіз емес. Ол да сарқылады, сонда келешек ұрпақтар қайда барып, қалай күн көреді?

Сондықтан осы игеріліп жатқан жерасты байлығында келешек ұрпақтардың да ризық-несібесі барын ескеріп, өндірген қаржының бір бөлігін пайдаланып, келешек ұрпақ үшін жер бетіндегі байлығын неге қайтадан қалпына келтірмесек.

Экология дегеніміз – қоршаған ортаның суға байланысты барлық ауруларының бір-біріне қосылып асқынған түрі. Біз экология дағдарысынан шығамыз десек, бар судың тиімділігін арттырып, қоршаған ортаны сумен емдеуіміз керек.

Сыр бойындағы бір тамшы су бермей құратқан табиғатқа мол су беріп өсімдік әлемін, жан-жануарлар дүниесін қайтадан қалпына келтіру керек десе, “Су жоқ” деген бір ауыз сөз алдыңнан шығады.

Шындығында, өзеннің көктемгі тасқын суын қураған табиғатқа жіберетін жолы болмағандықтан, барлық су дарияның арнасына қамалып, Қызылорда қаласына қауіп төнген сәттер кездесті. Сондайда өзбектерге өтініш айтып, 40 млрд. текше метр суды Қызылорда облысы Арнасайға жіберткен уақыты да болды.

Сондықтан жаз айларында қураған табиғатқа баратын арықтар қаздырып, көктемде өзен суы тасыған кезде қазылған арықтардың сағасын ашып, қураған табиғатқа мол су жіберіп, тасқын судың қарқынын азайтса, қалаға да қауіп төнбейді, табиғат пен мал жайылымы суландырылады.

Өкінішке орай, Шардара су қоймасына келген суды есептеп егелік жасап, қысы-жазы бірдей жетектеп ел мен жерге, қураған табиғат пен теңізге бөліп беру жұмысы қолға алынған да жоқ. Қураған табиғат қурап жатыр.

Бүкіл жаратылыс әлеміне жан бітіретін құдіретті күш – судың проблемасы жылдан жылға халықаралық деңгейде шиеленісіп, қиындай беретіні өмірдің ашы шындығы.

Басқасын айтпағанда, Сырдария өзенінің жоғарғы-төменгі ағысындағы елдердің мүдделерінің қарама-қайшылықтары жылдан жылға күшейіп, бір келісімге келмей, судың проблемасы мемлекетаралық саясатқа айналады.

Демек, қаншама қиындықтармен Шардара су қоймасына келіп түскен ауадай қажет судың тиімділігін арттыруда, тікелей өзеннен алатын каналдардың сағасына шлюздер, су өлшейтін постылар соғып, суын бір жерден ашып-жабатын автоматты қондырғылар орнатып, Сырдария өзенін біртұтас инженерлік жүйеге айналдыру өмір талабы.

Халықаралық Аралды құтқару қорының бас жобасы “Сырдария

– екпе дақылдарынан тұрақты мол өнім алуға қажетті топырақтың ылғалдылығын табиғи су айналымы қамтамасызетпейтін өлкеде топырақтың сол жетпейтін ылғалдылығын қолмен суландыру арқылы толтыру.

Өлкеміздің ауа райының қуаңшылық болуына байланысты, екпе дақылдарға қосымша көп мөлшерде су беруді қажет етеді. Осыған керісінше жерасты тұзының жақын болуына байланысты, әр дақылдың өсуіне қажетті суынан артық берген су жерасты тұзын бетіне шығарып, өнімін азайтып егістік жерді істен шығарады.

Сондықтан, егілген дақылдан мол өнім алатын, егістік жердің мелиоративтік жағдайын нашарлатпайтын суландырудың тиімді тәсілін (оптимальное режим орошение) тауып, сол суды өзеннен жетектеп атызға жеткізгенше бойындағы топырақтың су өткізгішшіне қарай жерге сіңетін, ауа райына қарай аспаңға бу болып ұшатын судың шығынын есептеп, сағадан алатын судың көлемін анықтау тәжірибеміз ғылымды сабақтастыратын күрделі іс.

Егер де су мен жерге бүкілхалықтық бетбұрыс жасалса, су мен жердің тілін бірдей біліп, тиімділігін арттыратын мамандар даярлауға, суландыруды ғылыми негізде жетілдіруге Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университеті мен Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының толық мүмкіндіктері бар.

Сондықтан төменгі Сыр бойы осы ерекшеліктерімен өткенде орын алған қателіктерінен тәжірибе жинап, халықпен ақылдасып, суландыруды ғылым мен білімнің жетістіктерімен жетілдіруіміз қажет. Бір сөзбен айтқанда, экология зардабын шегіп отырған бізге, не керек екенін ең алдымен біз өзіміз білуіміз қажет.

Осы мақсатта “Сыршежіре” мұрағат мұражайын тандыры кепкен Аралдың, қураған табиғаттың, тозған суармалы жердің тағдырын шешетін құдіретті күш – Су екенін насихаттайтын, өскелең жастарға өнегелі тәрбие беретін орталыққа айналдырса. Халқымыз “Өмірдің денесі – жер, қаны – су, жаны – еңбек” дейді. Шындығында, өмірдің қан тамыры су жолдарын, ақаусыз жұмыс істетіп, бүкіл жаратылыс әлеміне жан бітіретіндей етіп, су мен жерге еңбек еткенде ғана, ел мен жер байлығы молаяды.

Сондықтан, су мен жердің тиімділігін арттыруда бүкілхалықтық бетбұрыс жасап, ел мен жер байлығын молайтып, келешек ұрпақтарға бай табиғатты, құнарлы жерді мирас ету – әрқайсысымыздың өз ұрпағымыздың алдындағы парызымыз.

Мәделхан НӨЛІБАЕВ,
Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген гидротехник,
Сырдария ауданының
Құрметті азаматы.

ЖОБА

«ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫНДА ОРНАЛАСҚАН «ҚОРҚЫТ АТА ЕСКЕРТКІШ КЕШЕНІ» ТАРИХ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ЕСКЕРТКІШІНІҢ ҚОРҒАУ АЙМАҒЫНЫҢ, ҚҰРЫЛЫС САЛУДЫ РЕТТЕУ АЙМАҒЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒАТ ЛАНДШАФТ АЙМАҒЫНЫҢ ШЕКАРАСЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ ШЕШІМІНІҢ ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдесінде Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес «Қармақшы ауданында орналасқан «Қорқыт ата ескерткіш кешені» тарих және мәдениет ескерткішінің қорғау аймағының, құрылыс салуды реттеу аймағының және қорғалатын табиғат ландшафты аймағының шекарасын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихаты шешімінің жобасы Қызылорда облыстық мәслихатының қаулына ұсынылсын.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р.Кенжеханұлына жүктелсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкіміҚ. КӨШЕРБАЕВ.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «__» _____ №__ қаулысына қосымша

ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫНДА ОРНАЛАСҚАН «ҚОРҚЫТ АТА ЕСКЕРТКІШ КЕШЕНІ» ТАРИХ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ЕСКЕРТКІШІНІҢ ҚОРҒАУ АЙМАҒЫНЫҢ, ҚҰРЫЛЫС САЛУДЫ РЕТТЕУ АЙМАҒЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒАТ ЛАНДШАФТ АЙМАҒЫНЫҢ ШЕКАРАСЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдесінде Заңына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**
1. Осы шешімнің 1, 2-қосымшаларына сәйкес Қармақшы ауданында орналасқан «Қорқыт ата ескерткіш кешені» тарих және мәдениет ескерткішінің қорғау аймағының, құрылыс салуды реттеу аймағының және қорғалатын табиғат ландшафты аймағының шекарасы бекітілсін.
2. Осы шешім жобасының облыс әкімдігінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз ету «Қызылорда облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р.Кенжеханұлына жүктелсін.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының сессиясының төрағасыҚызылорда облыстық мәслихатының хатшысыА. Әліязарова.

Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы «__» _____ №__ шешіміне 1-қосымша

Қармақшы ауданында орналасқан «Қорқыт ата ескерткіш кешені» тарих және мәдениет ескерткішінің қорғау аймағының, құрылыс салуды реттеу аймағының және қорғалатын табиғат ландшафты аймағының шекарасы

№	Тарихи және мәдени ескерткіштің атауы, мерзімі	Ескерткіштің түрі	Ескерткіштің орналасқан жері	Қорғау аймағының көлемі	Құрылыс салуды реттеу ауданының көлемі	Қорғалатын табиғи ландшафты аймағының көлемі
1	Қорқыт ата ескерткіш кешенінің (1980 жыл) тарихи қалыптасқан аумағында орналасқан ескерткіштер тобы:	Степа Қылует Амфитеатр Қорқыт мұражайы Қошқар мүсіні	Жосалы кентінен солтүстік-батыс қарай 18 шақырымда	2,75 гектар	6,27 гектар	11,07 гектар

Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы «__» _____ №_____ шешіміне 2-қосымша

Карта-сызбасы

Қорғау аймағының ауданы: S= 2,75 гектар.
Құрылыс салуды реттеу ауданы: S= 6,27 гектар.
Қорғалатын табиғат ландшафты аймағының ауданы: S= 11,07 гектар.
Жалпы ауданы: S= 20,09 гектар.

САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР БАҚЫЛАУДА БОЛАДЫ

Қаржылық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша инспекциясы бақылау іс-шараларының жоспарына сәйкес 2014 жылы салықтық емес түсімдердің мемлекеттік бюджетке толық және уақытылы түсуіне бақылау іс-шараларын жүргізді. Соның нәтижесінде 24 мекемеден 7723 мың теңгеге салықтық емес түсімдер бойынша заңбұзушылықтар анықталды. Қолданылған шаралар нәтижесінде 6072,6 мың теңге бюджетке өндіріліп, бұзушылықтарға жол берген әр түрлі деңгейдегі 22 жауапты тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Орын алған салықтық емес түсімдер бойынша заң бұзушылықтарға «Тереңөзек кенті әкімінің аппараты», «Қызылорда облысының ауыл шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінде, Сырдария аудандық білім бөлімінің №15 «Нұрбақыт» балабақшасы, «Алтын балық» балабақшасы МКҚК жол берген.

Сонымен қатар Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№4 қалалық емханасы» ШЖК МКҚК-ла, «Қалалық мәдениет үйі, клубтар және халықтық ұжымдар» МКҚК-да, «Қызылорда облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының психикалық жүйке ауруларының интернаты» КММ, «Қызылорда облысының ауылшаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінде, «Қызылорда қалалық білім бөлімінің Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясы» КММ, «Толқың» балабақшасы МКҚК-да, Сырдария аудандық білім бөлімінің Т.Айтбаев атындағы №132 орта мектебінде, Шиелі ауданындағы «Ақ бесік» балабақшасы

МКҚК-да, Шиелі аудандық білім бөлімінің Ы.Жақаев атындағы №244 орта мектебінде, «Қалалық коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесінде, «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мен «ҚР ІІМ Қызылорда облысының ішкі істер департаменті», «Жалағаш аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі», «ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің Қызылорда облыстық сотының кеңсесі», «Шиелі аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінде, «Облыстық медициналық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында, Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің «Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесінде салықтық емес түсімдердің мемлекеттік бюджетке толық және уақытылы түсуіне бақылау барысында бұзушылықтарға жол берілгендігі анықталды. Анықталған бұзушылықтар бюджетке өндіріліп, бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғаларға тиісті шаралар қолданылды.

Салықтық емес түсімдердің мемлекеттік бюджетке толық және уақытылы түсуі үнемі бақылауда болады.

Іскендір ӨМІРЗАҚҰЛЫ,
облыс бойынша қаржылық бақылау инспекциясының
№4 бақылау бөлімінің басшысы.

КӘСІПОДАҚТАР ҒАҢДАУЫ ЕҢБЕК АДАМЫНА ЛАЙЫҚТЫ ӨМІР

Әлемдегі ең бірінші кәсіподақ ұйымы құрылғалы 200 жылдан астам уақыт өтті. Сол уақыттан бастап өміріміздің жақсаруына қоғамның ілгері жылжуына ықпал етіп келеді. Елбасымыз бес институционалдық реформаны жүзеге асыруға байланысты ұсынған 100 нақты қадамын жариялады. Кәсіби мемлекеттік аппарат құруды міндеттеп, ашықтыққа басымдық беруді жүктеді. Бұл ретте сала мамандарының жалақысы қызмет сапасы мен өз нәтижесіне қарай жоғары болуы керектігі ескеріледі. Жаңа заңнамаларды эзірлеу барысында жемқорлыққа қарсы күресті күшейтіп, құқық бұзушылықтың алдын алатын арнайы бөлім құру қажеттілігі де айтылды.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алып, қысқа мерзім ішінде нарықтық экономикаға бет бұрды. Сондықтан, осыған байланысты жалдамалы қызметкерлердің еңбек құқығын қорғауда үлкен мәселелер туындады. Себебі, олардың құқықтарын кейбір жұмыс берушілер жиі бұзып, еңбек құқығы нормаларын қолданғанда көп кемшіліктер жібереді. Осыған байланысты, еңбек қатынасындағы әлсіз жақ – жалдамалы қызметкерлердің құқығын қорғау қазіргі еңбек құқығының функционалды рөлі болып табылады. Ал осы еңбек қатынасындағы әлсіз жақтың құқығын қорғауды қамтамасыз етудің басты тәсілі – осы мақсатқа арналған еңбек дауы институты.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 1-бабының 1-тармағының 19) тармақшасына сәйкес еңбек дауы – бұл ҚР еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек шартының және (немесе) ұжымдық шарттың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы келіспеушіліктер болып табылады.

Сол себепті қазіргі уақытта бастауыш кәсіподақ ұйымдарының қажеттілігі ерекше сезіліп отыр. Өйткені нарықтық қатынастардың өмірімізге тереңдеп енуі кез келген еңбек адамының көңіл күйіне әсер ететіні шындық. Бүгін жалақы алып,

асырап жүрген жандардың ертең-ақ жұмыссыздардың қатарын толықтыруы оң-оңай. Сондықтан да қазіргі уақытта жұмыс беруші мен жұмысшының арасындағы жалғыз дәнекер – кәсіподақтар ұйымы екені сөзсіз.

Қазақстанда кәсіподақ қызметін белсенді ұйымдастыру және еңбек адамын қолдауда барлық жағдайлар жасалған. Әлеуметтік-еңбек қатынастарының тиімді моделін қалыптастыру бойынша саясат жүргізіледі, негізінде мемлекеттің, жұмыс беруші және кәсіподақтардың арасындағы әлеуметтік әріптестіктің рөлі күшейтіледі.

«Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» және «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» мемлекеттік стратегиялық жоспарларында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының көкжиегі анықталған, елдің және әр қазақстандықтың тағдырының жаңа көріністері ұсынылған.

Қазақстанда демократияны, қоғамдық институттардың, соның ішінде кәсіподақтардың да қызметтерін дамытуға жағдай жасалған. 2014 жылдың маусымында ҚР «Кәсіптік одақтар туралы» жаңа Заңы қабылданды. Онда кәсіподақ қозғалысының дамуындағы жаңа тәсілдемелер – қатаң құрылымдау, кәсіподақтардың құқықтары мен міндеттерінің нақты белгіленуі, салалық кәсіподақ, республикалық және аймақтық бірлестіктер арасындағы өкілеттіліктерді жіктеу, кәсіподақтардың барлық деңгейдегі әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыруға қатысу тәртібін анықтау айқындалған.

Уақыт талабына сай кәсіподақтарды біріктіруге және ірілендіруге, олардың еңбек қатынастарын реттеуде жауапкершілігін күшейтуге, әлеуметтік әріптестікті дамытуға, ұйымдастырушылық-қаржылық жұмысын жетілдіруге, кәсіподақ кадрларының жауапкершілігін жоғарылатуға, олардың резервін дайындауға, еңбекші әйелдер және жастармен жұмысты күшейтуге, елдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласуға жаңа бағыт алды. Кәсіподақ қызметіне креативті, соны идеялар мен айрықша шешімдер енгізіліп және қолдау тауып келеді.

Кәсіподақтар мен оның мүшелік ұйымдарының реформалары мен жаңартуларының түпкі мақсаты – бұл кәсіподақ қызметінің жаңа моделін жасау, қоғамдағы кәсіподақтың орнын одан әрі нығайту, әлеуметтік әріптестікті жетілдіру, жалдамалы жұмыскерлердің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін тереңдету қорғау.

Әлеуметтік әріптестікті дамыту мақсаттарды жүзеге асыруда басты рөлді кәсіподақтар әлеуметтік әріптестердің еңбек құқықтарын қорғау және жұмыскерлердің әлеуметтік-экономикалық мүдделерін, қоғамдағы татулық пен тұрақтылықты сақтау істерінде конструктивті өзара әрекетке ықпал ететін әлеуметтік әріптестікке береді.

2015 жылдың 10 маусымында ҚР Кәсіподақтар федерациясының кезекті XXIV съезі өтеді. Онда 2010-2014 жылдар аралығындағы жұмыс қорытындыланып, жұмыскерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау және қоғамдағы әлеуметтік диалогтың рөлін арттыру салаларындағы алдағы бес жылдың басым міндеттері айқындалады.

Алдағы болатын съездің негізгі бағдарламалық құжаты болып Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының 2015-2020 жылдарға арналған қызмет стратегиясы болып табылады. Онда кәсіподақтардың қабылданған Заң және Бас келісім айқындаған барлық бағыттары қамтылатын болады.

Кәсіподақтар және оның мүшелік ұйымдары әлеуметтік әріптестермен өзара әрекеттестікті жетілдіру, осы жұмыстарды зерттеу және тәжірибесін тарату, келісімдер мен ұжымдық келісім-шарттар жасасу, ұжымдық еңбек дауларын шешу бойынша жұмыстарды жалғастыруда.

Қорыта айтқанда, әрбір кәсіподақ мүшесі өзінің құқықтарын қорғауда кәсіподаққа сенім артады. Сол сенімді ақтау – әр кәсіподақтың басшылары мен белсенділерінің басты міндеті.

Жайна ИЗКЕНОВА,
Қызылорда облыстық кәсіподақтар
орталығының бас маманы.

Жоба

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 20 ҚАҢТАРДАҒЫ № 824 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына және «Қазақстан Республикасындағы жергіктік мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 824 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде 4862 нөмірімен тіркелген, «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінде 2015 жылғы 14 ақпанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:
атадан қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесіне:
16-тармағының 20) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:
«20) медициналық және фармацевтикалық қызметпен айналысу, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызмет түрлері бойынша Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асырады»;
17-тармағының 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:
«2) Басқарма: заңды және негізделген шешімдер қабылдауға; қабылданған шешімдердің орындалуына бақылауды қамтамасыз етуге; жеке және заңды тұлғалардың Басқармаға жолдаған өтініштерін қарауға, олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларда және тәртіпін олар бойынша жауаптар беруге; жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыруға; қолданыстағы заңнамда қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті».
2. «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р. Кенжеханұлына жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкіміҚ.КӨШЕРБАЕВ.

ОЙТҮРТКІ

ӨЗ ӨМІРІН ӨЗ ҚОЛЫНДА, ЖАС ӨРЕН...

Бүгінгі қоғамда адамдардың өз-өзіне қол жұмсауы жайлы жиі естіп жатамыз. Әсіресе, мектеп жасындағы жеткіншектер арасында суицидтің белен алуы қорқыныш туғызуда.

Күні кеше күлімсіреп, айналасына мейіріммен қарап жүрген адам кенеттен көңіліне бұлт үйіріліп, реніш, үрей, сенімсіздік секілді құбылыс құрсауында қалады. Өзін ешкімге керек еместей сезініп, бойын күйзеліс билейді. Бұл жағдай ұзаққа созылуы мүмкін. Бұның соңы суицидке апарып соқтырады.

– Суицид – қоғамның дертіне айналып отырған күрделі мәселе. Ол жас талғамайды. Адам әр жас шамасында дағдарыстық кезеңге ұшырайды. Бірақ, ересектерге қарағанда жеткіншектер арасында кең етек алуда. Бұл жағдайға итермелейтін басты екі себеп бар. Ол материалдық жағдайдың төмен болуы, толық емес отбасы және ата-ананың балаға көңіл бөлмеу. Бала бос уақытында не нәрсемен айналысады, қандай түс, қандай тағам ұнатады деген қарапайым дүниелер олардың өмірінде маңызды рөл атқарады. Мәселен, 3-4 жастағы сәбилердің өзі компьютер ойындарын үлкендердің көмегімен пайдалана алады. Міне, осындай кезде бала қандай ойын ойнап отыр немесе кіммен сөйлесіп отыр деген сұрақ ата-ананы ойлантуы тиіс. Ал жасөспірім шаққа келгенде құрбы-досындай сырласу керек. Бәлкім, сонда мұндай қасіретке тап болмас едік, өмірін қиятын өспірімдер саны азаяр еді. Өлімге құмарту негізінен психиканың әлсіздігі, қорқақ және мінезсіз адамдар ғана сондай тірлікке барады деп жатамыз. Алайда, суицид ешкімді де сырт айналып кетпейді. Кейбіреуінде тұқым қуалайтын ауру болса, енді бірінде өзіне назар аударту мақсатында жасайды, – дейді №3 қалалық емхананың психолог маманы Раушан Өмірәліқызы.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, елімізде 100 мың тұрғынға шаққанда 53 кісі өзіне қол салып, қаза болады екен. Бұл – Орта Азия елдері арасындағы ең жоғары көрсеткіш. Әр үйдің қызығына айналып отырған, үміт күткен жеткіншегі өз қолымен ажал құшып жатса қасірет емей немене?!

Дін қызметкерлері суицид дертінің емі жүректегі иманда екенін айтады. Бұл пікірмен сіз де, біз де келіссек болар еді. Өйткені, өз-өзіне қол жұмсау – үлкен күнәлардың бірі. Ол тек адамға ғана емес, қоғамға да үлкен зиянын тигізеді.

Айгерім Нұрланқызы,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ студенті.

ДІН ЖӘНЕ ТІЛ

ҚАСИЕТТІ АЙ ШАРАЛАРЫ

“Ақмешіт-Сырдария” мешітінің ұйымдастыруымен қалалық “Нұр” мешітінде қала және аудан имамдарына арналған кезекті жиын өткізілді, оны орталық мешіттің бас имамы Талғат Омаров жүргізді. Жиынның күн тәртібінде қасиетті Рамазан айына дайындық шаралары, тұрғындарды оразаның шарттарымен таныстыру, ай бойына 30 қайырымдылық шараларын ұйымдастыру, Рамазан айының құрметіне шығармашылық байқау ұйымдастыру секілді біршама мәселелер қаралды.

ҚМДБ-ның облыстағы өкіл имамы Талғат Омаров қала және аудан имамдарына артылар жауапкершілік пен қасиетті айдың маңыздылығын жете түсіндірді. Сонымен қатар, ҚМДБ тарапынан болған тапсырмалар мен бұйрықтардың сапалы орындалуы қажеттілігіне тоқталды.

Бағжан АНУАШБЕКОВА,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ студенті.

ҚАРТТАРҒА ҚҰРМЕТ – БӘРІМІЗГЕ МІНДЕТ

Облыс орталығында екі жылдан бері Ардагерлер үйі жұмыс істеп келеді. Бұл ем үшін аябай тер төккен кешегі еңбеккерге бүгінгілер көрсеткен құрметтің бір парасы секілді.

Мұнда ҰОС ардагерлеріне, Батыр аналарға, тыл және еңбек ардагерлеріне, мүмкіндігі шектеулі қарияларға 7 бағыт бойынша қызмет көрсетіледі. Мәселен, медициналық қызмет бойынша әр демалушының денсаулығы жан-жақты тексеріліп, оған түрлі емдер қолданылады.

– Біз ардагерлерге барлық жағдайды жасауға тырысамыз, – дейді мекеме басшысы Жазылбек Төребаев. – Қарттардың өмірге деген белсенділігін арттыру мақсатында әркез «Жақсы адам – жарық күндей», «Жақсы мінез – жан айнасы», «Сұлу сөз жан сергітеді» деген тақырыптарда түрлі тре-

нингтер өткіземіз. Сондай-ақ мерекелерде концерттік бағдарламаны ем алушылардың өздері құрған ансамбльдер көрсетеді. Ардагерлер арасынан шыққан «Аталар» және «Нұрбибі» ансамблі – ұйымның мақтанышы. «Нұрбибі» ансамблінің құрамында Балбөпе Баймағанбетова, Ақайна Ізмағанбетова, Ұлтай Әмірбекова, Бейсен Бекенова, Ырысқұл Төлеуова, Роза Әбілқасымова, Күнсұлу Бекішова сияқты өнерпаздарымыз ардагерлердің көңілінен шығуға ұмтылады. Ал «Аталар» ансамблі облыстық «Қайран ерлер-қаһарман ардагерлер» фестиваліне қатысып, жүлделі орынды иеленді.

Мұндағы демалушылар арасында қолөнер кең қанат жайған. Олар тігін машинасы арқылы түрлі ою-өрнек, кесте, көрпеше, кию жұмыстарын өз деңгейінде атқарып, «Оудың бар сан түрі», «Кел, құрбым, ши тоқияқ» атты шаралар да өткізіп тұрады.

Ардагерлерге қызмет көрсететін асхана, керекті жиһаздармен толық жабдықталған. Демалушыларға күніне бір рет кешенді ас таратылады. Сонымен қатар оларды Қожа Ахмет Яссауи, Арыстан баб кесенелеріне айына бір рет апарып тұру әдетке айналған.

– Мен бұл Ардагерлер үйіне екінші рет келіп отырмын, – дейді 73 жастағы ардагер-теміржолшы Серіалихан Ахметұлы. – Былтырғы алған емімді жалғастырамын. Өйткені, мұнда екі жыл қатарынан ем алғандар аяқ, буын, арқа ауруларынан айығып кетіп жатыр. Дәрігерлер өз істерін жауапты атқарады, бізден емді толық қабылдауымызды сұрайды. Таңертең ертерек келіп, екінші қабатта орналасқан фитнес залында жарты сағат жаттығу жұмыстарын жасаймыз, онан кейін ем қабылдаймыз. Үш-төрт күнде ардагерлер ансамбльдерінің өнерлерін тамашалаймыз. Демалыс залын-

да шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ ойнаймыз. Сөйтіп жүріп бір күніміздің қалай өткенін байқамай да қаламыз. Ұжым жұмысы маған өте ұнайды, көңілімнен шықты, сондықтан бұл Ардагерлер үйіне айтар алғысым шексіз. Өзге демалушылар да өздеріне арналған осындай мекеменің барына шексіз ризашылығын білдіріп, баталарын жаудырып жатты.

«Қазынамызға айналған қарияларымызға көрсетілетін әлеуметтік қызметтерді алдағы уақытта одан әрі жандандырып, құрмет көрсету біздің басты парызымыз болып қала бермек». Бұл – Ардагерлер үйі ұжымының нақты тұжырымы. Біз соған сенеміз.

Бағжан АНУАШБЕКОВА,
Қорқыт ата атындағы
ҚМУ студенті.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА! УАҚЫТША ШЕКТЕУЛЕР ҚОЙЫЛДЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі «Автомобиль жолдары туралы» Заңының 18-бабына сәйкес ауа температурасы +25 С градустан асқан кезеңде жол төсемі бөлігінің бұзылуын болдырмау мақсатында жалпы пайдаланымдағы республикалық маңызы бар М-32 «Самара-Шымкент» автожолының 1240-2057 шақырымына бір белтемір білікке түсетін жүктемесі 9 тоннадан артық, А-17 «Қызылорда-Павлодар-Успенка-РФ» автожолының 12-216 шақырымына, «Қызылорда-Жалағаш-Самара-Шымкент» автожолының 0-91 шақырымына бір белтемір білікке түсетін жүктемесі 8 тоннадан артық автокөлік құралдарының қозғалысына 2015 жылдың 1 маусымынан 31 тамызы аралығында сағат 10.00-ден 22.00-ге дейін уақытша шектеу енгізіледі.

Халықаралық келісім бойынша халықаралық жүк тасымалы мен жолаушылар тасымалына, төтенше жағдайларды ескертуге және жоюға, тез бұзылатын тауарларға, қауіпті жүктерді тасымалдауға рұқсат етіледі.

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ, «Қазақавтожол» РМҚ Қызылорда облыстық филиалы.

2015 ЖЫЛДЫҢ 28 МАМАРЫНДАҒЫ МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕСЕПТІЛІК ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Аудан	Келіп түскен өтініштер саны	Орны
Қызылорда қаласы	293	1
Қармақшы ауданы	55	2
Жанақорған ауданы	48	3
Шиелі ауданы	21	4
Жалағаш ауданы	18	5
Қазалы ауданы	14	6
Сырдария ауданы	12	7
Арал қаласы	11	8
Арал ауданы	6	9
Қазалы қаласы	1	10

Қызылорда облысының қаржы басқармасы.

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ ОБЛЫС ТҰРҒЫНДАРЫ!

«ЖерҒӨО» РМҚ Қызылорда филиалы Сіздерге «Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу қызметі саласындағы мемлекеттік монополиялар субъектілері жүргізетін және (немесе) іске асыратын тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) бағаларын» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 27.03.2015 жылғы №265 санды бұйрығымен бекітілгенін және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылдың 28 сәуірінде №10864 мемлекеттік тіркеуден өтіп, кезеңді ресми баспалар мен «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйеде ([http://adilet.zan.kz / rus/origins/V1500010864 /infor](http://adilet.zan.kz/rus/origins/V1500010864/infor)) 2015 жылдың 22 мамырында ресми жарияланғаны жөнінде хабарлайды.

Қолданысқа ену мерзімі 2015 жылдың 02 маусымы.

АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІМЕН ЖҮК ТАСЫМАЛДАУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Көлік және коммуникация министрлігінің 2012 жылғы 7 маусымдағы №315 бұйрығына сәйкес 2015 жылдың 1 маусымы мен 31 тамызы аралығында уақытша республикалық маңызы бар М-32 «Самара-Шымкент» автомобиль жолына бір білікке жүктеменің шектелуі 9 тонна, А-17 «Қызылорда-Павлодар-Успенка» және Р-33 «Қызылорда-Жалағаш-Самара-Шымкент» автомобиль жолдарында 8 тоннадан асатын көліктердің, ауа температурасы 25 С жоғары болған жағдайда сағат 10.00-ден 22.00-ге дейін жүруіне шектеу қойылады.

Қызылорда облысы бойынша Көліктік бақылау инспекциясы.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Шайманова Эльмира Алматбековнаның атына Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Т.Көмекбаев ауылындағы №185 орта мектепті 2003 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ №1003409 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Жандилдаева Айдана Тұрғанбаевнаның атына Қызылорда облысы, Арал қаласындағы №83 орта мектепті 20.06.2008 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖОБ №0157407 аттестатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Сағымбаев Шерхан Райымұлының атына Қызылорда облысы, Қармақшы ауданындағы А.Жанпейісов атындағы №105 орта мектептің 9 сыныбын 2011 жылы бітіргені жөнінде берілген НОБ №0253891 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Базилова Алия Серикбаевнаның атына М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжін «Балаларға 3 жасан 10 жасқа дейін білім беру» мамандығы бойынша 2008 жылы бітіргені жөнінде берілген КОБ №0015567 дипломы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Байниязова Акира Дайрабаевнаның атына М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық училищесін «Мектепке дейінгі тәрбие және музыка қызметін ұйымдастырушы» мамандығы бойынша 1994 жылы бітіргені жөнінде берілген ОАБ №0035516 дипломы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Бердімұрат Нұрбол Дастанұлының атына Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Досбол би ауылындағы №155 Д.Шыныбеков атындағы орта мектептің 9 сыныбын 10.06.2009 жылы бітіргені жөнінде берілген №0444137 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Султанов Талгат Кенесбаевичтің атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, «Сәулет» тұрғын ауданы, 34 қарталына берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-001-4096, №0175126) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Елубаева Жанаржан Болатқызының атына Қызылорда қаласындағы №10 дарынды балаларға арналған облыстық қазақ-түрік лицей-интернатын 20.06.2013 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖОБ №0643988 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

КӨПШІЛІКТІҢ СҰРАУЫ БОЙЫНША АТАҚТЫ БАЛҒЕР ӘРІ ҚҰТҚАРУШЫ



Анна осыдан екі жыл бұрын басқа әйелге кеткен менің күйеуімді қайтарды. Бұл жағдай маған ауыр соққы болды. Өйткені мен өмірімнің жақсы жылдарын күйеуіме арнағанмын, оның үстіне үш баламыз бар. Анна күйеуімнің кетіп қалуын суретке және киіміне қарап алып тастады және үйді қалай сақтап, тазалау керектігін үйретті. Мен оның кеңесінің бәрін орындадым. Соның арқасында қазір күйеуіммен біргемін. Қазір бақыттымын, балаларымның қасында әкесі бар. Отбасымыздың шырқын бұзған әйел жалғыз әрі аурулы болып қалды. Анна сізге көп-көп рахмет.

Құрметпен, Әмина.



Кәсіпкерлікпен 7 жыл айналыстым. Өткен жылы түсініксіз жағдай болды. Табыс бірден түсіп кетті. Қиындықтарға ұшырап, денсаулығым сыр бере бастады. Бір

АННА

күні әйелім екеуіміз үйден бөтен әйел орамалы мен қара жіппен байланған ат шашының жұлымын тауып алдық. Аннаға бардық. Ол бірден картасын жайып, бізге дуа жасалғанын, содан табысымыздың азайып, жолымыздың болмай жүргенін айтты. Құтқарушы бізді тұмармен қорғануға үйретті. Осыдан кейін жағдайымыз жақсарып, жұмысымыз жүре бастады. Ісім оңға басып, табысымыз молая түсті. Сол үшін де Аннаға айтар алғысымыз шексіз.

Арсен.



Аннаның үйінде болып, оның кеңесін алып, оқыған тұмары мен әдістерінің арқасында күйеуім кез

келген әйелдің соңынан ермейтін болды. Қазір салмақты, маған және балаларына көп көңіл бөледі. Сондықтан да Аннаға шынайы ризашылығымды білдіргім келеді.

Диана.



Мәскүнемдікке салынғаннан кейін мен барымнан айырылдым. Ес жиганда бәрі де кеш болды. Ішуді өздігімнен қоя алмадым. Мені Анна құтқарды. Ол маған құпия әрекеттерді жасап, онан кейін өзімді қалай ұстау керектігімді айтып тұмар оқып берді. Содан бері ішімдікке еш зауқым жоқ, ол туралы ойламайтын болдым. Менің құтқарушы Аннаға алғысым шексіз.

Мирас.



Қазақстанның Халық еміштері ассоциациясы (19.03.15 ж. күні №056-К-сертификат)

Анна Сіздерді мамырдың 27, 28, 29, 30, 31, маусымның 1, 2, 3, 4, 5, 6 күндері сағат 10.00-ден 14.00-ге дейін мына мекен-жайда күтеді: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 30 (офиске Есенов көшесімен кіреді, Анна деген жазу ілулі тұрады, Болашақ аялдамасы).

Beeline тегін сөйлесуді ұсынады

Beeline Қазақстан «Лимитсіз Free Style» тарифтік жоспарын іске қосты, ол Beeline абоненттеріне бір шартты - теңгерімді аптасына 200 теңгеге немесе айына 790 теңгеге толтыруды - орындаған жағдайда, желі ішінде тегін қоңырау соғуға мүмкіндік береді.

Теңгерімді толтыру шартын орындамаған жағдайда және тарифтік жоспар әрекет ететін аймақтан тыс жерде желі ішінде тиімді құнмен, сөйлесудің екінші минутынан бастап 1 теңгемен сөйлесуге болады, бірінші минуттың құны - 9 теңге. Басқа операторларға қоңырау соғып, сөйлесудің бір минутының құны - 11 теңге.

«Лимитсіз Free Style» тарифтік жоспары Қызылорда облысының Байқоңыр қаласы мен Төретам, Ақай елді мекендерінің тұрғындарынан басқа тұрғындары үшін арнайы ашылған.

«Тарифтік жоспар ХХІ ғасырдың белсенді жандары үшін арнайы әзірленген.

«Лимитсіз Free Style» қол жетімді және қолдануға өте ыңғайлы. Енді клиенттер айына бір рет теңгерімді қажетті сомаға толтырып, желі ішінде тегін сөйлесе алады. Бұдан бөлек, абонент апта сайын тегін сөйлесуге қол жеткізу үшін теңгерімді толтыру кезінде таңдау жасау құқығына ие», - деп Beeline Қазақстан компаниясының Коммерциялық директоры Александр Комаров өз пікірін білдірді.

Бұл тарифтік жоспарда абоненттік төлем қарастырылмаған. Тарифтік жоспарға ауысу құны небары 50 теңгені құрайды. Ауысу пәрмені *593*120#.

Тарифтік жоспар мен қосу сұрақтары туралы қосымша ақпаратты www.beeline.kz ресми сайтынан немесе 06 06 102 нөмірінен алуға болады.



БИЛІК ПЕН ХАЛЫҚТЫҢ ДӘНЕКЕРІ



Республикалық қоғамдық-саяси «Президент және Халық» газетінің алғашқы саны 2005 жылы 27 тамызда шықты. Осыған орай Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың құттықтауында: «Мен Сіздердің газеттеріңіз әрдайым айтса - ақиқатты айтады, жазса - тек шындықты жазды, қоғамдық құбылыстарға ұдайы әділ бағасын береді, әрі мұны өз қызметінің қатаң қағидаатына айналдырады деген үміттемін. Басылымдарыңызда еліміздегі демократиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси өзгерістерді терең талдайтын, саралы да салықалы ойларға құрылған өмірін барынша байыпты бейнелейтін, оқушылар сүйіп оқитын тәрбиелік, тағылымдық, танымдық мақалалардың дәйім көп болуын қалар едім. Газеттеріңіз өзінің атына лайық билік пен халықтың арасында берік дәнекер болатын, Президенттің сөзін, ой-мақсатын халыққа, ал халықтың тілегін, мұрат-мүддесін Президентке жазбай жеткізіп тұратын қуатты баспасөз құралына айналады деп сенемін» делінген.

Газет өзі шыға бастаған 10 жылдың ішінде қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдары кеңістігінде өз орнын тапты. Басылым мемлекет дамуының тұрақтылығы, қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы, түрлі мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылу барысы, ұлтаралық, дінаралық татулық пен келісім, қазақстандық түрлі этностардың

қазақ халқының төңірегіне топтасуы, әлеуметтік ахуал мен ұлттық көкейтесті проблемалар, ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес, білім беру, тарих, әдебиет пен өнер және спорт тақырыптарына қалам тербейді.

Газет алғашқы санынан «Елбасы тапсырмасымен», «Көкейтесті», «Жанайқай», «Министр мінбері», «Депутат сөз алады», «Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу жолдары», «Тарихыңды таны», «Замана билеушілері», «Тұлға», «Атадан жеткен асыл сөз», «Кәсіпкерлікке - қолдау», «Жемқорлық - індет, індетпен күрес - міндет», «Кітап деген - қазына», «Бүгінгі заман ежелгі ойшылдар көзімен» тағы басқа тартымды айдарларды тұрақты жүргізіп келеді.

Газет бетінде министрлермен, облыс әкімдерімен, қоғам қайраткерлерімен, әдебиет, өнер, спорт салаларымен жүзделген сұхбаттар, материалдар жарияланды.

Жоғарыда айтқандай, республикалық қоғамдық-саяси басылым - «Президент және халық» газеті шын мәнінде билік пен халықтың дәнекері болып келе жатқан басылым. Газет 6, 8, 12, 16 беттік болып түрлі-түсті бояумен әр аптаның жұма күні жарыққа шығады.

Газеттің ғаламторда pr-hal.kz веб-сайты жұмыс істейді.

Жеке тұлғалар үшін газетке 6 айға жазылу бағасы бары-жоғы 1069 теңге 08 тиын болса, мекемелер үшін 1129 теңге 08 тиын. Газетке «Қазпошта», «Евразия-Пресс» байланыс орындары арқылы жазылуға әбден болады.

Еркін ӘБІЛ,
«Президент және Халық» газетінің
Қызылорда облысындағы
меншікті тілшісі.

АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ақпараттық-маркетингтік жүйесі арқылы күнделікті негізгі азық-түлік өнімдерінің бағаларына мониторинг жүргізіліп отыр. Жүргізілген мониторингтің нәтижесінде 29 мамырдағы бағамен ең арзан өнімдерді облыс аудандары мен Қызылорда қаласының төмендегі сауда үйлері мен базарларынан алуға болатындығын хабарлаймыз.

Қызылорда қаласы бойынша «Дәмді» әлеуметтік дүкендерінде күріш - 160, тауық еті - 400, жұмыртқа - 13, бөлке нан - 35, картоп - 80, сәбіз - 80, басты пияз - 80, қырыққабат - 100, арпа жармасы - 85 теңге, 1 сортты ұн 2850 теңгеден сатылады.

«Мирас» сауда үйінің ауласында орналасқан қоймада картоп - 90, жуа - 100, сәбіз - 80, қызылша - 100, қырыққабат 85 теңгеден сатылып жатыр.

Арал ауданы бойынша Арал қаласындағы «Алтай» базарының кәсіпкері С.Саяновтың дүкенінде кант 160, картоп - 65-75, жуа - 100, сәбіз - 110, қырыққабат - 100, жұмыртқа 13 теңгеден, ал «Қанағат» базарының жанындағы Н.Сапарбаевтың дүкенінде кант - 160, картоп - 90, жуа - 100, сәбіз - 110, қырыққабат - 100, жұмыртқа -13, күріш - 180, қарақұмық жармасы 180-200 теңгеден сатылады. Сонымен бірге, кәсіпкер Б.Қасымбаевтың «Бауыржан» дүкенінде кант - 146, күріш - 160, жұмыртқа - 13, өсімдік майы - 215, сары май 280-350 теңгеден.

Қазалы ауданы бойынша «Әлеуметтік сауда дүкен» күріш - 140, жұмыртқа - 15, картоп - 80, жуа - 85, сәбіз -85, қырыққабат - 70, қызылша 100 теңгеден сатылады.

Қармақшы ауданы бойынша «Бибінуір» базары мен «Жандос» дүкенінде картоп - 90, сәбіз - 90, жуа - 100, жұмыртқа - 13, кант 150 теңгеден болса, ЖК «Өмірзақов», «Қармақшы» СТК дүкендерінде 1 сортты бидай ұны 57 теңгеден сатылады.

Жалағаш ауданы бойынша «Ақниет» және «Қаракөз» дүкендерінде 1 сортты бидай ұны - 56, күріш - 150, кант - 140, жұмыртқа - 13, өсімдік майы - 230, жуа - 95, сәбіз - 100, картоп - 90, қырыққабат - 100 теңге.

Сырдария ауданы бойынша «Серікбол» дүкенінде картоп - 80, сәбіз -100, жуа - 90, қырыққабат - 70, кант -150, тауық еті - 410, «Коммуналдық» базарында жұмыртқа 13 теңгеден сатылады.

Шиеді ауданы бойынша «Ә.Шорабаев» базарында картоп - 70-80, жуа -80-90, сәбіз - 90, қырыққабат - 60, өсімдік майы - 230, кант - 150, жұмыртқа - 13, тауық етін 400 теңгеден алуынызға болады. Сонымен қатар, 1 сортты бидай ұны - 57 теңге.

Жаңақорған ауданы бойынша «Мағжан», «Занғар» және «Нұрасыл» дүкендерінде картоп - 85, жуа - 80-90, қырыққабат - 70, сәбіз - 90, тауық еті - 375-400, жұмыртқа 12-13 теңге болса, ЖК «Үсейінов», «Нұрәділ», «Сұңкар» дүкендерінде 1 сортты бидай ұны 57 теңгеден сатылса, «Нұр» базарында ет 1050 теңгеден сатылады.

БОКС

Жуырда Тараз қаласында даңқты боксшы, білікті банкер, КСРО спорт шебері, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген жаттықтырушысы, жерлесіміз Кеңес Омаровты еске алуға арналған бокстан жастар арасында халықаралық турнир өтті. Турнирге Жамбыл облыстық денешынықтыру және спорт басқармасы мен «Жамбыл» спорт клубы ұйытқы болды.

ДАҢҚТЫ ЖЕРЛЕСІМІЗ АТЫНДАҒЫ ТУРНИР



Жаксыбаев, Аманбек Тшанов, Валдим Присяжнюк, Юрий Цхай, Феликс Цой, Дамир Будибеков және басқа боксшыларды үлкен рингке алып шығып, 60-тан астам халықаралық дәрежедегі және КСРО спорт шеберлерін дайындаған.

2009 жылы республикалық спорт колледжінің директоры Аманбек Тшановтың бастамасымен өткен турнир белгісіз себептермен тоқтап қалған болатын. Ардада алты жыл өткенде «Жамбыл» спорт клубының директоры, кәсіпқой бокстан әлем чемпионы Марат Мәзімбаевтың ұйымдастыруымен аталмыш турнир жалауын қайта көтерді. Атақты былғары қолғап шеберінің айтуынша, Болат Жұмаділов, Болат Ниязымбетов, Бақтияр Артаев, Серік Қонақбаев сынды олимпиада чемпиондары мен жүлдегерлерінің талантын ұштаған, Жамбыл бокс мектебінің негізін қалаған даңқты банкер Кеңес Омаров атындағы турнирдің аясы кеңейтіліп, тұрақты ұйымдастыру көзделуде.

Бес күнге созылған турнирге көршілес Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан мемлекеттері мен республика аймақтарынан жүзге жуық боксшы қатысты. Жарыс қорытындысында 46 және 49 келі салмақ дәрежесіндегі бас жүлделер өзбекстандық Ф.Адумуродов пен қырғызстандық С.Жансейітов енісінде кетсе, 52 келіде қарсылас шак келтірмеген Оңтүстік Қазақстан оғланы А.Жүсіп алтынан алқа тақты. 56 келіде алматылық М.Болатовтың бағы жанса, 60 келі салмақ дәрежесінде Жамбыл облысының боксшысы Б.Сағындық бас жүлдеге ие болды. Жамбылдық А.Еділбаев жарыстың «Үздік боксшысы» атанса, «Жеңіске деген жігерлілігі үшін» жүлде Ш.Абдурасуловқа (Өзбекстан) берілді. «Үздік төреші» болып М.Умаров (Тәжікстан) танылды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер естелік сыйлықтармен марапатталды.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

КӨРКЕМСӨЗ ОҚУ ШЕБЕРЛЕРІНІҢ САЙЫСЫ

Облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен көркемсөз оқу шеберлерінің Оралхан Бөкей атындағы байқау өткізілді. Бұл шара мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, тіл мәдениетін көтеру, көркем әдебиетті насихаттауды жандандыру, халық арасынан талапты, талантты жастарды іздеп табу мақсатында ұйымдастырылды.

Байқауға облыстың барлық ауданы мен Байқоңыр мен Қызылорда қалаларының мектеп оқушылары, арнаулы орта оқу орындары мен халыққа қызмет көрсету саласы бойынша 16-22 жас аралығындағы 20 талапкер қатысты.

Байқау қорытындысы бойынша Қазалы ауданы №249 мектеп-лицей оқушысы Динара Нұрлыбай үздік деп танылды. Ал облыстың халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкері Несібелі Файзуллаева мен Қызылорда қаласындағы №10 мектеп оқушысы Азат Қаракеев одан кейінгі орындарды өзара бөлісті.

Байқау жеңімпаздары басқарманың дипломдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды. Жеңімпаз облыстық ішкі саясат басқармасының жолдамасымен қыркүйек айында Қазақстан халқы тілдерінің фестивалі аясында өтетін республикалық байқауға қатысады.

Ә.ТАЛАП.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
тел/факс 70-00-36

Сыр Медиа

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәли ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың
орынбасары 70-00-43

Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
өлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шиеді, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күнелігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

"Сыр бойы" облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертифицикатталған.

Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялығар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ"-ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 23354

Тапсырыс № 527

Электрондық оқылым - 21000